

Қосымша білім және тәрбие

Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru



Редакцияның мекен-жайы:

Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік. Жазылу индексі – 75289.

БҒМ РҚББОӨ

РУМЦДО МОН РК

Қосымша білім беру – білім беру менеджментінің сәтті дамыту мәселелері
Құрманалиева М.А......2

Музыкалық білім беру мен қазіргі музыкатанудың көкейкесті мәселелері
Дүненбаева Б.Б......4

Мәдениетте де білімді бүгінгі жастар – ертеңгі қоғамымыздың негізгі де сенімді тірегі
Абдрасилов Е.М......7

Жарқын болашақтың кілті – кемел білімде
Ақаев М.Т......8

Күй – қазақтың баға жетпес қазынасы
Алдибаева Ш.Т......9

Орындаушылық қабілетті дамыту
Алсаева Ә.Б......10

Домбыра аспабында орындаудағы әртүрлі әдістердің ойнау техникасын жетілдіру
Алтынбекова А.Н......12

Музыка, өнер мектептеріндегі сольфеджио пәнінің маңызы
Асқарбекова Г.М......15

Оқушы мәдениетін қалыптастыруда балалардың қызығушылығын, дарындылығын дамытуда қосымша білім берудің рөлі
Бабашева Г.У......17

Қымзы – тарихымыздың тамыры
Бағысбеков Б.М......18

«Бояулар күпиясы» шеберлік сыныбы
Баймухамбетова А. Т......22

Дослушивание звука. Ощущение движения и развития музыкальной ткани
Бакибаева С.Ж......22

Актуальность музыкального воспитания и обучения в системе дополнительного образования
Бейсбекова Ш.М......24

Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту
Бейсбекова С.А......26

Хор ұжымындағы дауыс жаттығулары
Беккадиева Л.К......28

Сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылықты дамыту
Бетебаева Д.С......29

Вокал сабағында негізгі ұстанатын ережелер
Болысбекова Б.А......36

Жарты ғасырлық тарихы бар мерей той
Даулетмуратова В.С......38

Өн айтудағы тыныс алудың ерекшелігі
Даулетхан Т......39

Әдәтүрлі ән айтып үйрену әдістері
Диниямов Д.М......42

О роли педализации и фортепианном звуке
Дрягина Л.Л......44

Развитие технических навыков на уроках фортепиано в младших классах
Дюсембекова С.О......48

Қосымша білім беру ұйымының бүгінгі таңдағы рөлі
Есболова Л.М......49

Түстер. Жылы және суық түстер (сурет салу сабағы)
Есенов Д.М......51

Жас ұрпақты тәрбиелеудің ең тиімді тәсілі
Жаңбырбаев С.Қ......53

Педагогтерге арналған «тасқа сурет салу «Петроглиф» шеберлік сыныбы
Жанибекова Б.Б......55

Қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби шеберлігін дамытудағы ғылыми әдістемелік жұмысты ұйымдастыру
Жаныбекова Р.Ж......59

Өнер - өмірдің кілті
Жұмашева Г.А......60

Заманауи өнер мен білім берудегі этномәдени дәстүрлер
Идырысова М.С......62

Қосымша білім беру жүйесін дамытудағы менеджмент пен инновациялық технологиялардың рөлі
Калиев М.К......64

Балаларға өнер мен білім беру арқылы дизайн және көркем шығармашылықты дамыту
Кашақбаева А.М......67

Здоровьесберегающие технологии на уроках ДМШ
Кизайбекова Б.А......69

Қосымша білім беру жүйесіндегі қашықтан оқытудың қиындықтары мен артықшылықтары
Ким Ж.В......71

Қазақ би қимылдарының орындалу техникасы
Койшибаева Г.К......73

Динадан жеткен күй-күмбір
Копжанова А.У......75

Іргелі білім ордасына – 45 жыл
Алматы облысы, Көксу ауданы, «Өнер мектебінің» ұжымы......77

Дара тұлғаны тәрбиелеуде музыка мен тәрбиенің рөлі
Куджеева Ұ.Ә......80

Формирование музыкально-компьютерных навыков будущих учителей в процессе творческой деятельности
Кусаинова А.А......81

Музыка независимого Казахстана
Қадырова Ә.Р......84

Өнер-өмірдің бір бөлшегі
Қарақожаева Т.Т......87

Туғанда дүние есігін ашады өлең
Құрманбаева А.Б......88

Қосымша білім беру жүйесін дамыту – білім алушыға көсіптік бағдар берудің тиімді жолы
Малайсарова А.Ж......88

Формирование эмоционально-волевых качеств у учащихся в процессе подготовки к концертному выступлению
Маханова Г.С......89

Балалар дауысын күйге келтірудің әдістері
Мейрманова А.К......92

Ықылас. «Жезкіт» шығармасын талдау
Мухановна К.А......93

Геометриялық фигуралардан құралған натюрморт
Омирғалиев А.Б......95

Фридерик шопен - планета музыки и знаний - творческий заряд
Орманбекова Л.Ж......99

Қосымша білім беруде мұғалімдердің кәсіби шеберлігімен қобыз аспабында ойнау техникасын арттырудың әдіс-тәсілдері
Отызбекова М.Б......103

Жас ұрпақты тәрбиелеуде рухани құндылықтардың алатын орны
Раева Б.А......107

Вышивка украинский из бусин
Староверова Д.В......109

Қосымша білім беруде қобызшы ықылас күйлері арқылы білім алушыларға рухани тәрбие беру
Танибергенова А.К......110

Домбыра аспабын үйретудегі бастапқы кадамдар
Темирова Қ.Н......113

Қазақ халқының дәстүрлі ән өнері
Тутқабеков Ж.С......120

Қосымша білім беру жүйесінде оқу үрдісін ұйымдастыру және басқару
Уалиева А. У......121

Өнерге баулыған орда
Ускембаева Ш.С......125

Организация пианистического аппарата в первые годы обучения в классе фортепиано
Эйбауэр Е.А......127

По страницам побед «методического вернисажа»
Хазимуллина З.Х......129

Активизация познавательной деятельности обучающихся на уроках русского языка и литературы
Хахаева Г.Д......132

Өлеңге танымал балет спектакльдері. П.И. Чайковскийдің «Аққу көлі» балеті»
Рамазан Ж......135

Навыки точного интонирования на уроках сольфеджио
Тацкина С.А......138

Өнерлі өрге жүзер
Қуанов Р.Ә......142

Ұлттық ою-өрнек – Сәндік-қолданбалы өнері!
Бияжанова А.С......144

Сабак өткізу және оның әдістері
Утебаева Т.Қ......146

Выполнение композиции «Декоративный натюрморт» в технике «Масляная графика»
Кузнецова Л.А......147

Использование информационных технологий в процессе обучения и воспитания творческой личности
Мағзамова Л.М......151

Народный танец и история его возникновения
Файзрахманова А.К......154

Роль дополнительного образования в развитии конкурентоспособной личности
Паламарчук И.Е......156

Оқыту үрдісінде көрнекіліктерді тиімді пайдалану
Шәмші Ғ.И......159

Меншік иесі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Нұр-Сұлтан қаласы)

Редакциялық кеңес:
Шер Р.П., редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР БҒМ РҚББОО директоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кеңесшісі.

Гончаров А.С., «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

Алтынбекова Ш.Д., Қарағанды қаласы «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» КМҚК директоры.

Мажитов М.К., Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

Ерубасева А.Ж., Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

Оразова Т.Б., ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

Сенгалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

Шығарумен жұмыс жасағандар:
 Бас редактор – Атажанова Л.А.
 Жауапты редактор – Салденбекова С.Д.
 Дизайн – Хұрмет К.Х.

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Кеңесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.
 Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.
Жазылу индексі – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ, СӘТТІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Құрманалиева Мәлдір Ахметжанқызы,
Алматы облысы білім басқармасының Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры



Қосымша білім беру менеджментінің негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тиімділігін арттыру. Модульдік басқару – оқу-таным үдерісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені.

Басқару – өте ежелгі тәжірибе болып табылады. Адамдар топтар мен ұйымдарға бөлініп, сол дәуірде бірігіп өмір сүре бастаған кезден басқару қажеттілігі пайда болады. Ерте кездегі Вавилонды, Египет пирамидаларын, Македонияны, Римді еске алатын болсақ, соның барлығы да үлкен үйлестіру, ұйымдастыру қызметтері арқылы жүзеге асырылып келді. Дегенмен, басқару- қызмет пен тәжірибе ретінде

өте ежелгі сипатқа ие болғанымен, ғылым және зерттеу саласы түрінде салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылады.

Біздің елемізде ХХІ-ғасырдың басынан басқарудың менеджменті ұғымы пайда болды. Менеджмент – адамзаттың басқару ісінің заңдылықтары мен өнімді әдістерін зерттейтін сала болып есептеледі. Әр ұйымды жүйе ретінде қарастыруға болады, ал басқару сол жүйе үшін маңызды феномен ретінде жоспарлау, жетелеу, үздігін өндіруге талпыну. Педагогикалық менеджмент – бұл қағидалардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, технологиялық әдіс жинақтарының қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқару.

Педагогикалық менеджмент анықтамасына қарап, кез-келген оқытушы оқу-танымдық үдерісінің менеджері екенін көреміз (оларды басқару субъектісі ретінде) ал, қосымша білім беру мекемелерінің басшысы – жалпы алғандағы оқу-тәрбиелік үдерісінің менеджері (осы үдерісті басқаратын субъект ретінде). Оқу-танымдық үдерісі менеджерінің еңбегінің нәтижесі оқушылардың білім алу, тәрбиелену және даму дәрежелері болып табылады.

Қосымша білім берудің басты құндылығы өмір бойы әрбір адамның қосымша білім алуға, өзін дамытуға бағытталған, шығармашылық қуаттылығын іске асыру қабілетін сыртқа шығару мүмкіндігін және қажеттілігін адамда дамыту болып табылады.

Қосымша білім беру менеджментінің негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тиімділігін арттыру. Оқу-таным үдерісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені. Қазақстан Республикасы қосымша білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басымдығы білім беру саласын дамытуды басқару, мониторинг жүргізуді жетілдіру болып табылады. Қосымша білім беру ұйымдарында нәтижеге бағытталған жоспарлау жүйесі енгізілді, ол басшылар мен педагогтерден басқару мен біліктілікті арттырудың жаңа машықтарын талап етеді. Педагогикалық менеджмент тұрғысынан осы қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің қызметі оқу-тәрбие, оқу-танымдық үдерісінің менеджері ретінде осы немқұрайлық пен шығармашылық арасындағы қарама-қайшылықты шешу болып табылады.

Инновациялық менеджмент дамуды басқару, өзгермелі жағдайдағы ұйымның тиімділігін жоғарлату мен сақтау үшін қажет. Жаңа өзгерістерді жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау. Сапаны басқару нарықтық бәсеке жағдайындағы ұйымның бәсекеге тұрақтылығын қолдау үшін міндетті болып табылады.

Нәтижеге бағытталған жаңа үлгіге көшу стратегиясын әзірлеу мен жүзеге асыру жөніндегі шешімдерді дұрыс таңдау үшін әрбір басшы стратегиялық менеджмент құралын қолдануы тиіс: талдау, баламаларын таңдауларды сараптай отырып, персоналдарды басқаруға ыңғайлы модульді басқаруды назарларыңызға ұсынамын.

Модульді басқарудың мақсаты: қосымша білім беру педагогтерінің білімдерін өзектендіру; мәселелерді көтеру және түсіндіру; педагогтердің ұсынылатын ақпаратты рефлексивті рәсімдер арқылы түсінуіне қол жеткізу; қол жеткізетін нәтижеге қызығушылығын ынталандыру; басшылардың жаңғырту жағдайында білім беру саласын реттейтін нормативтік құқықтық базаны меңгеруі; қосымша білім беру мекемесі жағдайында білім сапасын бағалау мәселелесін шешу.

Міндеттері: қосымша білім беру ұйымының демократиялық, құқықтық мәдениетін дамыту негізінде тұлғаның білім берушілік құқықтарын қамтамасыз етуге жағдай жасау; мемлекеттік-қоғамдық басқару механизмдерін дамыту және қосымша білім беру жүйесіндегі әрекеттестік есебінен азаматтық қоғамның қалыптасуына білім беру жүйесінің әлеуетін қолдану; дамуды басқару жүйесін сапалы жетілдіру есебінен инновациялық әлеуетін дамыту; біліктілік тәсілі ұстанымдарына негізделген жаңа білім беру мәдениетін қалыптастыру, белсенді өзіндік қызмет арқылы оқыту; жаңа басқару технологияларын дамыту; жаңа экономикалық үлгілерді ескере отырып, қаржы саясатын құру; менеджменттің заманауи технологияларын меңгеру негізінде басқару шешімдерін қабылдаудың тиімді үлгілерін меңгеру.

Модульді басқару бағдарламасы басшыларды стратегиялық басқарудың барынша сәтті заманауи әдістері мен технологияларымен таныстыруға және оларды қосымша білім беру ұйымының нақты жағдайына қарай өңдеуге мүмкіндік береді. Модуль бағдарламасы басшының жұмысын, ресми құжаттармен жұмыс істеуді ұйымдастыру мәселелеріне, ұжымды басқару мәселелеріне арналған. Мазмұны іс-тәжірибелік бағдарланған сипатқа ие, қосымша білім беру саласын басқарудың заманауи инновациялық менеджментінің теоретикалық негіздері мен нормативтік базасын қызметтік тұрғыда меңгеруге бағытталған. Қосымша білім беруді жаңғыртудың кез-келген бағыттары нормативтік құқықтық базаның сәйкес өзгерістерімен сүйемелденуі тиіс, ал олардың болмауы, кешігуі немесе қосымша білім беру ұйымы басшысының немесе басқару органы маманының оны білмеуі бірқатар сәтсіз салдарына әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан модуль қаржыландырудың заманауи модельдері туралы түсініктерін; атқарылатын жұмыстың барлық түрін ескере отырып, педагогтер еңбегінің ақысын төлеудің жаңа тәсілдерін; педагогикалық еңбек сапасы мен нәтижелілігін ынталандыру мәселелерін; автономды және бюджеттік қосымша білім беру ұйымдарының экономикалық қызметі ерекшеліктерін қалыптастыруға бағдарланған. Қиындықтар аймағы- жеткіліксіз деңгейі талдамалы жұмыс (қадағалау, жалпылау, салыстыру, жүйелеу). Жетістіктер аймағы – қосымша білім беру ұйымы басшыларының жаңғырту жағдайында дамытудың инновациялық іс-тәжірибелерін меңгеруі; педагогикалық инновацияларды енгізу; стратегиялық жоспарлау мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, мониторингтік жүйелерді әзірлеу; мониторингті ішкі басқару құралы ретінде қолдану; инновациялық даму үшін педагогтердің әлеуетін қолдану.

Модульдік басқару басшылар мен оқытушыларға мақсатқа жету жолында көптеген мүмкіндік береді:

- біріншіден, вертикальді бұйрықтық басқару әдісінен корпоративті басқару стилі негізіндегі горизонтальді кәсіптік ынтымақтастыққа жол ашады;
- екіншіден, әр тұлғаға даму мүмкіндігін береді, басшылар мен оқытушылардың мотивациялары арқылы ұйымның ішкі ортасы, яғни ұйым дамиды;
- үшіншіден, білім беру үдерісіне қатысушыларға жағымды психологиялық-педагогикалық жағдай туғызады.

Оған қажетті құралдар:

Басқару мәдениетінің компоненттері – технологиялық және тұлғалық-шығармашылық. Қосымша білім беру ұйымдарының басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді

шешу әдістері мен тәсілдерін меңгеруіне байланысты және олар мынадай үдерістер барысында байқалады:

- оқу үдерісінің, оқу жылының жүйелі бөлігі ретінде тәрбиелеу шараларының;
- оның тиімділігін анықтайтын жинақталған факторларды табу;
- оқу жылында жоспарланған негізгі бағыттардың мазмұны мен түрлерін нақтылау, әдебиеттердің мақсаттылығы және негізділігі;
- оқу жылының ішінде жүргізілген жұмыстардың, сабақтардың, тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелерін талдау;
- ұйымдастыру барысындағы кемшіліктер мен жетістіктердің негізгі себептерін нақтылау;

- жаңа оқу жылында атқарылған кешенді жұмыстарды жетілдіру және қорытындылау қосымша білім берудің қызметін ұйымдастырудың басты формалары болып табылады. Қорыта келе, білім беру менеджерлерінің маңызды функцияларын атап айтқан болсақ, олар:

- жобалау-жоспарлау функциясы;
- ақпараттық-сараптамалық;
- мақсатты-мотивациялық;
- ұйымдастыру-орындаушылық;
- бақылау және бағалау;
- коррекциялау функциясы.

Білім беру менеджментінің аталған функциялары орындалған жағдайда қосымша білім беру менеджері еңбегінің тиімділігі артып, нәтижесі көрінеді. Қосымша білім берудің басқару мәдениетінің технологиялық компоненті педагогикалық үдерісті басқару әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы басшы-менеджердің шеберлігіне байланысты.

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ҚАЗІРГІ МУЗЫКАТАНУДЫҢ КӨКЕҮКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дуненбаева Бакытгуль Бакбергеновна,

Алматы облысы білім басқармасының Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының директорының орынбасары



Аннотация: Музыка өнерінің мақсаты – өскелең ұрпақты терең ұлттық өнер қазыналарымен сусындату, дүниежүзілік үздік музыка өнерінің шығармаларына баулу, олардың әсемдік пен эстетикалық көзқарасын кеңейте отырып, оған деген аялы қатынасын орнату.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі қоғам дамуындағы жалпы адамзат құндылықтарына деген, адамның өзіндік дара қызметіне деген үндеуді сипаттайтын бүгінгі жағдайды айқындау болып табылады. Қалыптасқан әлеуметтік қоғам өміріндегі жағдай, іскерлік қасиеттері жоғары адамгершілік қасиеттерімен адамның адамгершілігін сыйлай білу үйлесімді келген тұлғаны қалыптастыруды міндеттейді.

Міне, осыған байланысты жеткіншектердің музыкалық білімі мен музыкалық тәрбиесі - әлеуметтік қоғам өмірінде маңызы арта түсуде.

Қоғам өмірінде жеткіншектердің музыкалық тәрбиесі мен білім алуында халықтың мәдени мұрасының, кәсіби музыка үлгілерінің ролы ерекше.

Музыка өнері – адамзат қауымының пайда болуымен бірге қалыптасып, қоғам дамуының барлық сатысында өмірлік мәні зор тәрбиелік қызмет атқарып, бүгінгі

күнге жеткен сарқылмас рухани қазына. Қоғамдағы мәдениеттің деңгейіне, өндірістік қатынастардың, өндірістік күштердің дамуына сәйкес, оның мақсаты мен мазмұны, сипаты, әдіс-құралдары, тәрбие формалары белгілі бір өзгеріске ұшырап отырды. Музыка өнерінің дамып, қалыптасуына жасалған ретроспективтік талдау және археологиялық мәліметтер музыкалық тәлім-тәрбиенің қоғам дамуының деңгейіне тікелей байланысты болғандығын дәлелдейді. Музыкалық тәлім-тәрбие адамзат қауымының түрлі іс-әрекеттерінде, ойын-сауықта, еңбек ету әрекеттерінде берік орын алып отырды. Ол қоғамның мәдениетін, әлеуметтік тәжірибесін жеткізудің құралы болуымен қатар, сол қоғамның дамуына, музыкалық білімнің жинақталуына, адамдардың өмір әрекеттерінің түрленуіне байланысты әлеуметтік категория ретінде өзі де үнемі дамып, қалыптасу үстінде болды. Музыкалық білім беру педагогикасы қоғам дамуымен біте қайнасқан өзіндік даму тарихы бар ғылым саласы. Аға ұрпақтың жинақтаған тәлім-тәрбие тәжірбиесі ұрпақтан ұрпаққа жеткізіле келе, қоғамның, мәдениеттің дамуына, әлеуметтік тәжірибенің бай қорының жасалуына ықпалын тигізді. Сөйтіп, өткендегі музыкалық білім беру тәжірбиесі және кейінгілердің оның дамуына жасампаздықпен өз үлесін қосып, белсенділікпен меңгеруі барысында бірте-бірте дербес ғылым саласы ретінде қалыптаса бастады. Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыка адам санасына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар - түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері. Әуен-саздың жеке тұлғаның дамып, қалыптасуындағы әсер-ықпалына адамдар өте ерте кезде-ақ назар аударған. Адамзат қоғамының дамуының ең алғашқы кезеңдерінің өзінде оны идеялық-психологиялық қару ретінде қолдана білген.

Музыкалық тәрбие ұғымы қоғамдық құбылыс ретінде кең және тар мағынасында қолданылады. Кең мағынасында алғанда ол музыкалық іс-әрекетте жинақталған тәжірибені педагогикалық ықпал ету негізінде кейінгі ұрпаққа меңгерту, жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ал тар мағынада түрлі деңгейде музыкалық тәрбие беру (жалпы және кәсіптік) мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекетті білдіреді.

Музыка – қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалдық сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы. Музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап үйрену, орындау жеке тұлғаның эстетикалық, эмоционалды-сезімдік, құндылықты сана-сезімін дамытып, қалыптастырады, әсемдікті қабылдап, сезінуге талпындырады. Ол эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты болып табылатын жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, эстетикалық идеясын қалыптастырады, болмыстағы құбылыстар мен өнер туындыларындағы әсемдікті саналы түрде қабылдай білуге үйретеді және өздік шығарымпаздық қабілеттерін дамытады. Адамгершілік тәрбие бүгінгі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер барысында ең басты көкейкесті проблемаға айналып отыр. Музыкалық шығармаларда өмір құбылыстарының сан қырлы бейнеленуі, поэзия мен музыканың өзара байланыста болып, бірін-бірі толықтыра келуі бала жанына жағымды ықпал етеді. Рухани қазынаның мөлдір бастау-бұлағынан жас кезінен нәр ала білген бала адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өседі. Сөйтіп, қоғамдық, педагогикалық маңызы жоғары адамгершілік тәрбие мақсаттарын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туындайды.

«Музыкалық білім беру педагогикасы» ұғымы - көптен бері қолданылып келе жатқан ұғым. Бұл ұғым көпшілікке музыкалық тәрбие беру саласында, соның ішінде білім мазмұны мен оқытудың әдістемесі белгілі бір педагогикалық жүйені құрайтын және сол музыканың өзі тәрбие құралы ретінде саналатын жалпы білім беретін мектептердегі музыка пәніне байланысты қолданылады. Сонымен бірге музыкалық білім беру педагогикасы түрлі типтегі музыкалық оқу орындарында (балалар музыка мектебі, балалар өнер мектебі, балалардың хор студиясы және т.б.) жүзеге асырылатын бастауыш музыкалық білім беру және осы саланың бірден-бір күрделі әрі маңызды сатысы колледждер мен консерваторияларда кәсіби музыкалық білім беру мәселелерін қарастырады. Кез-келген ғылым саласы сияқты, музыкалық білім беру педагогикасы әдіснамалық негіздерге сүйенеді.

Музыкалық білім беру педагогикасын теориялық және қолданбалы ғылым ретінде сипаттауға болады. Өйткені ол, бір жағынан, педагогикалық құбылыстарды баяндап түсіндірсе, екінші жағынан, музыкалық білім берудің міндеттерін шешуге бағытталған қалай оқыту және тәрбиелеу жолдарын қарастырады. Музыкалық білім беру педагогикасы теориялық жағынан дами отырып, музыкалық білім беру бойынша оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруді көздейді. Оған озық педагогикалық тәжірибенің, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларының мектеп практикасына ендірілуі мысал бола алады. Музыкалық білім беру педагогикасына болжам жасау функциясы қоғамның дамуының, мәдениет пен экономиканың, музыкалық білім беру саласындағы ғылыми-мәдени жетістіктердің даму тенденцияларына талдау жасау негізінде музыкалық білім берудің болашағын жобалауда көрініс береді.

Қазіргі музыкатанудың көкейкесті мәселелерін айтып өтсем. Бүгінгі таңда республикамызда болып жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық процестерде халықтың ұлттық сезімін оятады, тарихи мұраға аялы көзқарасты қалыптастыруды, жалпы адами сипаттағы факторларды дамытуды, жеткіншектерді ұлттық және жоғарғы музыка өнері арқылы патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстарын жаңартуды талап етеді.

Бүгінгі таңдағы балалар музыка мектебі әрбір мәдениет өкілдерінің балалары өз халқының мәдениетін меңгерумен бірге басқа халықтардың да музыка мектебінде мәдениеттік рухани азық алатын мекеме. Оқушылар әрбір мәдениеттің өкілдері бар қоғамда өмір сүретін болғандықтан, оларға барлық халықтардың музыка өнерінде көрініс алған, жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде де қарым-қатынас тәжірибесі қажет. Ал оқушылар болса әртүрлі ұлттардың балалары қарым-қатынаста болатын мектептердің өзіндік ерекшелігін ескере бермейді, ал оқу-тәрбие процесі ұйымдастыруда этикалық-педагогикалық қателер жібермейді, осыған байланысты оқушылар тарапынан оларға силастық азаяды, ал, бұл болса оқу әрекетінде жағымды себептердің қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Бұл жерде музыка мектептерінің мұғалімдерін ұлттық психологиямен оның ерекшеліктерін ескерумен бірге, кіші жас оқушылардың да эстетикалы, психологиялық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Сөзімді қорытындылай келе, тұлға дамуындағы өнердің орны, музыка – тұлға мағынасын білдіретін арна дегім келеді. Жастардың субмәдениеті және музыкалық өнер, балалардың музыкаға құштарлығы – уақыт. Уақыт өткен сайын жас ұрпақтың мәдениеттілікке, музыкаға, өнерге құштарлығын арттырып, олардың ниет-талаптарына қолдау көрсету біздің басты міндетіміз деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Музыка әлемі» №4, 2005жыл, №6 2007 жыл.
2. Р.Қ.Дүйсембинова «Музыкалық білім беру педагогикасы» Талдықорған қаласы, 2006 жыл.

МӘДЕНИЕТТІ ДЕ БІЛІМДІ БҮГІНГІ ЖАСТАР – ЕРТЕҢГІ ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ ДЕ СЕНІМДІ ТІРЕГІ

**Абдрасилов Ергали Мырзатайұлы,
Алматы облысы, Талдықорған қалалық балалар көркемсурет
мектебі басшысының міндетін атқарушы, Қазақстан
Суретшілер Одағының мүшесі**

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толды. Осы уақытқа дейін өте маңызды көптеген жақсы өзгерістер болды десем артық болмас.

Қосымша білім беру ұйымдарының жұмысына да жақсы жағдайлар жасалды. Біздің мектебімізді алатын болсақ, 43 жылда көптеген оқушылар бітіріп шығып елімізде, шетелдерде де жұмыс істеп жатқандары бар. Айта кетсек, Даутов Ергали Строганов атындағы (Москва) академияда ұстаз профессор. Алматыдағы Жургенев атындағы Академияда да ұстаз болып жүрген оқушыларымызда бар. Ең жақсы өзгеріс бұрын мектебімізде оқу бюджетпен қатар ақылы болған еді қазір толық бюджет қаражатынан қамтамасыз етілуде. Ата-аналар балаларын тегін оқытуға мүмкіншілік жасалды. Айта кетсек, биыл компьютерлік дизайн сабағына оқу бөлімінен ноутбуктер бөлініп сабақты жақсы деңгейде өткізуге жағдай жасалды. Келесі жылға да өз тарабымыздан оқу бөлімінің қолдауымен қажет сұраныс жасалды, мектеп жиһаздары, компьютерлермен оқу техникалық құралдар, методикалық плакаттармен толығады деп сенеміз.

Биылғы жылғы іс шараларды айта кетсек, Облыстық мәдениет және құжат бөлімінің ұйымдастырған Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен Алматы облысының құрылғанының 20 жылдығына арнап ұйымдастырған «Қалалық пленәрі» суретшілерге, педагоггерге, білім алушыларға үлкен серпініс берді. Әр суретші, педагоггер мен білім алушылар қомақты қаржы, сыйлықтар алып жұмыстары жоғары бағаланды. Ұйымдастырушыларға үлкен алғыс айтамыз. Мектеп педагоггері, білім алушылары да көптеген табыстарға жетті. Тәуелсіздігіміздің 30, Алматы облысының 20 жылдығына арналған «Алматы облысының Тіл дамыту Басқармасы» ұйымдастырған Республикалық сурет байқауында мектеп педагогі Нистор А.О., Бекбергенова А.С., Бакирова А.А., Абдрасилов Е.М., оқушыларымыз да қатысып өз үлестерін қосты, жүлделі орындар алды.

4 курстың оқушысы Айша Сабыржанқызы Мәскеу қаласында өткен халықаралық байқауда 3 орын алды, Болгарияда өткен байқауда 1 орын алды, жетекшісі: Бакирова А.А. Талдықорған жастар орталығының ұйымдастыруымен өткен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына, облысымыздың 20 жылдығына арналған көрмеге оқушыларымыздың жұмыстары қойылды. Мектебіміздің жас педагогі Нистор Аделина Олеговна Шымкент қаласында өткен Халықаралық суретші педагоггердің «Мәдени Мұра» атты симпозиумына қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін «Ең жас суретші педагог» номинациясы бойынша Дипломмен марапатталды.

Бүгінгі жастар, балалар – еліміздің ертеңгі тірегі болатынын ескерсек, білімді, мәдениетті, адамгершілігі мол тұлғаларды дайындауда біздің ұжым ұстаздарыда ат салысуда. Әр ел өзінің мәдениетімен, салт-дәстүрімен тарихымен, даналарымен танылатыны да белгілі. Ұжымымызда тәжірибесі мол талантты педагоггер де жоқ емес, олар: Дорохина Т.А., Байбеков А.И., Мырзатаева А.С., Мырзашева А.Ш., Борисенко Е.А., Найзабеков Б.Н., Амиев А.К., Гаврилюк Д.Н., жас педагог - Солтангазина Ж.Т. Әр педагог өз ісінің мамандары, оқушылары көптеген көрмелердің жеңімпаздары. Адам құқықтары, заңдылықты сақтау және Демократияға жәрдемдесу жөніндегі қоғамының ұйымдастыруымен өткен «Біз - коррупцияға қарсымыз!» атты байқауда «Мүсін» номинациясы бойынша Илимнур Аружан, плакат бойынша Кусаин Ясмин жеңіп алды, жеңімпаздарға қаржылай сыйлық берілді. Баланың бойына ұлттық әдеп ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сіңіре білу, бейнелеу өнері арқылы ұлттық, эстетикалық, рухани тәрбие берілу арқылы тұлға қалыптастыруда, суретші педагоггердің де шеберлігімен,

шығармашылығының, білімінің деңгейіне байланысты екені ескерсек үнемі ұстаздар білім деңгейін көтеретін семинарлардың, симпозиумдардың т.б. оқу шараларының көмегі мол.

Үнемі ізденісте болып шеберлігін шыңдайтын педагогтердің шәкірттері де білімдері жоғары болатынында күмән жоқ.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ – КЕМЕЛ БІЛІМДЕ

**Акаев Мурат Тлепбердиевич,
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысының балалар-
жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығының
директоры**



«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп ұстаздардың ұстазы Аристотель айтқандай, білім – біздің болашағымыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Ұлылық пен даналықтан тамыр тартқан дана халқымыз білімдінің мыңды жығатынын ескеріп «оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» - деген тағылымға толы өсиет қалдырған. «Ұлттық бәсекелестік қабілеті, бірінші кезекте білімділік деңгейімен анықталады. Ал білім дегеніміз – ол жаңа технология, осы заманғы инфрақұрылым, ол бәрінен бұрын отаншылдық сезім, Қазақстандық патриотизм. Қандай байлық болмасын, оның түбі сарқылатыны хақ. Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын, керісінше, еселеніп арта беретін бір байлық бар, ол – білім. Ал білім негізі – мектепте» - деген Елбасы Н.Назарбаев. Ел болашағын қалыптастыру – ұстаздар қауымынан басталады. Бүгінгі

жаһандану заманында, қоғамға жан - жақты жетілген, рухани бай, жаңа заман адамдарын тәрбиелеуді талап етіп отыр. Ұстаз – беделі білім сапасының негізі. Ұстаздардың алдында - «Мәңгілік ел» жалпы ұлттың идеяларын іске асыруда өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт дәстүрін, тарихын өнерін сүйетін, яғни мәдениетті адам жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр.

Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі, дамудың ең ілкімді темірқазығы. Оның ішінде білім саласын жаңғырту, адами капиталды дамыту. Рухани жаңғыру үшін адами капитал дегеніміз - бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қоғамдық дамуға үлес қосатын тұлға болу керек. Осы тұрғыда мемлекеттік білім беру саясаты, қосымша білім беру ісіне үлкен көңіл бөліп, зор міндетті жүктеуде.

Мектепте балаларға жалпы білім беріледі, ал қосымша білім беру орталықтары баланың шығармашылығын дайындап, қабілетін арттырады, жеке тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі - қосымша білім беруді дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, оқушылардың білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыр мақсатын орындауда, тәрбиелеу мен оқытудың жүйесі ретінде қосымша білім беруді қарастырды. Қосымша білім беру оқушының тұлғалық өсуі үшін жағдай жасайды, баланың бейімділігі мен өз қабілеттерін жүзеге асыруға көмектеседі түрлі білім беру қызметінің нысандары мен оқушылардың бос уақытының үйлесімін қамтамасыз етеді. Ертеңін ойлайтын, болашағын үмітпен қарайтын кемелі ел, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне, шәкірт біліміне ерекше назар аудара. Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Еркін ел ертеңі – кемел білім, кемел ғылымда.

Қазіргі таңда орталықта 14 қосымша білім беру педагогі жұмыс істейді. Аудан мектептерінен қосымша білім беру үйірмелеріне 480 бала тартылған. Орталық ұжымы туризмнің 9 бағыты бойынша жұмыс жүргізеді. Атап айтсақ, «Жаяу туризм», «Туристік көпсайыс», «Шаңғы туризмі», «Географ-өлкетанушылар», «Әдеби өлкетану», «Мектеп

мұражайының белсенділері», «Жас экскурсоводтар», «Жас экологтар», «Жас натуралистер». «Жалпы жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады» - деген Елбасының қағидалы сөзін тілге тиек ете отырып, орталық педагогтарының қосқан қомақты үлесін зор мақтанышпен айта аламын.

Біздің орталықтан Республикалық байқауларға 26 оқушы қатысып, 14 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Облыстық байқауларға 20-дан аса оқушы қатысып, 10 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Мамыр айында «Менің Отаным – Қазақстан» жас туристер экспедициялық жасақтарының облыстық слеті біздің Еңбекшіқазақ ауданында өтті. Бұқаралық туризмді дамыту мақсатында ауданымыздың 50 педагогіне семинар өткізіп, сертификаттар табысталды.

Жыл сайын аудандық кәсіподақтың қолдауымен ауданымыздың педагогтеріне көп күндік жорық ұйымдастырып тұрамыз. Биыл Көлсайға 16 педагогпен көп күндік жорық ұйымдастырдық.

КҮЙ - ҚАЗАҚТЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНАСЫ

**Алдибаева Шолпанай Тауыпалдиевна,
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті,
№1 Балалар музыкалық мектебінің домбыра сыныбының қосымша
білім беру педагогі**

Адамзат тарихының даму барысында қазақ елі әлемдік өркениетке не қосты? Әлемдік өркениеттен қазақтың алғаны көп, ал қосқаны бар ма? Бар. Ол – күй. Кәдімгі күй, қоңыр шанақ он тоғыз пернені бойлай тартылған қос ішектен тарайтын, жан-дүниені босатып, көзіңе жас келтіретін, рухтандыратын тамаша өнер. Ұлттық өнер. Бізде күй таза аспаптық шығарма ретінде дараланады. Оны айтпау керек, тарту керек.

А. Жұбанов барлық күйшілерді зерттеп, күйлерін сараптай келе, Құрманғазы мен Тәттімбетке тоқтайды. Неге? Себебі, олардың күйлері аспаптық жанр. Қазағымның күмбірлеген домбырасының шанағынан төгілген әуеннің айтары мол. Сөзбен айтып жеткізе алмас сыры да, көкірекке сыймас құлазыған көңілі де, шаттыққа толы қуанышы да, домбыраның жансыз тілімен ақ жүрекке жетеді. Құлан қуып қаза болған хан баласының қайғылы хабарын естірткен де «Ақсақ құлан» күйінің құдіреті. «Аман бол шешем, аман бол!» деп Құрманғазыны анасымен қоштастыратын да осы домбыра. Ал, жансызға тіл бітіріп, сөйлейтін сезім мен санаңды оятып, жүрегіне жеткізетін арқалы талант иелері – күйшілер.

«Мынау біздің ұлттық өнеріміз, мынау біздің күйіміз!» - деп әлемдік мәдениет деңгейінде мақтана аламыз. Құрманғазы қай кезде де домбыраны адамның тілімен сөйлеткісі келеді. Ол қазақ күйшілеріне тән құбылыс. Бірақ, әркімнің өз шамасы, өз құлашы бар емес пе?

Құрманғазы күйлерінің өткірлігі біздің заманның тыңдаушыларының жүрегінен орын ала кететіні – күйшінің өмір сүрген ғасырын сезінуінен. Құрманғазының «Сарыарқасы» тек күй деген форманың шегінде қалып қоя алмайтын шығарма. Мысалы: 5 сыныптағы «Дәстүрлі күйшілік өнер» тақырыбында Құрманғазының күйшілігі мен күйлеріне шолу жасай келіп «Сарыарқа» күйіне тоқталдым.

Алдымен оқушылар күйді жеке орындауда, сонан соң оркестрдің орындауында тыңдады. «Осы күйден нені аңғарасыңдар, күй сендерше нендей жайларды баяндап тұрғандай?» деп сұрадым.

Балалар: - Сарыарқадағы аттың белсенді шабысы.

- Күйден еркіндік сезіледі.

- Қазақтың ұшан-қиыры жоқ кең даласы т.б.

«Сарыарқа» еркіндік іздеген қазақ халқының жаны, тұлғасы, мінезі, сол халықтың

аузынан шыққан «жеңіс жыры».

Қазақтың өзге ұлттардан ерекшелігі де сол- қанында күйшілік бар. Басқа халықтарда да оркестр болды, бірақ күй болған жоқ.

1950-1956 жылдар аралығында Құманғазы атындағы оркестр гастрольдық сапармен Қытай халық республикасына бірнеше рет барып, концерттері жоғары бағаланып, үлкен шығармашылық жеңіске жетті. Қытай жерінде өткен сондай алғашқы концерттердің бірінде «Сарыарқа» күйі орындалғанда зал толы жұрт түгелдей орындарынан түрегеліп тұрып тыңдапты.

Осы жайға куә болғандардың айтуынша тыңдарман көпшілік қауымның күй басталғаннан-ақ орындарынан ұшып тұруы оны біздің ұлттық әнұранымыз екен деп түсінгендіктен болса керек. Құманғазы оркестрі «Сарыарқаны» орындағанда жан дүниенді ерекше күй билемей ме? Күй- сезім. Сөзбен жеткізе алмағанды күй айтады. Күй күдіреті домбыраның қос ішегі арқылы таралады. Домбыраның қасиеті осында. Басқа аспаптардың ешбірінде домбыраныкіндей тембр жоқ. Кемпірқосақтың бояуы қаншама сансыз болса, домбыра үнінің бояуы да сонша.

Күйдің өміршеңдігінің өлшемі уақыт талғамайды. Кезең, дәуір шаңдағында қалып қоймай, әр заманның рухани тілегіне сәйкес жоғары интеллектуалдық парасаттылығымен табындырып, өзгеше өрнегімен таразыланады.

Күй өнері – баға жетпес қазынамыз. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғаса береді. Ал домбыра – біздің ерекше байлығымыз.

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМУ

Алсаева Эльвира Болатовна,
Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы,
Саз мектебінің қосымша білім беру педагогі

Сабақтың мақсаты:

1) Білімділік аспектісі:

Оқушы бойындағы орындаушылық дағдыларды жетілдіру, ұштау, саусақтардың шапшаңдығын арттыру, шығармашылық ой-өрісін дамыту.

2) Дамытушылық аспектісі:

Музыканың көркемдік мәнін түсіне отырып, шығармаларды эмоционалды сезіне орындау дағдысын дамыту, музыкалық және эстетикалық талғамын қалыптастыру.

3) Тәрбиелік аспектісі:

Халық музыкасы мен классикалық шығармалары терең түсіне отырып, қабылдай және орындай алатын, музыка арқылы әсемдікті, сұлулықты сезіне білетін, ішкі рухани дүниесі бай, жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ноутбук, слайд, композиторлардың суреттері.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, баяндау, аспапта ойнау.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа сабақ.

4. Білімді бекіту.

5. Үйге тапсырма, бағалау.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

А. Сәлемдесу.

Ә. Сабақты бастауға психологиялық жағдай туғызу, оқушыны оқу әрекетіне дайындау.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

А. Ганон жаттығуын орындау.

Ә. Гаммалар: До, Соль, Ре мажор. Екі қолмен екі октавада орындау, аккордтар,

арпеджио.

Б. С. Майкапар. Пастушок. Орындау.

В. А. Гаврилин. Каприччио-жай темпте, аппликатураны сақтап ойнау.

Г. Снежинки- асықпай санап Legato-ға жалғастырып ойнау.

Жаңа сабақ. В. Гаврилиннің өмірі мен шығармашылығына тоқталу. (оқушы жауабына кезек беру).



«Каприччио» итальян тілінен аударғанда «Каприз», «кірпияз» деген мағынаны білдіреді. Шығарма жеңіл, ойнақы орындалады. Сол қолдың сүйемелін жәй оң қолдағы негізгі әуенді басымырақ орындау. Staccato-ны өте жеңіл, қысқа орындау. (Бейне көріністі көрсету).

«Снежинки» - Анастас Стоянов. 1854 жылы 23 тамызда Болгария мемлекетті, Шумен қаласында дүниеге келген. Алаш музыкаға баулып, тәрбиелеген немере ағасы Добри Войников және Михай Шафран. 1877 жылы 23 жасында Константинопольда Роберт колледжін бітірді. Бір жылдай осы қалада музыка мұғалімі болып қызмет жасады. 1895 жылы Шумен және Рус қалаларында «гусла» музыкалық қоғамын құрды. Ұлдары: Веселин Стоянов-композитор, Андрей Стоянов-пианист.



1938 жылы 8-мамырда Санкт-Петербург қаласында қайтыс болды.

Самуил Моисеевич Майкапар – Украинаның Херсон қаласында 1867 жылдың 18-желтоқсанында дүниеге келді. Ресей композиторы, кеңес дәуіріндегі пианист, Петроград консерваториясының оқытушысы, ұлты-караим. Шығыс Еуропаның түркі тілдес халқынан тараған сан жағынан аз этникалық топ.

Караим тілі – түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тобына жатады.

IV. Білімді бекіту. Тест.

1. «Каприччио» нендей мағынаны білдіреді?

- А) қуанышты, шаттана
Ә) кірпияз
Б) асықпай, байсалды
2. В.Гаврилиннің балалық шағына айтарлықтай әсер еткен оқиға:
А) әкесінің майданда қаза болуы
Ә) анасының түрмеге жабылуы
Б) Басқа қалаға қоныс аудару
3. Гаврилин «Русская тетрадь» музыкалық циклын кімге арнады?
А) анасына
Ә) қатерлі ісіктен көз жұмған балаға
Б) алғашқы ұстазына
4. Анастас Стоянов қай ұлттың өкілі?
А) Чех
Ә) Поляк
Б) Болгар
5. А.Стояновтың өнерін жалғастырған ұрпақтары:
А) С.Рахманинов
Ә) В.Стоянов, А.Стоянов
Б) Г.Стоянов
- V. Үйге тапсырма.**
1. Гаммаларды қайталау.
 2. Каприччио-әндетте, жеңіл, оң қолды басымырақ ойнау.
 3. Снежинки-жай темпте, Legato-ны барынша жұмсақ, жалғастыра орындау.

ДОМБЫРА АСПАБЫНДА ОРЫНДАУДАҒЫ ӘРТҮРЛІ ӘДІСТЕРДІҢ ОЙНАУ ТЕХНИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

**Алтынбекова Анар Нуртаевна,
Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Балалар шығармашылық және
жазғы демалыс орталығының домбыра сыныбы бойынша
қосымша білім беру педагогі**

Кеңес дәуірі қазақ музыка мәдениетіне үлкен серпіліс әкелді. Бұрынғы күйшілік дәстүрдің ғасырлар бойы еркін дамыған ғұрыптық жолы ендігі жерде басқа соқпаққа түсті. Байырғы күйшілік салт ноталық жүйеге ауыстырылды, барлық күйшілік үрдіске ортақ орындаушылық методика қалыптасты, бұл жағдай домбырашылықтың ноталық сауатын ашқанмен, күй мектептерінің дәстүрлі дамуына едәуір зардабын тигізді. Европалық нота жүйесінің домбыра меңгертуді жеңілдетуден басқа зияны жоқ еді, мәселе қазақы күй өлшемдерінің орыстың халық аспаптары үлгісіне ұқсастырылып, ықшамдалып нотаға түсуінде болды. Материал ретінде қолға бірден Батыс Қазақстандық күйшілік мектеп алынды. Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина күйлері түгелдей өңделіп тартылды. Түп нұсқасынан айрылған күйлердің ноталық жазбалары ендігі жерде тұтас бір оқыту жүйесінің іргетасын қалады. Соның себебінен жалпы домбыра өнері далалық егемендігінен лезде айрылды, әбжіл техника алға шықты. Бұған бірден алаңдаушылық білдірген А.Қ.Жұбанов «Өскен өнер» атты кітабында: «Күйшілердің репертуарындағы жүдеулік, бірін-бірі қайталаушылық бар екеніне байланысты айтылған сын да дұрыс. Шынында да, қазіргі күйшілердің орындаған күйлерінің бәрі шапшаң, бәрі асығыс. Музыка – өмір айнасы дейміз. Өмірде ылғый жүгіріп жүреміз бе?» - деген кейісін жазды. Содан күй дәстүрінің аспапта орындаудағы әр-түрлі ойнау техникасы жетіліп, орындаушылардың шеберлігі арта түсті.

Күй ендігі жерде басқа саладан саңлау тауып халық жүрегіне жол ашып, арнайы оқу орындарында жаңа дәуір талабына сай күйлер сәтті пайдаланылды. Бұған композитор Нұрғиса Тілендиевтің төккен тері адал. Ол көптеген киноларда («Қыз Жібек», «Көксерек»

т.б.) музыкалық көркемдеуші құрал ретінде халық композиторлары - Тәттімбет, Тоқа, Тіленді күйлерін өз орындауымен жазды, білікті домбырашы ретінде ескі шерттістің бар көркемдігі мен нақысын сақтады. Өзінің «Аққу», «Арман», «Әлқисса» күйлері арқылы күй дәстүрінің сақталуына барынша еңбек етті.

Нұрғиса Тілендиев (1925-1998) Жетісу күйшілік мектебінің өкілі, солай бола тұра Арқа мен Қаратау күйлерін асқан ыждаһаттылықпен меңгерген домбырашы болды. Тоқа күйлерін алғаш рет күйтабаққа жазды, Сүгір күйлерін оркестрге түсіріп, ел игілігіне айналдырды. Өзінің ұстазы – Латиф Хамидиге арнаған «Баламишка» күйі орындаушылықтың шырқау шыңы болып саналады.

Татар халқының әуенін қазақтың домбырасына салып, домбыра тарту техникасын жетілдірді, шертпе күйдің үніне бұрын-соңды болмаған жаңа тембір бере алды, соның нәтижесінде халықтың марапатына ие болды. Нұрғиса күйлерінің дәстүрлі орындау шеңберінен шығып сахналық- академиялық сипат алғаны рас. Солай бола тұра, оның күйлері Жетісу мектебінің өркендеуіне қосылған үлкен үлес болды. «Баламишка» күйінің орындау ерешелігі – сол қолдың мойынның үстінен алуы, оң қол қағыстары, домбыраны айналдырып жіберіп, шанақ бетін ұрып шертіп ойнау.

Баламишка



Өскенбай 1860 жылы Маңғыстау облысының Жетібай деген жерінде дүниеге келген. Ол сол кездегі Маңғыстау түбегінің даңқты күйшісі, аңыз бойынша қазақтың мың күйін жатқа тартқан нағыз қас домбырашының өзі болған. Сегіз жасынан бастан қолына домбыра ұстап, елдегі әйгілі күйшілер Есір, Жоламан, Лекер, Мылқайдар сияқты домбырашылардан өнер үйреніп, он жасында домбырашы бала атанады. Шебер орындаушы, дарынды сазгер Өскенбай өзінің өнерін бел баласы Мұрат Өскенбаевқа «ілгері жалғастыр» деп тапсырып, 1925 жылы 65 жасында қайтыс болады. Сөйтіп, Өскенбайдың күйлері бізге оның баласы Мұрат арқылы жеткен. Өскенбайды халық дарынды домбырашы, балаңдай әнші, ақын, құралайды көзге атқан мерген деседі. Өскенбайдың әншілік өнеріне байланысты туған «Бұлбұл Ақжелен» күйінің қалай емірге келгендігін академик Ахмет Жұбанов былай деп жазады: «Маңғыстауда Шолтаман, Тастемір, Досат, Тұрсын, Жылкелді, Өтеулі, Өскенбай - «жеті әнші», «жеті қайқы» болып аттары шығады. Бұлар жетеуі бірге жүріп, көбіне қосылып ән айтады екен. Ол заманда қосылып ән айту сирек болғаннан ба, тыңдаушылар бұларды аса қатты құрметтейді екен. Әрине, жеті кісінің қосылып бір дауыста ән айтуы әннің сапалық жағын сөзсіз өзгертеді, күшейтеді, әсерлендіреді, байыта түседі:

«Жиналып жеті әнші «желе» кеттік,

Бірігіп сәйгүлікпен елге жеттік.

Әншінің айдап жүрген түлігі жоқ,

Өнер мен мерекені ермек еттік.

Қосылып, өлеңдетіп, ел аралап,

Өнерді жасымыздан ермек еттік.

Keң қойын, шаршы төрден орын алып,

Өлеңнің бірден-бірін дөңгелеттік, - деп бастап, одан кейін жеке-жеке ән айтып, жүрген жерлерін сауық-сайран қылады екен. Өскенбай болса, бір жағынан домбырашы.

Бертін келе өз қабілеттері арқылы құрылған «ансамбльге» - «жеті әншіге» ескерткіш

болсын деп Өскенбай күй шығарады. Ол күйдің аты «Бұлбұл Ақжелең» болып кетеді. Кей жерлерде бұл күйді «Жеті бұлбұл» деп тартады екен. Бұл күйде Өскенбай әншілердің дауысына сырттай еліктеп, солардың сазын саламын деуден аулақ, күйшінің өз жанын қозғаған жаңалық - қосылып ән салуға арналған көңіл қуанышы сияқты...» дейді.

Күй тақырыбы соль ішегінде бір дыбысты 4-ші саусақпен басып тұрып, квинта, кварта, секста, септима, октава интервалдарын алу:

Бұлбұл Ақжелең
Жеңіл, жүрдек
Өскенбай



Осы сияқты әдемі үлгідегі күйлер Адайдан шыққан әйгілі домбырашы Құлшарда кездеседі. Күйші жолаушылап келе жатып ат басын бұрған үйдің қызы да, шешесі де асқан домбырашы болып кезіккен ғой. Алғашқыда «Күй дегенде күй таңдаймыз» деп менменсіп домбыра шерткен Құлшар, кешікпей-ақ қыз бен оның шешесінің қақпа қылына түсіп, қатты сасады. Себебі, қыз бен оның шешесі бір-бірінен асқан домбырашылар болса керек. Осынау тосын оқиғаның айғағындай болып, бүгінгі күнімізге «Қыз қамаған», «Кербез Керік», «Ат жортақ», «Кебіс қалған», «Сық-сақ» сияқты тамаша күйлері жеткен.

Кербез Керік



Қорыта келгенде, педагог сабақ өткізу барысында шәкірттеріне шығарма туралы ауызша ақыл-кеңес айтумен бірге, оны өзі жоғары көркемдік дәрежеде орындап та бере білуі керек. Сонымен қатар, ол езінің методикалық тәсілдерін педагогика-психология ғылымдарының, соның ішінде әсіресе, музыка педагогикасы мен методикасының озық жетістіктері негізінде үнемі толықтырып, байытып отыруға міндетті.

МУЗЫКА, ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ СОЛЬФЕДЖИО ПӘНІНІН МАҢЫЗЫ

Аскарбекова Гульбагила Мусабековна,
Алматы облысы, Талғар қалалық балалар
музыка мектебінің директоры



*Сольфеджио – музыкант оқитын
пәндердің ішіндегі ең маңыздысы.
И.И. Земсовский*

Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде музыкалық білім берудегі негізгі мәселелер ішінде музыкалық-теориялық пәндерді оқыту ерекше орын алады. Қазіргі кезде бастауыш кәсіби білім беру балалардың өмірдегі тұрақты өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететін дағдылары мен негіздерді дамытумен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Осыған байланысты оқу процесінде музыкалық-теориялық пәндердің әдістемесін дамыту, оларды жан жақты оқыту өзекті мәселе болып табылады. Музыка оқу мекемесінде музыкалық-теориялық циклдерге ерекше орын берілген. Оның ішінде сольфеджио пәнін оқыту арқылы музыкалық тілдің заңдылықтарын ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан игеру, музыкалық ойлауды дамытудың алар

орны ерекше. Сонымен қатар музыкалық білім берудің барлық тарихында музыкалық-теориялық пәндердің ішінде сольфеджио пәнінің орны айтарлықтай. Сольфеджио пәні қосалқы пәндердің қатарынан оқушының музыкалық дүниетанымын қалыптастыратын алдыңғы қатарлы пәнге айналды.

Сольфеджио пәнінің мақсаты түйсікті тәрбиелеу, тәжірибені меңгеру болып табылады және таңдаған аспапты әрі қарай танып білуге меңгеруге негіз болады. Керекті түйсіктің даму деңгейісіз музыкалық аспапты әрі қарай зерттеу мүмкін емес. Балалар музыка мектебінде сольфеджио мен музыка теориясы бірін – бірі өзара толықтырады және «Сольфеджио» деген бір пәнге біріктірілген, оқушылардың музыкалық ой өрісінің кеңеюіне әсер етіп, музыкалық қабілеттерінің (есту, ырғақ, ес) – дамуына, шығармашылық қабілеттерінің пайда болуына көмектесе отырып теориялық және тәжірибелік тұрғыдан сауатты музыкантты тәрбиелеуді мақсат етеді.

Сольфеджио пәнінің барлық элементтері өзара шартталып келеді, олар логикалық түрде бірін- бірі толықтырып бүтін бір жүйені құрады, пән негіздерінің бірі вокалдық интонациялық жаттығулар. Вокалдық интонациялық жаттығуларды әндету музыканы үйренуге, білуге зор әсер етеді. Интонациялық жаттығулармен жұмыс істеу әдістері:

- 1) Дененің дұрыс қалпы;
- 2) Сабырлы, күш салмай демалу;
- 3) Ән айтудың барысында бір уақытта дем алу;
- 4) Бірқалыпты демді алуға дағдылану және аз аздап музыкалық сөйлемдерге бөлуді

үйрету;

- 5) Таза интонацияны есту мен түсіну;

Ал бірдауысты сольфеджиоға арналған жаттығулар оқушының әуендік түйсігін дамытады. Барлық әндетулер бірдауыста беріледі. Бір дауыспен жұмыс жасау барысында әрбір мысалды талдап, түсіндіре отырып жұмыстың келесі жоспары ұсынылады:

1) Тональдікті, метрлік және ырғақтық ерекшеліктерді анықтау, мысалды музыкалық фразаларға бөлшектеу;

- 2) Мысалдың тұрақты сатыларын анықтау;
- 3) Мысалдың сатыларын есту және әндету;

- 4) Биік дыбысты түзуді аралықтар бойынша талдау, әрбір фразидағы әуеннің бағытын анықтау;
- 5) Сольмиздеу (ноталардың аттарымен ырғақтық суретті оқу);
- 6) Міндетті түрде дирижерлап сольфеджиолау;
- 7) Дауыстап және ішкінен әндетуді алмастыру;

Есте сақтауға дағдыландырудың тәсілдерінің бірі – әуендік диктант жазу. Әуенді диктантты жазғанда оқушыларды әуенді мұқият тыңдауға үйрету маңызды. Әуен алдында талданады. Талдау барысында әуеннің құрылымы, көлемі, тактілердің саны, олардың арасында ұқсастықтың болуы анықталады. Әуеннің қозғалысының қозғалыс сипаты түсіндіріледі: бірте-бірте жоғары немесе бірте-бірте төмен және тұрақты дыбыстар ма, кіріспе дыбыстар ма анықталып түсіндіріледі. Диктантты талдау барлық топпен жүргізіледі. Тек қана барлық топтың мүшелері әнді немесе әуенді сезінгенде ғана оны жазуға кірісуге болады. Диктант алдында түйсікті күйге келтіруге үлкен маңызға ие. Диктантты айына екі рет алу шарт.

Пәнді оқыту барысында метроырғақпен жұмыс алдыңғы қатарлы музыкант педагогтар З. Кода мен К. Орфтың және педагогикалық тәжірибеге кең қолданылатын буындық ырғақтар әдістерінің маңызы зор.

Ырғақтық жаттығулармен жұмыс:

- 1) Ырғақты суретті буындармен қайталау;
- 2) Ырғақты суретті шапалақтау;
- 3) Ырғақты сурет арқылы әуенді тану;
- 4) Әуенді ырғақтық сурет арқылы тану;
- 5) Әр түрлі өлшемде жұмысты жалғастыру;
- 6) Екі дауысқа бөліп ырғақты суреттерді соғу әдістерімен іске асырылады;

Қазіргі кәсіби музыкалық педагогикада дәстүрлі классикалық сольфеджионы оқытумен қатар қазақтың дәстүрлі ұлттық музыкалық өнерін түсіндіру, меңгерту, сақтап қалу және ары қарай дамыту мақсатында «Этносольфеджио» пәнін оқыту елімізде жүзеге асырылуда.

Этносольфеджионың оқушылардың біліміне, біліктіліктеріне және машықтарына қойылатын төмендегідей өз талаптары бар.

- 1) Қазақстанның барлық өлкелеріне тән дәстүрлерінің музыка үлгілерін таңдап және нота бойынша тұтас талдау жасау.
- 2) Төкпе және шертпе күйлердің үзінділерін сондай-ақ әндерді нотаға түсіру.
- 3) Дәстүрлі музыканы ауызша қабылдап, қайталап орындап беру дағдыларын қалыптастыру.
- 4) дәстүрлі жанрда суырып салу, білімгердің өз жанынан өзінің әуендері мен күйлерін шығару.

Қазақтың дәстүрлі ән, күй мұраларының сазын меңгертуге этносольфеджионың әдістемелік және методикалық принциптері арқылы асыл мұраларымызды оқушыларымызға меңгерту ізденімпаз жаңашыл теоретик – педагогтардың үлесінде екенін айта кеткім келеді.

Айналамыздағы қоршап тұрған табиғатты, қоғам өмірін бейнелейтін музыка тілін есту сезіну арқылы дұрыс жазып, оқып, түйсіну нәтижесінде музыканы меңгертетін сольфеджио пәнінің өнерді сүйетін, музыкалық мұраларды меңгерген, өмірге деген парасатты көзқарасы қалыптасқан жас музыканттарды тәрбиелеуде маңызы зор.

ОҚУШЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН, ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ

**Бабашева Гулшат Уалибайқызы,
Алматы облысы, Райымбек ауданы, Текес ауылындағы балалар
өнер мектебі директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары,
жоғары санатты баян және теория пәндері мұғалімі**

«Өнерлінің өрісі кең» дейді дана халқымыз! Сондықтан да болар ұрпағының бойында жылт етіп көрініс берген қандай да болмасын өнерді өркендетіп, өміріне өзек етіп жіберуге құштарлығы артып тұрады. Ал, сол тұлғалық болмысы қалыптасу сатысындағы, бойында тәңірі тарту еткен талантты үшқындаған жас өркеннің жаңа бір қырының жаңғыруында «Текес ауылындағы балалар өнер мектебінің» алатын орны ерекше! Аталмыш білім ордасы 1989 жылдан бері қарай өнерлі өрендерді өнердің сан түріне баулып келеді.

Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық дамушы құрамды бөлігі болып табылады. Ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық, еркін дамуды қалыптастырады балалармен жұмыс істеу мазмұны әдісімен формалары үнемі өзгерісте болады педагогтік авторлық шығармашылығы позициясын дамыта алады.

Мектебіміздің мақсаты: Қосымша білім беру жүйесін толыққанды ұйымдастыруға, оқушылардың сапалы қосымша білім алуына, тұлға болып дамуына, әлеуметтік және кәсіби дамуына ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды ғылым мен тәжірибе негізінде олардың мүддесіне, талаптарына, қабілеттеріне, икемділігіне және таланттарына қарай дамытуды анықтау жолымен тәрбиелеу үшін қажетті жағдай жасау. Міндеттері: Біртұтас білім кеңістігін құруға, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, жұмыс формасын, мазмұнын, әдістерін анықтау, қосымша білім беру жүйесіне оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыруға арналған шығармашылық қызмет түрлерін кеңейту.

Ол әлеуметтік тұрғыда да қажет, жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытуды негізгі үйлестіруші білім жүйесі ретінде, қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар аударуды және қолдауды қажет етеді.

Барлық мектептен тыс мекемелердің мақсаты-балаларды әсемдік әлеміне, мәдениет жетістіктеріне тарту, тұтас алғанда шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамыған жеке адамды адами құндылықтар негізінде, тәрбиелеу болып табылады.

«Текес ауылындағы балалар өнер мектебінде» әр мектептен келген, талай жасөспірімдер білім алып жатыр. Өнердің бірнеше толқын өкілдері ұядан қияға самғады. Олар ұлттық өнердің қыры мен сырына баулитын шаңырақ табалдырығынан өз қалаулары бойынша дәстүрлі ән, домбыра, қобыз, фортепиано, баян, сияқты аспаптардың сиқырлы сазын меңгере, хореография, көркемсурет класы бойынша әсемдікке, эстетикалық талғамға үйренуде, сөз өнерінің қыр- сырын меңгеруде жыр, шешендік өнер сыныбы, актерлық шеберлік сыныптары жұмыс жасайды.

Мектепте 251 оқушы, 25 педагог 12 түрлі мамандық бойынша жұмыс жасайды. Мектеп 6-едді мекеннің оқушыларын қамтып отыр. Мектепте оқу бағдарламасымен сапалы білім беруде мектеп мұғалімдері мен оқушыларының табысты жетістіктері жетерлік. Атап айтсақ, мектеп шәкірттері 2020-2021 оқу жылында қазіргі жағдайға байланысты қашықтықтаңда штаттық режимде сабақ өту барысында барлық ұстаздар өз мүмкіндіктерін пайдаланып жағдайдан шықты. Әрбір ұстаз қашықтықтан байқауларға қатысты.

Қашықтан және штаттық режимде сабақ өту барысында ата-аналармен бірлесе отырып бұл мүддеден де шықтық. Ата-аналарға алғысымыз шексіз. Шынында да қосымша білім оқыту ғана емес, тәлім-тәрбие берудің таптырмас құралы. Өйткені, ол баланың мектептегі білімін дамытып тереңдете түседі, бос уақытын өнімді әрі тиімді пайдалануға

үйретеді, өзінде бар шығармашылық қабілетін жетілдіреді.

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі Ұстаз. «Ұстаз» деген қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Алғаш ұстаздықтың қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниені нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алары анық. Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Сол жанның бірі: 2013-2021 жылдар арасында мектеп директоры болып басқарған Иманғазиева Клара Әубақырқызы жоғары санатты, дәстүрлі ән сыныбының педагогі және осы өнер ошағында 30- жылдан астам уақыт жинақтаған іс- тәжірибесін әңгімеме арқау еткім келеді. Шәкірттерін деңгейлеп оқытуда және қабілеті мен талантын тани білуге барын салуда тәжірибиелерімен бөлісіп жүрген озат ұстаздар бар.

Оқу-ісі жөніндегі орынбасры Бабашева Кульшат 1992 жылдан баян және сольфеджио класына сабақ береді, ал тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нүсіпбекова Күлиза 1989 жылдан домбыра сыныбынан сабақ беріп жүріп еңбегі еленген және тәжірибиелі үлгілі ұстаздарға айналған жандар.

Бүгінде өркениетті елдердің озық тәжірибесі мен жаңашыл бағытын зерделей отырып, ауыл мектебі де өрге ұмтылып өнерін ұштауға ден қоюда. Осы тұрғыда өнер мектебінің ұстаздарының жаңашыл, прогресшіл жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруге деген ықыласы қуантады.

Мектепте ұстаздардан құрылған «Ақтолқын фолькларлық» Халық ансамблі жұмыс істейді. Бұл ансамбльдің негізгі репертуары жергілікті күйші Қожеке Назарұлының шығармаларын қамтиды. 2001 жылы осы ансамбль орындаған Қожекенің «Ақтолқын» күйі, атақты Құрманғазы, Отырар сазы оркестрлерінің шығармаларымен бірге, шетелдіктерге сыйға ұсынылатын компакт дискіге кірген болатын. Ансамбль Райымбек ауданының айнасы десе болғандай, барлық мерекелік шаралар біздің ансамбльдің қатысуымен өтеді.

Қазақ ұлтының мол мұрасы мен заманауи музыкасын астастыра әлемдік деңгейге көтеруде шалғайда жатқан өнер ордасы да үлес қосуды басты мақсат тұтады. Білім кеңістігінің кеңейіп, шетелге шығып, әлемдік музыка құндылықтарын танып-түсіну бүгінгі өзгермелі өмірде қол жетімді бола түсуде. Бұл дегеніміз – бала танымының кеңге құлаш жаюына жол ашады.

Қазақ өнерін әлем төріне шығаруға ден қойып осы бағытта жұмыс істеуді әр ұстаз өзіне міндет етіп қоюы уақыт талабы.

ҚЫМЫЗ – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРЫ

**Бағысбеков Бауыржан Маликович,
Алматы облысы, Талғар қаласы, Облыстық жас табиғаттанушылар
станциясының директоры**

*«Егер ұлттың өзінің тарихи тағамы
жоғалатын болса, ол ұлт ауруға ұшырайды»
Шығыс гұламасы әл-Фараби*

Жас ұрпаққа тәрбие берудің алуан түрлі сырлары болса, оны жүзеге асырудың да алуан түрлі жолдары бар.

Әсіресе жас ұрпаққа, бүгінгі күні өмір талабы экологиялық тәрбие беру аса маңызды.

Айналадағы ортада болып жатқан өзгерістердің нәтижесі орны толмас өкінішке қалдырмас үшін, табиғат тазалығын сақтап қалатындай деңгейдегі экологиялық сауат

бүгінде аса қажет. Туған табиғатына деген сүйіспеншілік сезімді ерте ояту ісі практикалық жұмыстар арқылы, мысалы: жылқы жайылымдарын көру, онда өсетін шипалы өсімдіктермен танысу, бие сауу, қымыз ашыту істеріне өздері араласып көру, жылқы туралы аңыздар, қиссаларды оқу.

Адамзаттың қымбат қазыналарының бірі – халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы. Қасиетіне кір жұқтырмай, тектілігін сақтаған киелі жылқы малы мен олардың шипалы қымызын дәріптеу, ұрпақ санасын толықтыруы анық, оларды әрі қарай өмірден өз орнын тауып, елжанды азамат болып қалыптасуына алғы шарт болары сөзсіз.

Қытай философы Лас Цзы «Не жесең соған ұқсайсың» деген екен. Тектіліктің де асыл тетілігі ұлттық тағамда болса керек. Әрбір қазақтың бойындағы асыл мінез, асыл текті жылқыдан, асқан бір байыптылығы қой етінен келген болар.

Қымыз – біздің ұлттық тағамымыз ғана емес, тарих топырағындағы «қазақ» дейтін ұлттың алып бәйтерегіне нәр беруші бұлақ көзі. Қымыз деген ас – қазақтың әлем өркениетіне қосқан үлесі.

Осындай көптеген деректер арқылы «төл» тағамымыздың қадірін жете түсінгенімізбен қоса, ең маңыздысы – тарихымыздың тым тереңде жатқанына көз жеткіземіз. Шын мәнінде ұлы дала ұрпағы екеніңді ет жүрегіңмен сезінесің.

«Ер қанаты – ат» еді

Жақындатқан алысты

Жарауы келсе жануар

Қыздырған бәйге, жарысты

Ерін басқа жастанып,

Айылыңды босатпай

Ерлер мінген намысты

Қадіріңді кеш біліп,

Тарихыңмен бұл қазақ

Кеште болса танысты - деп жылқыға арналған айтыста осылай толғаныпты.

Қазақтай көреген халық қайда бар... ат болатын құлыңды желісінен таниды, желдей ескен жүйріктің екпінінен шамалап, тұлпарды тұрқынан, Сұңқарды сұрқынан таныған ғой!

Кезінде ердің серігі болған, қайшылып шапқанда, тұяғының тиген жері ор боп қазылып, жанарынан от шашып үйірін қасқырға бермеген небір айғырлар жайлы аңыздар бар.

Ол ол ма? Соғыс жылдары қазақ даласынан майдангерлерге апарған текті жылқылардың туған өлкесіне қайтып келгені туралы тарихи оқиғалар әлі күнге ел жадында.

Сейітбаттал мінген сары атты,

Қарабек мінген қара атты,

Ерқосай мінген торы атты,

Қамбар мінген қасқа атты,

Ертарғын мінген тарланды,

Алпамыс мінген шұбарды,

Ақан мінген құла атты,

Қабанбай мінген қу басты.

Міне бұл жылқылар Күренбайдай сыншылардың сөзіне шалынған. Қыл құйрығы мен жалы қобызға ішек және қылы арқанға жараған, еті мен сүті адам денсаулығына зор тағам болған, қасқа тістері күректей жануарды бүгінгі қазақ әлі толық біле алмауда...

Жалпы қазақтың жаны малмен бірге болған, әлі де солай болады. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» дейтіні сондықтан. Төрт түлікті өрбітіп, 90 мың жылқы айдаған дастандардағы Қарабай мен Байбөрілер туралы аңыздарда, тіпті малының көптігінен суатқа түскенде өзен – көлдердің суы сарқылыпты деген аңызбен, қиссаларды тыңдап өстік, енді міне сол аңыздар шындыққа айнала бастады. Елімізде 19 жылқы заводы асыл тұқымды жылқы өсірумен айналысады, жылқының 15 тұқымы аудандастырылған. Республикамызда «жылқы шаруашылығын өркендету және жылқы өнімін арттыру» жөнінде арнайы қаулы қабылданды. Жылқы өсіру заводтарынан басқа 45 асыл тұқымды жылқы фермалары да айналысады.

Жылқы ежелден халық сүйген қасиетті жануары, оны өте жоғары бағалап «Малдың

патшасы» санаған.

Ғасыр жасаған бабамыз Жамбыл атамыз айтқандай, қымыз тек шөл қандыратын сусын ғана емес, оны ішкен адамның денесіне күш – қуат береді, ерекше дәмді, құнарлы, адамның жан – сарайын ашатын, хош иісті, өте сіңімді сусын. Оның бұлай болуы, жылқы жануардың өзіне ғана тән асыл қасиеттерінен болса керек, әрі жаз тойы «қымызмұрындық» атауы да осыдан болар.

Ғалымдардың пайымдаулары

Ғалымдардың пайымдауынша, бие сүтінің құнары ана сүтімен тең екен. Қымыздың құрамындағы «с – дәрумені» сиыр сүтімен салыстырғанда 10 есе көп. Төрт түліктің ішінде жылқы сүті ғана осы қасиетке ие. Шығыс ғұламасы әл-Фараби бабамыздың «Егер ұлттың өзінің тарихи тағамы жоғалса ол ұлт ауруға ұшырайды». Расында төл тағамсыз бір халықтың өсіп өнбейтіні, көктеп жетілмейтіні айдай ақиқат.

Биология ғылымының докторы, профессор Зулхайнар Сейітович Сейітов былай дейді: бұл табиғи сусын қымыз ерте кезден ақ белгілі. б.э.д V -ғасырда грек тарихшысы Геродот айтқандай скифтер құпиясын жасырған. Арғы ата-бабаларымыздың ашқан жаңалығы екен, қымыз 25-ғасыр бұрын белгілі болған сусын.

Қымыз жайлы 18-19 ғысырларда орыстың медициналық журналдарында көшпелі елдің жаңалығы басылым көрген. Ұлы орыс жазушылары Л.Н.Толстой Самара даласында ал А.П.Чехов санаторийде қымызбен емделген. Қымызбен емдейтін алғашқы санаторий 1858 - жылы қазіргі Куйбышев қаласы маңынан ашылған. Қазақстанда қымызбен емдейтін емхана 1910 - жылы Бурабайда ашылды.

Қымыз – қазақтың адал асы, оның құрамында 28 микроэлемент және А.В.С.В12, РР дәрумендері бар.

Қымыздың емдік қасиетіне тоқталсақ ол – құрт ауруна ем,

Өкпе ауруын емдейді

Иммунитетті күшейтеді

Бүйрек пен бауырдың қан тамырларын тазартады

Қан тамырларының беріктігін арттырады

Зат алмасу процесін жақсартады

Тамырларды қордаланған зиянды заттардан тазартады.

Адам өмірін ұзартады

Гемоглобин синтезіне әсер етеді

Буын ауыруларын емдейді.

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалы дастархан дәмінің бірі. Жаңа сауылған бие сүтін сүзгіден өткізіп, жылы кезінде күбіндегі саумалдың үстіне құяды. Міндетті түрде 30 – 40 минут піседі. Алғаш рет қымызды ашығанда қордың үстіне құйылады. Қор дегеніміз – ескі қымыз, ол жақсы ашыған қымыздың саба түбінде қалатын арнайы сақталған сарқыны. Осы сусындық ас жайында талай әдеби шығармаларда көрініс тауып, салтанаты жарасқан қонақжайлылықты, молшылықты әспеттейтіндей. Осындайда әжелеріміздің тобылғымен торсығын ыстап, күбінде күмп – күмп пісіп ашытқан сары қымызы еске түседі.

Ал халқымыздың осы бір құнарлы сұйық дәмге деген көзқарасы сөз зергері Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» атты шығармасында «...Тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес ау, құт сорғалап, көнек – көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз. Шара – шара шыпылдайды. Бір шара ішкен адам беті шиқан дуылдайды, мас болады, жас болады, жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүрсідетіп таудың тасын күтірлетіп, көкпар, алыс – жұлыс асыр салып жатқаны» - деп жырлайды.

Қымыз туралы осыдан озып не айтуға болады?!

Түркі халық этнографиясын зерттеуші Л.Потапов: «Қымызды ойлап тапқан – көшпенділер, себебі нағыз көшпенді тұрмыс шыдамды да, жүріске мықты жылқы өсірумен байланысты болды.»

Орыстың белгілі ғалымы В.И. Дальдің пікірінше: «қыстан жүдеп шыққан адамды әрлендіретін және қанша ішсе де тәбетін қайтармайтын қымыздың орнына жүретін сусынды ойлап таба қою сірә, қиын шығар» - дегені қазақтың ұлттық сусынының бағасын еселеп, бәсін арттырады ғой!

1253-жылы Француз саяхатшысы Вильгельм Рубринаста Орталық Азияға сапар

шегеп, жол-жөнекей қымыз ішкенін айтып әрі қымызды ашыту жолдарын, дәмін, адам ағзасына оның ішінде несеп бөлуге әсер ететінін анықтап тұрып жазған.

«Биенің сүті сары бал, қымыздан асқан дәм барма?!» - деп Ақтанберді баба жырлаған ұлтымыздың адал асы, қымыздың қасиеті осындай!!!

Жамбыл ағамыз: «Ауруға ем, сауға қуат, дәрі – қымыз» - дегендей қымыз дертке шипа денеге күш. Қымыз ерекше дәмді құнарлы адамның жан сарайын ашып, зауқын келтіретін хош иісті өте сіңімді сусын.

Қымыздың бұлай болу себебі: жылқы жануардың өзіне ғана тән асыл қасиетінен. Адымы кең, өрісі ұзақ сәйгүлік саңлақтар қазақ даласының кең байтақ жайлауын емін – еркін деп, дәмдіден – дәмдіні, қоректі мен құнарлыны ғана тереді, өсімдіктің шырайлысын ғана үзеді. Сөйтіп кең даланың сан – алуан гүл – бәйшешектерімен мың түрлі дәрі – дәрмекті шөптерінен жылқы жарықтық адамға шипалы жұғымды заттарды өз бойына сіңіреді.

Бие құлындаған соң 2-3 аптадан қалмай бие байланып, қымыз ашыту басталады. Желіде құлындар байланады. Желі жуан қыл араластырып есілген арқан бір желіде 10 құлын байланады. Жаздың ұзақ күнінде бие 7 – 8 рет сауылады.

«Бір бие бұлақ басы, екі бие елдің асы, үш бие теңіз, теңізден бермеген доңыз» - деп қазақ жылқы малының берекесін айтады.

Қымыз – тәбет, ұйқы және көңіл – күй жақсаруы мен қатар жүрек қан тамырлар жүйесі мен өкпесіне де жақсы әсер етеді. Өкпенің тыныс алғандағы қозғалысы күшейеді, жөтел басылады, тамыр да қалыпты соға бастайды. Қан қысымы қалпына келіп, қанның құрамы жақсарады. Жасы үлкен кісілердің қымызды ішуі жасын ұзарта түседі.

Қымыз ежелден ас-қорыту жолдары ауруларына ем. Бүгінде анемия, қырқұлақ, мешел, туберкулез таяқшаларының өсуіне кедергі жасайды. Ішектердегі іріп-шіру үдерісін тежейді. Саумал ұзақ жылғы жөтелден сауықтырады. 1 ай бойы аш қарынға үзбей 1 литрден ішу керек.

Саумалмен емделу ережесі:

3-4 күнде күніне 0,5 литр кейін күніне 1 литрден ішеді.

7-8 күнде асқа тәбеті артады.

Ас қорыту түзеле бастайды.

Саумалды тамақтан бір-бір жарым сағат бұрын ішу керек.

ЕСКЕРУ:

- Өкпе туберкулезі өршіген кезде;
- Асқазан жарасы мен 12 елі ішек жарасы күшейген кезде;
- Созылмалы дизентерия тұсында;
- Бауыр, өт жолы, өт ауырғанда;
- Зат алмасу бұзылғанда;
- Тым семіріп кеткенде;
- Қан тамыры ауыруына шалдыққанда ішуге болмайды!

«БОЯУЛАР ҚҰПИЯСЫ» ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

Баймухаметова Айнұр Тлеухановна,
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Исатай Исабаев атындағы өнер
мектебінің сурет пәні бойынша қосымша білім беру педагогі

Мақсаты:

Көркемдеп бейнелеу арқылы қоршаған дүниеге деген эмоциялық- құндылықтар көзқарасын қалыптастыру этика-эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. Шығармашылық идеяларын жүзеге асыруда сын тұрғысынан ойлау жолдарын, сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттерді, қиял мен ұшқыр ойды, бейнелі ойлау тәсілдерін дамыту.

Сурет салу өнерінің практикалық әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Әдіс-тәсілдері: Аврора арт әдісі, гуашь бояуы.

Құрал-жабдықтары: А4 формат, гуашь, қылқалам, шар.

Шеберлік сынып сабағының барысы:

Бүгінгі сабағымызда бояулардың санқырлы сырын, құпиясын ашатын боламыз.

Жалпы айтқанда тұңғық теңіз астындағы сырлы әлем немесе аспан әлеміндегі санқырлы жұмбақ түстерін сіздермен бірге бояулар арқылы абстракциялық туындылар орындаймыз. Жалпы абстракциялық өнері (дерексіз өнер, көрсетілімсіз өнер) белгілі затты бейнелемей көрсететін өнер. ХІХ ғасырдың соңында өнердің дәстүрлі еуропалық тұжырымдамасы бұрынғы табиғатқа еліктеу арқылы шығарма тудыратын тәсілден бас тартып елестету, ойлау арқылы ұғынатындай шығарма үлгісін жасауға бет бұрды.

Тәжірбиелік жұмыс: Сіздермен бірге аврора арт әдісі арқылы абстракциялық шығарма орындаймыз. Бізге қажетті құралдар жылтыр ақ қағаз бетіне кез келген бояуларды пайдаланамыз. Қағаз бетіне су бүркіп отырамыз. Себебі бояуларды үрленген шар арқылы араластырып, әр түрлі бейнелер орындаймыз. Әр кімнің өзінің қиялындағы суреттерді бейнелейміз. Жылтыр қағаз болмаған жағдайда қағазға пва желімін жағамыз. Үрленген шарымызды бояу түстерімен дымқыл майлықтармен сүртіп тазалап отырамыз. Дайын болған суретті қылқаламның көмегімен нақтылап, аяқтаймыз.

Күтілетін нәтиже:

Күнделікті өмірде сурет салу арқылы өзіне мақсат қою білуге;

Қылқалам технологиясын, сурет салудың әдіс-тәсілдерін білуге;

Шар арқылы шығарма орындауды үйренеді.

Бағалау: Аяқталған жұмыстармен көрме ұйымдастыру.

ДОСЛУШИВАНИЕ ЗВУКА. ОЩУЩЕНИЕ ДВИЖЕНИЯ И РАЗВИТИЯ МУЗЫКАЛЬНОЙ ТКАНИ

Бакибаева Сагира Жангалиевна,
Центр детского творчества и летнего отдыха г. Капшагай
Алматинской области, педагог дополнительного образования по
классу фортепиано



*Звук - та материя музыки, ее плоть -
должен быть главным содержанием
наших повседневных трудов.
Г. НЕЙГАУЗ*

*Все, решительно все сводится к
одному - внимательно слушать себя.
К. ИГУМНОВ*

Звуковая выразительность является важнейшим исполнительским средством для воплощения музыкально-художественного замысла. Поэтому работа над звуком должна занимать центральное место в процессе обучения игре на фортепиано. Начало этой работы относится к первым шагам. Главное условие успешного решения как самых простых, так и сложных звуковых задач заключается в развитии способности слушать музыкальную ткань.

С точки зрения исполнительского слушания нет незначительных элементов - для уха все составные части музыкальной ткани имеют равные права.

Можно сказать, что если главные линии обрисовывают контур музыки, то остальные элементы наполняют его живой материей, живыми красками, тем самым обогащая выразительность музыкально-художественного образа.

Способность слышать музыку во всем ее объеме зависит от музыкального воспитания пианиста, в частности, от его слухового развития.

Остановимся в кратце на двух факторах музыкального воспитания ученика:

1. Дослушивания звука до конца.
2. Ощущение горизонтального движения и развития музыки.

Эти два фактора на первый взгляд противоречат друг другу.

Дослушивать звук - это значит слушать предыдущее, и ощущать движение музыки - это думать и слушать «вперед». На самом деле они должны дополнять друг друга. Быть в единстве. Ведь говоря о «дослушивании», мы имеем ввиду движение звука, а не покой, и это движение должно стать импульсом дальнейшего развития.

При переносе руки на другую клавишу (например, через октаву) ученик должен не только переносить руку, но и «нести звук». В результате и сложится процесс, состоящий из дослушивания и переноса.

Живая рука и живые, активные пальцы - это необходимое условие в работе над постановкой. Не ставить палец и руку на клавиатуру, а брать, извлекать звук, не выжидать и держать клавишу, а слушать и вести звук, не поднимать руку, а брать дыхание - такие задания гораздо естественнее формируют руку, чем требования неподвижной (хоть и «правильной») позиции.

Для того, чтобы научить слушать звук, нужно давать пьесы с яркой звуковой окраской, разнообразной по характеру и настроению, близкие и понятные ученику.

В работе над ними следует добиваться выразительного исполнения и показывать игровые движения, которые облегчают звуковую задачу, помогают выражению музыкального смысла. Исполнение на первых порах песенное «non legato» позволяют ребенку пользоваться довольно большим диапазоном звуковых красок при слабо развитых пальцах.

В дальнейшем умение слушать звук поможет певучее legato.

Если ухо не слышит звук до конца, то палец становится пассивным, рука расслабляется, и каждый следующий звук мелодии не выливается из предыдущего, а берется как бы заново, с помощью нового движения руки или кисти. В результате фраза становится разорванной. Дослушивание звука особенно необходимо для достижения цельности и естественности таких фраз, как например:

А.Бетховен-Соната, соч.31

Р.Шуман - «Грезы»

Э.Григ-«Песнь Сольвейг», соч.55, №4

Solvejgs Lied
aus "Peer Gynt"

Edvard Grieg
Bearb.: Hans Beth

Andante

The image shows a musical score for the piece 'Solvejgs Lied' by Edvard Grieg, arranged by Hans Beth. The tempo is marked 'Andante'. The score is written for piano and consists of six measures. The dynamics are marked as p (piano), f (forte), p (piano), pp (pianissimo), and pp (pianissimo). The music features a melodic line in the right hand and a supporting bass line in the left hand.

Л.Бетховен - Сонатина, соль мажор.

Во всех этих примерах следует не только выдержать («высчитать») но и выслушать длинные звуки мелодии до конца. Только в этом случае отдельные звуки сливаются в цельную фразу.

Если мы обратимся к пьесам, связанным со стаккато, как, например:

Л.Бетховен - Соната соч. 13

П.Чайковский - «Камаринская», то мы убедимся, что главные недостатки исполнения чаще всего заключаются в отсутствии горизонтального движения «к опорным точкам» мелодии.

Итак, дослушивание каждого звука мелодии обеспечивает плавный переход в следующий звук и определяет меру звучания аккомпанемента, ощущение движения музыки к опорным точкам и ухода от них способствует живому развитию и цельности музыкальной фразы.

АКТУАЛЬНОСТЬ МУЗЫКАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Бейсбекова Шынар Мейрамовна,
руководитель вокальной студии «Melody Kids» Дворца школьников
г.Таддыкорган Алматинской области



Теоретический анализ исследуемой нами проблемы позволяет констатировать, что в музыкально-педагогической литературе певческое обучение детей освещено достаточно глубоко.

Изучение литературы по данному вопросу показывает необходимость знания учителем музыки вокальных навыков и физиологической стороны певческого акта. В данном разделе работы мы раскрываем сущность вокальных навыков и работу голосового аппарата при пении.

Вокальный навык – это частично автоматизированный способ выполнения действия, являющегося компонентом певческого акта. В основе вокальных навыков лежит создание и упрочение условно-рефлекторных связей, образование систем этих связей – динамических стереотипов с хорошо проторенными переходами от одной системы к другой.

Частичная автоматизация вокальных навыков возникает как снижение контроля сознания за процессом выполнения различных певческих действий. Но результаты этих действий постоянно отражаются в сознании. Автоматизация навыков дает возможность при пении решать более важные – исполнительские, художественные задачи. Не владея вокальными навыками, певец не может достичь вокального мастерства. Поэтому первостепенной задачей вокального обучения является формирование правильных приемов певческой деятельности, доведение их до автоматизма.

Вокальные навыки принято считать двигательными навыками. Но это не совсем верно. Действительно, в пении всегда присутствует мышечное движение, без него невозможно произвести звук. Но доминирующим в формировании певческих навыков по своей значимости является слух. Восприятие звука осуществляется через голосовую моторику. Голосовую моторику побуждает к действию и регулирует ее слух – главный регулятор двигательной системы, воспроизводящий звук. Такое сочетание работы слуха и голосовой моторики, при которой двигательные акты выполняются под контролем слуха, классифицируются в психологии как сенсомоторный навык.

Все певческие навыки тесно связаны между собой, как и все органы сложного певческого механизма. Только в результате одновременной согласованной работы всего голосового аппарата возникает правильный звук и возможно выразительное пение. Подчеркивая, что все певческие навыки прививаются одновременно, остановимся более подробно на одном из них – на воспитании навыка правильного певческого дыхания.

Менабени А.Г. указывает: «Контролером правильного певческого дыхания должен быть вокальный слух ученика, так как особенности дыхания непременно сказываются на качестве певческого звука. Из практики замечено, что характер дыхания влияет и на частоту интонации. При излишнем напряжении дыхательных мышц интонация, как правило, повышается, при расслаблении – понижается. От качества дыхания зависит и характер атаки звука – твердой или мягкой. Спокойное и плавное дыхание прорывает сомкнутые связки мягко, без напряжения, в то время как излишне большое количество воздуха и очень плотное смыкание голосовых связок влекут за собой твердую атаку и более жесткое и, часто, напряженное звучание голоса. Спокойный вдох и плавный, постепенный, экономный выдох соответствует мягкому, звонкому, легкому звучанию голоса при мягкой атаке звука и четкости артикуляции, и наоборот, дыхание судорожное, неравномерное, слишком большой вдох и толчкообразный выдох ведет, как правило, к напряженному форсированному звуку, пению при твердой атаке звука, в котором утрачивается ровность и звонкость. Форсированное звучание детских голосов обычно сопровождается напряженной гримасой лица. Работа гортани и органов артикуляции в пении находятся в прямой зависимости от работы органов и, в частности, органов дыхания.

Звучание детских голосов, дикция при пении могут быть удовлетворительными лишь при условии правильного функционирования всего голосового аппарата вообще и дыхательного аппарата в частности.

Таким образом, нечеткая артикуляция и напряжение мимических мышц лица, сопровождающие пение, могут рассматриваться как следствие неправильной, чрезмерно напряженной работы дыхательного аппарата. Наблюдая за движениями грудной клетки, можно получить общее представление о характере дыхания ребенка при пении. В вокально-педагогической практике наиболее удобным считается нижнереберно-диафрагмальное дыхание т.е. смешанное дыхание при котором высоко поднимаются и расширяются при вдохе нижние ребра, а остальная часть грудной клетки почти неподвижна, активна диафрагма и мышцы грудной полости. Хорошо ощущаются движения передней стенки живота.

При правильном образовании певческого звука мягкое небо почти целиком отделяет носоглотку от глотки, т.е. находится в поднятом состоянии, близком к зевку. Зевок подготавливается во время вдоха и оказывает большое влияние на певческое звукообразование, увеличивается его резонаторная способность и, следовательно, возрастает сила звука. Высоко поднятое мягкое небо, при таком состоянии глотки создает условия для правильного формирования певческого звука (его округления и высокий певческой позиции). Зевок является методическим приемом произвольного опускания гортани. В вокальной практике принято говорить о полузевке, чем подчеркивается тот факт, что певческий зевок меньше обычного. Надо следить, чтобы с самого начала обучения вдох сочетался с «настройкой» ротоглотки на полузевок.

Певческий вдох и выдох разделяются мгновением паузой – остановкой дыхания, после чего начинается выдох. Мгновенная задержка дыхания перед непосредственным воспроизведением звука является моментом фиксации положения вдоха или, иначе, вдыхательной позиции. Под вдыхательной позицией следует понимать не только находящуюся в положении вдоха грудную клетку, но и особую подготовку ротоглоточного канала, установленного в положении полузевка. Основными задачами правильного певческого выдоха является: экономное расходование дыхания, создание необходимого для нормальной работы голосовых складок давления в подскладочном пространстве, плавный выдох.

У начинающего певца прежде всего необходимо ликвидировать вредные дыхательные движения, которые могут помешать успешному развитию певческого дыхания. Таким движением является привычка поднимать плечи при вдохе; это неразрывно связано с поверхностным ключичным дыханием. Нужно следить за тем, чтобы у поющего при вдохе верхний отдел грудной клетки оставался в покое и ни в

көем случае не поднимались плечи. Этот недостаток особенно распространен среди детей младшего школьного возраста. Надо отучать их от порывистых, судорожных вдохов, которые также довольно часто наблюдаются у детей.

Певческое дыхание воспитывается постепенно и систематично. Элементы певческого дыхания, особенно вдоха, на начальном этапе усваиваются учащимися сознательно. Учащийся должен, прежде всего, понять поставленные перед ним задачи, осознать все элементы фонационного дыхания (взятие дыхания, задержку вдоха и сохранения состояния вдоха во время пения музыкальной фазы), выполнить связанные с ними ощущения, затем путем постоянных упражнений научиться правильно их выполнять.

Развитие навыка певческого дыхания должно органически вплестаться в целостный процесс воспитания певческого голоса детей.

Следует иметь в виду, что любой навык формируется в течение длительного времени, а особенно навык певческого дыхания. Поэтому подходить к решению этой проблемы нужно осторожно, постепенно по принципу от простого к сложному.



ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰҒЫМДАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

**Бейспекова Светлана Ахметқалиқызы,
Алматы облысы, Текелі қаласы,
Балалар шығармашылық орталығының директоры**

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» мақаласында: «Халықтың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін – мәдени мұра құрайды. Кез келген жат идеологияға қарсы тұра алатын да елдің ұлттық құндылығы мен мәдениеті. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүр, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғымыз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» - деп атап айтқан, осы мақаланы негізге ала отырып, Текелі қаласының Балалар шығармашылық орталығының ұстаздары да осы салада оқушыларды тәрбиелеуде өз үлесін қосуда.

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі білім алушылардың қабілеттерін жан-жақты дамытудың бірегей потенциалына ие. Ашықтықты, ұтқырлық пен икемділікті игерген қосымша білім беру жүйесі балалардың білімдік сұранысына жылдам жауап беруге, тұрақты даму ортасын құруға, саналы азаматтық ұстамын қалыптастыруға мүмкіндігі зор. Қосымша білім баланың мектепте алған білімін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді, сол сияқты оның болашақ мамандығын таңдауына негіз болады. Балалардың мектептен тыс бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып тәрбие бағытында нақты қызмет жасайтын, қосымша түрлі салада білім беретін, кәсіби бағытта даярлай алатын бірден-бір білім мен тәрбие ордасы мектептен тыс ұйымдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында қосымша білім беру азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің білімдік және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында білім берудің қосымша дамыту бағдарламалары негізінде іске асырылатын тәрбиелеу және оқыту процесі деп көрсетіледі. Дамыту сипатындағы білім бағдарламалары мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылады.

Мектептен тыс ұйымдар жеке тұлғаның дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, балалардың шығармашылық еңбегіне, олардың қабілеттерін жүзеге асыруға, қоғамда өмір сүруге, бейімделуіне, азаматтық сана-сезімдерінің, жалпы мәдениетінің қалыптасуына, салауатты өмір салтына, бос уақытының мазмұнды ұйымдастырылуына жағдай жасайды. Қосымша білім беру ұйымдарының балаларды қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеудегі және дәстүрлі халықтық мәдениет пен қолданбалы өнерге баулудағы алатын орны ерекше.

Қазіргі қосымша дамыту жүйесі білім алушыларға өз тілектеріне, мүдделеріне, потенциалдық мүмкіншілігіне сәйкес көркем және техникалық өнерпаздықпен, туристік-өлкетану, эколого-биологиялық, спортпен және зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіншілік береді.

Қазақстандағы әрбір бесінші бала қосымша білім беру ұйымдарында өз білімдерін жетілдіреді. Соның ішінде Текелі қаласының Балалар шығармашылық орталығында 820 бала дәріс алуда. Балалар шығармашылық орталығы 2002 жылдан жұмыс істейді.

Бұл мекеме жан-жақты қосымша білім беру мекемесі: балалар шығармашылығын дамыту, білімін жетілдіру, кең көлемде қамту, үйрету жұмыстарын жүргізуде. Балалар шығармашылық орталығы 3 бағытта жұмыс жасайды:

- Музыка бөлімі
- Көркемсурет бөлім
- Үйірме жұмыстары (би, оркестр, қобыз, гитара, вокал, скрипка, аккордеон, информатика, қолөнер).

Музыка және көркемсурет бөлімдерінде сабақтар бағдарлама, жоспар бойынша жүргізіледі. Орталыққа 5-12 жас аралығындағы балалар қабылданады да, 17 жасында бітіріп шығады.

Орталықта 30 жоғары білікті оқытушылар еңбек етеді. олардың 7 – жоғары санатты, 5 – бірінші санатты, 8 – екінші санатты ұстаздар.

Бүгінгі таңда педагогтің алдында шығармашылыққа бейім жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Осы орайда шығармашылық қабілет деген не? Қабілеттердің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар туындайды. Шығармашылық қабілет дегеніміз тек адамға тән күрделі процесс. Баланы өнерде қалай шығармашылыққа баулу керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері қандай? Психологтардың зерттеуі бойынша ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Біздің орталықта баланың шығармашылық қабілетін ашуға, оны алға қарай дамытуға жағдай жасалған. Балалар арасында шығармашылық көңіл-күй тудырып, олардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін, үнемі шығармашылық тапсырмалар, міндеттер, жаттығулар, ойын түрлері ұсынылып отырады. Шығармашылық жаттығу, ойын- тапсырмалардың мазмұны, жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына үйлестіріліп, әр ұстаз бала белгілі бір көркемдік шешімін тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назардан тыс қалдырмай, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы дарындылығының даму қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты. Сондықтан Балалар шығармашылық орталығының ұстаздар ұжымы үнемі ізденіп, өз кәсіби шеберліктерін шыңдап, дайындықтар өткізіп, шығармашылық жұмыстармен айналысып отырады. Озық педагогикалық технологияны жан-жақты пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында бүгінгі таңда мектебімізде шығармашылық топ жұмыс істеп келеді.

Осы тұрғыдан ұстаздардың зерттеу жұмыстары, ізденістері, оны сабақтарда пайдалану тәжірибелері түрлі мектепшілік әдістемелік отырыстар мен семинарларда ортаға салынып, нәтижелері жүйелі түрде қарастырылып отырылады. Осы шығармашылық топ үлгілі ұстаздар еңбегін саралап, сабақтарына қатысып, байқаулар, шеберлік-сыныптар өткізіп, насихаттап, іс-тәжірибесін аудан, облыс көлемінде таратуға ұсынады.

Біздің ұжымның ұстаздар қауымы өз жұмыстарын білім стандартына сәйкес сапалы да, жүйелі жүргізуінің, олардың нәтижелі еңбегімен оқытушылық шеберлік деңгейінің жоғары екендігін оқушылардың халықаралық, республикалық, облыстық байқауларда жеткен жетістіктерінен көруге болады.

2021 жылғы 28-29 мамыр аралығында Алматы қаласында өткен Халықаралық «Біз – бақытты баламыз!» байқауына «Балалар шығармашылық орталығының» екі оқушысы аспапта ойнау номинациясы бойынша қатысып жүлделі орындарға ие болды. Жумабекова Диана - I орын Диплом, Арғын Рүстем - II орын Диплом. Жетекшісі Бейспекова Светлана Ахметкалиевна және ата-аналары Алғыс хатпен марапатталып, оқушылар шілде айында Болгарияда өтетін байқауға жолдама алды.

2021 жылғы 20 қазан-12 қараша аралығында Алматы қаласында «Алау групп» балалар мен жасөспірімдер өнер орталығында «Берекеді алтын күз» атты өнер байқауы өтті. Балалар шығармашылық орталығының хореография сыныбының оқушылары қатысып жүлделі орындарға ие болды. Нұржанатқызы Әлинар - Бас жүлде, Диплом-медаль, Әділғазы Назерке - I орын, Диплом – медаль, жетекшісі Даму Арай - Алғыс хат. Қосымша білім беру үрдісіндегі демократиялық және гуманитарлық қарым-қатынастар оқушының танымдық қабілетінің дамуына, өз әрекеттеріне өзгеріс енгізе алуына, өзін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді оқытудың осы тұрғыда ұйымдастырылуы әр оқушының жеке тұлғасындағы өзіндік ерекшеліктері мен өмір тәжірибесі және өз құндылықтарын ескеру арқылы өзіндік және өзара бірін-бірі дамытуына жол ашады. Өнердің қыр-сырын үйрету арқылы оқушыларды эстетикалық, адамгершілік, патриоттық сезімдерін қалыптастырады.

Дана халқымыз: «Бір жылыңды ойласаң, егін ек, он жылыңды ойласаң, ағаш отырғыз, болашағыңды ойласаң, жастарды тәрбиеле» дейді. Біздің парызымыз – жастарға терең, әрі сапалы білім беру, заман талабын сезініп, өнер мен білімді үлкен құлшыныспен оқытып, еліміздің еңсесін көтерер азаматын тәрбиелеу. Жаңа буын ұрпақтарын тәрбиелеудегі және оларға білім беру саласында атқаратын қыруар еңбектеріміз бен жетер жетістіктеріміз әлі алда деп сенеміз.

ХОР ҰЖЫМЫНДАҒЫ ДАУЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ

**Беккалиева Ляззат Кудайбергеновна,
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Исатай Исабаев атындағы өнер
мектебінің вокал және хор сыныбының қосымша білім беру педагогі**

Елбасымыз Назарбаев: «XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры» деп атаған XXI ғасырда өмір сүріп, XXI ғасыр өркениетін өз қолдарымен қалайтын, Қазақстан Республикасының әлемдегі орнын айқындауға қатысатын тіліміз бен білімімізді, дініміз бен рухымызды сақтауға ат салысатын жаңа ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеуді білім технологияларын қолдану, оны іске асыру мақсатында, сапалы білім, өнерлі ұрпақ тәрбиелеу әр ұстаздың борышы. Музыка пәнінің мұғалімдері шығармашылықпен көптеген жұмыстарын алға қою арқылы жетістіктерге жете алады.

Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер. «Өнерлінің өрісі кең» дейді дана халқымыз.

Өнердің қай саласы болса да, адамдарға рухани күш-жігер беріп, ерекше қуаныш, толқу сезімдерін оятады. Бүгінгі таңда егеменді еліміздің ертеңін ойлар білімді де, саналы, өнерлі, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін парасатты азаматтар тәрбиеленуде. Жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыларды өнерге баулып ән-күйге үйрететін – музыка пәнінің мұғалімдерінің орны ерекше екендігін айта келе, өз тәжірибемді музыка пәнінің жас мұғалімдеріне бөлісе отырып, ұстаздық деген ардақты атқа толассыз еңбекпен ғана қол жеткізуге болады дер едім. Музыка пән мұғалімі әр сабақта музыканың атқаратын қызметінің барлық түрлерін (музыкалық шығармаларды тыңдау, ән айтқызу, музыкалық аспапта ойнау, музыкалық ырғақтық жаттығулар жасау т.б.) тиімді пайдаланып, өзінің кәсіби шеберлігін жан-жақты көрсете отырып, оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы көптеген жетістіктерге қол жеткізе алады. Жыл сайын дарынды оқушыларды іріктеп алып, олардың

жас ерекшеліктерін ескере отырып, дауыс жаттығуларын жүргізу, өз деңгейлерінде әндер тыңдату, таңдап алынған әндерді бір, екі айда дайындай салмай, керісінше, екі-үш жылға дейінгі аралықта әнді нақышына келтіріп орындау, сияқты дайындық жұмыстары жүргізіледі. Әнді толық меңгермеуінше оқушыны байқауларға, сахнаға шығаруға мүлде болмайды. Оқушыны нақышына келтіріп дайындау үшін, өзінің әр әннің ережесі, шарты бойынша дауыс жаттығуларын үнемі пайдалана отыруымыз керек.

Шығармашылықты қалыптастырудағы басты талап – шығармашылық ойлау қызметін ұйымдастыру. Шығармашылық қызметтің негізгі формалары – үйірмелер, шығармашылық бірлестіктер, әдеби – музыкалық композициялар, байқаулар, т.б. Сабақ барысында қазіргі заман талабына сай білім технологияларын пайдалану, меңгеру, оны іс жүзіне асыра білу оқушылар үшін ең қажетті мәселе. Осы орайда әдістемелік апталықтар, онкүндіктер, тақырыпқа байланысты семинарлар өткізу, аудандық семинарларға қатысу мұғалім тәжірибесін ұштай түспек.

Осы аталған шаралардың түгелдей орындалу мақсатында, атқарылған жұмыстарға талдау жасалды. Нәтижесі неде? VIII Ұлттық жастар дельфийлік ойындарында, Халықаралық, Республикалық, облыстық байқауларда өнер мектебінің оқушылары нәтижелі орындарға ие болды. Атап айтсақ Төлеубай Арнай бас жүлде, Дүйсенов Дархан ән салу номинациясы бойынша I орын, Мұқият Құралай II орын, Набиолдина Амина, Қаулыбек Альбина (қобыз), Ермек Аружан (домбыра), Ақиқат Ләззат. Хор жанры бойынша облыстық байқаулардан «Балауса» хор ұжымы III орынды иеленді. Осы байқаулардың нәтижесіне байланысты, мұғалім оқушының дауысын бұзып алмауы үшін ең алдымен, оның дауысына лайықты репертуар таңдай білу қажет. Тесситурасы өте жоғары немесе төмен әндер балалардың дауысының табиғи тембрін жоғалтып, дауысқа салмақ түсіреді. Айқайлап, шыңғырып айтуға мәжбүр етеді. Осындай жағдайлардан бірте-бірте дауыс шымылдығына зақым келіп, түрлі тамақ ауруларына ұшыратуы мүмкін. Әсіресе, орта буын сыныптардағы оқушыларға ән үйретуде өте ұқыпты болған жөн. Өйткені, бұл кезді олардың дауысында өзгеріс пайда болады, бүкіл организммен қатар дауыс аппараты да жетіліп, ересектік шаққа бет бұрады. Ол кезең «Мутация» кезеңі деп аталады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, ізденушілікпен, шығармашылықпен қызмет атқаратын, мақтауға да, мақтануға да тұрарлық шебер ұйымдастырушы, өнерлі және ұлағатты ұстаздар арамызда жетерлік. Қазіргі кезде мектепішілік, аудандық, байқауларда болсын, эстрадалық әндерді (патриоттық, дәстүрлі т.б.) орындау және құлаққа жағымды дауыстарды тыңдап, оны сол күйінде сақтап әрі қарай дамыту, дауыс қоюшы ұстаздардың міндеті. Сондықтан да, әрбір әнді дұрыс орындау үшін мынадай ережелерді әрқашан есте ұстағанымыз жөн:

- белгілі бір әнді тыңдау барысында өз дауыс диапазонын, бояуын, ерекшелігін, әннің мазмұнын білу.

- әнді айтарда демді үнемді, дұрыс ала білу.

Ереже сақталмаған жағдайда сөздің мазмұнына да, дыбыстың желісі де бұзылып, әннің тыңдаушыға кері әсерін тигізетіні анық. Қорыта айтқанда, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, ерінбей еңбек етіп, шынайы шеберлік арқылы қол жеткізсек, еңбегіміздің нәтижесін көріп, жемісін жеуге болады.

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУ

**Бетебаева Диана Сабитбековна,
Алматы облысы, Көксу ауданы, Өнер мектебінің сурет бөлімінің
қосымша білім беру педагогі**

Сабақтың тақырыбы	Сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылықты дамыту
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасы)	Сәндік-қолданбалы өнер түрінің технологиялары туралы жалпы түсінік. Түрлі материалдардың сәндік мүмкіндіктері. Қажетті материалдарды таңдау. Сәндік қолданбалы өнердегі көркемдік білім беру арқылы мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін арттыру
Сабақтың мақсаты	<p>1. Оқушылардың қолданбалы композициядан білімдерін жетілдіру, әр түрлі әсем бұйымдар жасап үйрету.</p> <p>2. Оқушыларды ұқыптылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу, бағыштау.</p> <p>3. Оқушыларды қолданбалы композициядан ойлау қаблеттерін, ой-өрістерін кеңейту, арттыру.</p> <p>4. Бұйымның сапасын және өнімнің сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды (эстетика, атқаратын қызметі, экономика) зерттеу, талдау</p>
Бағалау критерийі	<p>Материалдарды өңдеу мен безендіру барысында ұтымды тәсілдерді таңдай алды. Сәндік бұйым дайындайды. Бұйымның сызба үлгісін жасайды безендіреді. Тарихи құндылықтарды ажыратып талдайды. Мәдени және тарихи жәдігерлер, қолөнер мен дизайн салалары шығармаларының материалдарын, бағытын, салыстыра біледі. Бұйымның сапасын және өнімнің сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды (эстетика, атқаратын қызметі, экономика) зерттейді, талдайды. Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды уақытында әрі дұрыс орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.</p>
Құндылықтарға баулу	<p>Сәндік қолданбалы өнердің әсемдік әлемінде алар орны ерекше. Сәндік қолданбалы өнердегі ою-өрнек композициясының әдістері арқылы жасалған жұмыстар адам баласының рухани өміріне, мәдениеті мен тұрмысына қызмет ететіндігін жинақталған мәліметтер негізінде дәлелдеу. Сәндік қолданбалы өнер тек қана практикалық жағынан емес, эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған өндірістік немесе қолөнер арқылы өмірге келген көркем туынды жасау екенін жинақталған мәліметтер негізінде дәлелдеу.</p>

<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>Сурет, кескіндеме, мүсін, компьютерлік графика</p>
<p>Сабақ барысы</p>	
<p>Сабақтағы қауіпсіздік ережесі</p>	<p>«Сәндік қолданбалы өнер» сабақтарында шеберханада қауіпсіздік ережелерін сақтау Шебер, есіңде болсын! Жұмыс орныңды әрдайым дұрыс, таза ұста. Құралдарды ыңғайлы, өзіңе керек жерге қой. Жұмыс орныңды жұмыс аяғында арнаулы құралдармен шетка немесе ылғал шүберекпен мұқият тазала. Шыққан қалдық пен қоқысты ерінбей сыртқа шығарып отыр. Киіміңді, бойыңды ластамауға бейімдел. Құрал-сайман, станоктар, жұмыс орның әр уақытта таза болсын!</p>
<p>Сабақтың басы 5 мин</p>  	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу. Психологиялық ахуал туғызу. 2. Үй тапсырмасын тексеру Оқушылардың алдыңғы білімдерін тексеру мақсатында «сұраққа жауап ал» белсенді әдісі қолданылады. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің көп ғасырлық тарихы бар. Қазақ қолөнері ғасырлар бойы көркем ой, халық талғамымен үздіксіз дамып келеді. Халық шеберлерінің тынымсыз еңбектерінің нәтижесінде өз жалғасын тауып келеді. Сәндік қолданбалы өнер деп тек қана практикалық жағынан емес, эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған өндірістік немесе қолөнер арқылы өмірге келген көркем туынды жасауды айтады. Бисер тоқу өнері – ертеден таралып, танылып келе жатқан, әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады. Қолдан жасалған бисер моншақтары Ресейде, шет елдерде өте жоғары бағаланады. Қазіргі кезде халық шығармашылығының осы түрі жаңа өрлеу үстінде, дамудың сатысында. Бисер өнері өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Барлық қол өнер сияқты бисердің де тарихы бар. Кейбір деректер бойынша әйнектің Отаны ежелгі Египет болған. Әйнектен жасалған моншақтар, амулет, ыдыс-аяқтар біздің заманымызға дейін VI ғасыр ескерткіштерінен табылған.</p>



Ең алғашқы «бисер» атауы дәл осы Египет елімен байланысты. Оның атауы арабтың «Буера» немесе «Бусер» деген сөзінен шыққан (жалған маржан). Рим империясы Египет елін басып алғанда, әйнек өнімдері Рим еліне өтіп, империя құлағаннан кейін Византияға өтеді. Бұйымды ұзақ пайдалану үшін оны мықты жіппен тоқыған. Бисермен қазақтың ою-өрнектері негізінде сәнді әшекейлер де жасауға болады.

Кесте тігу өнері – сәндік қол өнерінің бір түрі. Маға, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кең тараған. Кестенің алғашқы үлгілерін Пазырық және Ноин-ұлан (б.з.б. 5 ғ.) қорғандарынан табылған құрал-жабдықтардан (түскиіз, түскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қағарлары, шекпен, қамзол, желен) көруге болады. Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кертгіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді

Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, қамзол, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі. Қазақстанда құрылған “Түскиіз” (Алматыда), “Өнерпаз” (Таразда), “Өрнек” (Өскеменде) секілді фабрикалар қазақ халқының Кесте өнеріне тән стильдегі бұйымдар жасайды. Олар өмір талабына сай екшеліп, жаңа түр-мазмұнға ие болуда. Республикамызда 400-ден астам Кестеш ілер есімі белгілі. 1926 ж. Парижде өткен дүниежүз. көрмеде Р.Барлыбаева кестелі түскиізі үшін халықаралық сыйлық алды.


	<p>Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Қазақ қол өнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.</p>
<p>Жаңа сабақ</p> 	<p>Кілем тоқу өнері. «Үй жасауы — кілем» дейді халық. Кілем — жайсаң төсеніш, ілсең сән. Осындай ел аузына ілінген асыл қасиетін ол әлі де сақтап келе жатқан бағалы зат. Осындай қиын да қызықты өнер қазақтың топырағында бұдан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ой қазынасынан шығып, шебер қолдарымен тоқылатын. Көне заман деректерінде де олар тап осы күнгі аттарымен аталады. Мысалы, бұқар кілем, жол кілем, жолаң кілем, жібек кілем, масаты кілем, мақта кілем, қалы кілем, қара кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, түкті кілем, ақ сирақ кілем, алаша кілем, андіжан кілемі, түрікмен кілемі сияқты көптеген атаулардың өзі-ақ қазақ халқының кілем тоқумен ертеден таныс екенін және кілемнің әр жерде әр түрлі мәнерде жасалғандығын аңғартады. Кілем өрмегін «аспалы өрмек» немесе «кілем өрмегі» деп атайды. Соған қарай кілемнің бой жіптері де жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 бет болып тізіледі. Оның арқауы түйе жүні аралас (кейде шуда аралас) мақтадан, жібектен әрі мықты, әрі жуандау етіліп иіріледі.</p>



Бой жіптермен қатарлас тұратын түк және өрнек жасаушы жіптер қойдың биязы жүнінен, түйенің жүнінен өзге жіптерден көрі бастау иіріледі. Кейде бұл жіптер бой жіптердің үстінде арнаулы күзеулерде бос тұрады. Оны кілем тоқушы шебер өз керегіне қарай суыртпақтап отырып арқау мен бой жіптерге іліп отырып түр жасайды. Әдетте түкті кілемді 2-3 шебер қатар отырып тоқиды. Шебер өз-өзінен тез суырылатын етіп домалақтаған өрнек жасаушы түк жіптерін санап, оның тұтас еніне жеткенше бір-ақ шалып шығады да, кесермен қиып, адарғы тарақпен арқауға бастырта қағады. Осылай бір қатарды салып, оны өрнектің нұсқасына қарай кесіп алған соң тағы да арқауға бастыра адарғы тарақтың тістерімен нықтайды. Бұл арада бойлардың ерсісі мен қарсысы ауысып тоқылып отырады. Осы әдіспен ені 2-3,5 м, ұзыны 3,5-4 м кілемді 2 адам бір айдың ішінде тоқып шығарады. Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай – түкті және тықыр; материалдарына қарай – жібек, масаты, қалы; шығаратын жеріне қарай – Қызылорда, Алматы, Жамбыл; ру үлгілеріне қарай – Адай, Қоңырат, Керей, Үйсін; сондай-ақ қосалқы белгілеріне қарай – шашақты, оқалы кілемдер болып бөлінеді. Қазақ кілемдері түркі тектес халықтар кілемдерінің қазіргі үлгісіне өте ұқсас. Сонымен қатар жан – жануардың бейнесін кілемге, текеметке, киім-кешектерге пайдалану сонау ерте заманнан бастау алған. Соның ішіндегі бүгін сіздерге таныстыратын кілем түрі ол түкті кілем. Түкті кілем бірнеше қабаттан тұрады. Мұндай кілемнің негізі және арқауы жекеленген жіптерден, бірақ бір – біріне тығыз орналасқан түйіндерден тұрады. Түктің ұзындығы 3мм-ден 18 мм-ге дейін болады. Дүниедегі ең ескі кілем, пазырық кілемі, Алтайдан табылған.

Сабақтың соңы
5 мин

«Шебердің қолы – алтын» – деп дана халқымыз айтқандай қайта жаңғырып, жастар тәрбиесіне арқау болып отырған халық қолөнері бұл күнде қоғамымыздың ортақ әлеуметтік қозғалысы болып отыр. Кешегі ата-баба мұралары қазіргі кезде қолға алынып, халықпен қайта қауышып, жүректерден орын алуда.

	<p>Қазақ қол өнерінің тамаша туындыларын жасаудың қарапайым технологиясын осы күнде тұрмысқа қайта ендіріп, өсіп келе жатқан жасөспірімге қазақ халқының қолөнеріне қызығушылығын арттырып, шеберлігін дамытуға осы сабақтарымыздың әсері болар деген сенімдемін. Қазіргі кезде біздің елімізде жаппай ұлттық өнерді оқушыларға үйретуге көп көңіл бөлініп отыр. Осыған орай елбасымыздың халыққа жолдаған жолдауында еліміз дамыған 50 мемлекеттің қатарына енуі, экономика, мәдениет, білім, өнер салаларының дамуы басты мақсатқа қойылып отыр. Ата-бабамыздан сыр шертіп келе жатқан бейнелеу өнерінің шығармаларын, қолөнер туындыларын, олардың тарихтарын жас ұрпақтың бойына сіңдіру, қазақ халқының өнерімен шет елдерді таныстыру менің де басты міндетім деп білемін.</p>
<p>Саралау әдістері. Іріктелген тапсырмалар; жасаған жұмыстарын бағалау.</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бисер тоқу өнері дегеніміз не? 2. Қазақстанның қандай қол өнер түрін білесіз? 3. Көне заманнан келе жатқан кілем қай жерден табылған? 4. Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлері? 5. Түкті кілем дегеніміз не?
<p>Бағалау 5 минут</p>	<p>Қойылған сұрақтар мен жасалған жұмыстарға қарап бүгін сабақтағы оқушыларға өте жақсы деген баға қоямын</p>
<p>Кері байланыс 3 минут</p>	<p>Ашық сабаққа қатысқан мұғалімдер өз пікірлерін айта кетті. «Сабақ өз мақсатына жетті. Қойылған талаптар орындалды.. Сабақ қызықты өтті.Қазіргі заман талабына сай тиімді әдіс-тәсілдер қолданылды.</p>

ВОКАЛ САБАҒЫНДА НЕГІЗГІ ҰСТАНАТЫН ЕРЕЖЕЛЕР

Болысбекова Бахытгуль Ансабековна,
Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Саз мектебінің
вокал сыныбы бойынша қосымша білім беру педагогі

Сабақтың мақсаты: білім алушыларға әнді дұрыс айту үшін ең алдымен керекті, жаттығуларды үйретпес бұрын ережесін үйрету. Әншілік өнер туралы түсінікті қалыптастыру, вокалдық техниканың арнайы тәсілдерін меңгерту. Әнге деген қызығушылықтарын ояту. Музыкаға деген әуестігін дұрыс бағыттау.

Сабақтың міндеттері:

Білімділік: ән айту барысында үннің тазалығын бақылап отыруға, музыкалық сауаттылыққа. Өзін еркін, қалыпты ұстауға бағыттап білім беру.

Тәрбиелік: әнді таза орындауға, ән айту арқылы рухани адамгершілікке, өз ісіне сенімі мол, еңбекқор, өнерлі тұлға тәрбиелеу.

Дамытушылық: оқушының танымдық іс-әрекетін дамыту, ән иірімдерін дұрыс ести білуге дағдыландырып, машықтандыру.

Сабақтың түрі: дамыту сабағы.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: түсіндіру, әнгімелеу, талдау, орындау, аспаппен сүйемелдеп жаттығу жұмыстарын жасау.

Сабақтың көрнекі құралдары: музыкалық аппаратура, фортепиано, нота кітаптары, ережелер плакаты, интер.тақта т.б.

Жоспар:

I Ұйымдастыру кезеңі (7 минут)

II Үй тапсырмасын тексеру (10 минут)

III Жаңа сабақ (20 минут)

IV Қорытынды (3 минут)

Сабақтың барысы:

1. Оқушымен сәлемдесіп, сабаққа көңіл күйін бақылау.

2. Оқушының сабаққа дайындығын тексеру.

3. Оқушының назарын сабаққа аударып, ерекшелігімен мақсатын таныстыру.

Дауыс жаттығуымен жұмыс:

1. Жабық дыбысқа жаттығу (м-м-м-м-м-м-м) дыбыстарына жасау.

2. Дауысты дыбыстарға жаттығу жасау (А-О-У, А-О-У, А-О-У).

3. Артикуляциялық белгілерге жаттығу (Р-р-р-р-р-р-р, бри-брэ, бра, бро, бру).

4. Дұрыс тыныс алу жаттығулары.

5. Диафрагмамен жұмыс.

6. Фонемамен жұмыс істеу.

7. Үй тапсырмасын тексеру:

1. АБТ-№2 Вокализ.



2. Халық әні «Ахау керім».

Дамыту сабағы: «Вокал сабағында негізгі ұстанатын ережелер»

Дауыс шығару органдарының орналасуы олардың құрылымы мен қызметіне байланысты адамның дауысы әр түрлі үнді, реңкті болып келеді. Ол үнді «Тембр» дейді, ол дегеніміз – бір биіктікте естілетін әрбір дыбыстың өзіндік үні, өңі мен реңк өзгешелігін білдіреді. Қандай бір биіктіктегі дыбысты әр түрлі аспапта ойнап немесе дауыспен айтқанда қайсысы қандай дегенді сол аспаппен немесе дауыстың өзіндік үнінің ерекшелігімен айтуға болады деген сөз. Әншінің ерекшелігі басқа музыканттардай емес әншілік аспабы үнемі өзімен бірге болатындығында.

Вокал сабағында қолданатын әдіс-тәсілдер.

Вокализ-Дауысты дыбыстардың көмегімен әуенді айту.

Артикуляция – сөйлеу дыбыстарын шығарудағы, жасаудағы дыбыстаушы мүшелердің қызметі.

Регистр – дауыс диапазонының дыбыс қатарының өзінің дыбыс бояуымен ерекшеленуі.

Ырғақ – дыбыстардың әр түрлі ара қатынасы.

Екпін, темп (жылдамдық, шапшаңдық) – музыкалық шығарманың ойналу жылдамдығының желісі.

Дикция (латынша) – айтылу, айту деген мағынаны береді.

Дауыс биіктігі (Әуезділігі) – дыбыс желбезектерінің тербелісі нәтижесінде обутондармен байытылу.


Дауыс күші – дыбыс желбезектерінің амплитудасы, яғни тербеліс қозғалысының қарқындылық кеңдігі.

Дыбыс-әуеннің ең бір кішкене белгісі.

Ән айту – педагогикалық деңгейде дұрыс ұйымдастырылса, музыкалық, эстетикалық тәрбиелеудің ең тиімді жолы болып есептеледі. Әсіресе вокалдың есту мәдениетін білуіне мұғалімнің арнайы білімі мен шеберлігіне байланысты іске асырылады.

III. Жаңа сабақ: Е.Хасанғалиев «Бозторғайым».

1. Әнді ережелерді сақтай оырып орындау.
2. Әнді оқушыға тыңдату.
3. Ән туралы мәлімет беру.
4. Дикциямен жұмыс.
5. Әнді оқушыға үйрету.



- I Ү.Сабақты қорытындылау.
С абақты бекіту сұрақтары:
1. Вокал дегеніміз не?
2. Вокалда қандай әдіс-тәсілдер қолданылады?
3. Е.Хасанғалиев кім?
Ү. Үйге тапсырма:
1. Диафрагмамен жұмыс.
2. Дикциямен жұмыс.
3. Жаңа әнді жаттау.
ҮІ. Бағалау.



ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР МЕРЕҮІ ТОҮ

**Даулетмуратова Венера Сахиевна,
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы, №1 балалар
музыка мектебінің қосымша білім беру педагогі**



Биыл қыркүйек айында Қарасай ауданы әкімшілігіне қарасты Алмалыбақ ауылындағы №1 балалар музыка мектебіне 55 жыл толды. Мектеп тарихы 1966 жылдың қыркүйегінен басталған еді. Ол кезде жәй ғана Алмалыбақ ауылындағы №1 балалар музыка мектебі деп аталатын. Дегенмен заман ағымына сай көтерілулермен бірге құлдыраулар кезеңі де болған жоқ емес. 2013 жылы мектебімізде бар болғаны 2 мұғалім ғана жұмыс жасады. Олар: бұрынғы мектеп директоры Калашникова Светлана Федоровна және Акилова Евгения Умирзаковна. Мектеп бұрынғы аудан әкімі орынбасары У.А.Бархинова және ауданның

білім бөлімі жетекшісі А.Н. Назарбаеваның көмегімен жартылай мемлекеттік қаржылануға ие болды.

Қазіргі таңда 3 бағытта жұмыс жасап келеміз - фортепиано, домбыра, вокал сыныптары. Бізде қазіргі кезде 8 мұғалім жұмыс істейді. Мектепте 7 жастан бастап 16 жас аралығындағы Алмалыбақ және Жалпақсай ауылының балалары тәлім алуда. Оқушылар қызықты сабақтар барысында көптеген шығармаларды үйрене отырып, әртүрлі

концерттерде Республикалық, халықаралық конкурстарда жүделі орындарға ие болуда. Балалар таңдаған аспабын еркін игерумен бірге, музыка сауаты (сольфеджио), қазақ музыка әдебиеті және шет ел музыка әдебиеті, хор сабағын қоса оқып, нота жазуды, оқуды, композиторлардың өмірбаяндарын шығармаларын тыңдауды және хормен ән айтуды үйренеді. Мектебіміздің ерекше мақтанышы – оның түлектері. Көптеген түлектер ары қарай музыка саласында білім алуды жалғастырып Алматы, Мәскеу, Новосибирск, Санкт-Петербург қалаларында жоғары оқу орындарын бітіріп, Қазақстанда, шет елде жұмыс жасап жатырғандар бар. Солардың бірі Часовитина Аида Валериевна Алматыда Абай атындағы опера және балет театрында әнші болып жұмыс жасайды. Өзіміздің ғимаратымыз болмағандықтан дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Әл-Фараби атындағы гимназиясын пайдалануға алып отырмыз. Біздің оқушыларымыз осы гимназияда өтетін тақырыптық кештердің сәні десекте болады. Осылайда болса біз алға қарай ұмтылып дамып келе жатқанымызды қуана тілге аламын. Сөзімді қорытындылай келе, аудан әкімшілігіне, және де осы гимназия әкімшілігіне, директоры Бақшагуль Байзақовнаға, өнерді мәдениетті бағалап, бізді қолдап жүргендері үшін алғыс білдіргім келеді. Бәрімізге Алмалыбақ ауылындағы музыка мектебіміздің 55-жылдық мерей тойы құтты болсын!



ӘН АЙТУДАҒЫ ТЫНЫС АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Даулетхан Төлеген

Алматы облысы, Көксу ауданы, Өнер мектебінің вокал бөлімінің
қосымша білім беру педагогі

Мақсаты: ән айту кезінде ауаны қалай жұту керектігі және тыныс алудың маңыздылығын айқындау.

Міндеттері:

1) Білімділік: тыныс алу арқылы дауыс аппараты құрылысының көмегі арқылы шығатын жуан және жіңішке дыбыстарды айқындау, қалыптастыру.

2) Дамытушылығы: тыныс алу арқылы дауыс аппараты құрылысының көмегімен шығатын жуан және жіңішке дыбыстарды айқындау, қалыптастыру.

3) Тәрбиелік: жалпы тұлғаның, оқушының музыкалық талғамын шыңдай отырып, сахналық мәдениетке үйрету және профессионалдық шеберлігін жетілдіре отырып тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

Ән айту ережесі:

1. Дұрыс тыныс алу;
2. Дауыс қою;
3. Резонатор ояту;
4. Тік тұру, денені еркін ұстау;
5. Үннің таза шығуы;
6. Музыкалық қабілетті арттыру.

Тыныс алу жүйесі - ағза мен сыртқы ортаның газ алмасу процесін қамтамасыз ететін тыныс алу жолдарының жиынтығы.



ДАУЫС АППАРАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ:

- ✓ Ерін
- ✓ Тіл
- ✓ Таңдай
- ✓ Жұмсақ таңдай
- ✓ Тамақ



Резонатор ояту

Резонатор (лат. Resono) – жауап қайтаратын, үн қосатын. Резонанстық қасиеті айқын байқалатын тербелмелі жүйе. Бас сүйектің және кеуде тұсының жанғырлық дыбыс шығаруы.



Дыбыс шымылдығы

Тамақтың екі жағында орналасқан дыбыс шымылдығы арқылы дауыс жуанды-жіңішке болып шығады. Дыбыс шымылдығының қысымғы болмауына тыныс алудың көмегі басым.



Кішкене тілше

Үннің таза шығуына дауыс аппараты, тіс, кішкене тілше және жұмсақ таңдайдың үлесі зор.



Сабақ барысы:



Сабақты қорытындыдау.
Ән айту – тыныс алу, Тыныс алу – ән айту.

ДӘСТҮРЛІ ӘН АЙТЫП ҮЙРЕНУ ӘДІСТЕРІ

**Динислямов Дастан Мәдиұлы,
Алматы облысы, Көксу ауданы, Өнер мектебінің дәстүрлі ән сыныбы
бойынша қосымша білім беру педагогі**

Мақсаты: Оқушыға қарапайым 3 әдіс арқылы дәстүрлі ән үйрету:

1-әдіс. Хат танымайтын балаға жүзбе-жүз отырып, ән үйрету.

2-әдіс. Есте сақтау қабілеті төмен балаға сандық нота арқылы ән үйрету.

3-әдіс. Музыкалық сауаттылық бар балаға нотамен ән үйрету.

1. Білімділік: оқушыға жеңіл болу үшін әр түрлі әдісті пайдалану арқылы сабақ өту;

2. Дамытушылық: оқушының қызығушылығын арттыру үшін бейнематериалдар көрсету;

3. Тәрбиелік: домбыраны дұрыс ұстау және өз бетінше ізденуге тәрбиелеу.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

1.1. Сәлемдесу.

1.2. Домбыраның құлақ күйін келтіріп, оқушының дайындығын қадағалау.



2. Тыныс алу және ән айту жаттығулары.

2.1. Домбыра аспабының көмегімен дауысты ашуға, оятуға арналған жаттығулар жасау.



3. Үй тапсырмасын сұрау.

3.1. Қазақ халық әні.

Халық әндері ауызша дәстүрмен сақталған және қоғамға таныс қандай да бір ұлт пен этникалық топ адамдарына арналған ерекше әуен. Халық әуенінің дамуының шынайы тарихын тек қана болжауға болады. Нотаға түскен халық әндері мен халық әуені мәдениетінің тарихының хроникасы өте сирек кездеседі, әдетте бұған немқұрайлықпен қарайды, тіпті қоғамдағы оның пайда болуы да беймәлім.

3.2. Халық әні «Беу айдайды» талдау.




4. Жаңа сабақ. Д.Рақышев өмірі мен шығармашылығы

Рақышев Дәнеш - әнші, композитор. 1926 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Талды ауылында дүниеге келген. Қазақ КСР-інің халық әртісі (1986). Суан



руынан шыққан. Рақышевтің алғашқы өнер мектебі көркемөнерпаздар үйірмесінен басталады. 1944- 45 ж. Шығ. Түркістандағы қазақтың жас әншілері құрамында ел аралап, өнер көрсетті. 1945 ж. Құлжа қаласындағы (ҚХР) ұйғыр-қазақ театрының актері болып орналасып, Әбдірахман (Б.Майлин «Шұға»), Жапал, Қалқаман (М.Әуезов «Еңлік – Кебек» пен «Қалқаман – Мамыр»), т. б. сахналық бейнелерді сомдады. 1946-1949 ж. осы театрдың қазақ бөлімін басқарған. 1959 ж. Қазақстанға оралғаннан кейін бұрынғы Талдықорған облысы Панфилов ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» халық театрының режиссері қызметін атқарды. 1968 жылдан Талдықорған филармониясының әнші-солисі және

осындағы «Тамаша әзіл-сықақ кеші» тобының жетекшісі болды. М. Ержанов, Ж. Елебеков сияқты әншілердің орындаушылық дәстүрін жалғастырды. Д.Рақышев өз жанынан: «Шаттық толқыны», «Бикешім», «Ақмаралым», «Аққулар, қош болыңдар» «Мақтанышты елім бар», «Жас қайрат», «Жер сұлуы Жетісу», «Комсомол», «Саясында алманың», «Жеңеше», «Туған жер», «Алматым», т. б. әндерін шығарған.



4.1. «Бикешім» әнін талдау.

5. Қорытындылау:

1. Д.Рақышев кім?
2. Қандай шығармаларымен таныстың?
3. «Бикешім» әнінің шығу тарихы?
4. Оқушыны бағалау.

О РОЛИ ПЕДАЛИЗАЦИИ И ФОРТЕПИАННОМ ЗВУКЕ

Дрягина Лилия Леонидовна,
педагог дополнительного образования фортепианного отделения,
директор Центра детского творчества и летнего отдыха г. Капчагай
Алматинской области

Звук на рояле не льется струей, подобно голосу или звуку смычковых и духовых инструментов, и будучи извлечен, быстро утрачивает первоначальную силу и гаснет. Таким образом, сыгранная на рояле мелодия не представляет плавной звуковой линии, а состоит как бы из точек

/ особенно ясно слышно при медленной игре /.

Главная задача педализации – это лишить фортепиано, некоторой доли той, сухости и не продолжительности звука, которая так невыгодно отличает его от всех других инструментов. Ведь в рождении фортепианного звука присутствует механический стук молоточка о струну, соединенный с чисто музыкальным звучанием. Действительно, если извлечь звук правой рукой, предварительно зажав рукой соответствующие струны, то можно услышать отдельно механический стук. Педализация опирается на художественные

принципы. На объективную основу, но и тут пианист проявляет свою индивидуальность, свой темперамент. Педаль может подчеркивать контрасты, создавать оркестровые и регистровые эффекты, делать более заметным и полным расслоение голосов и созвучий, для осуществления невозможного для рук связывания звуков, тенуто и органнных пунктов.

О педали фактурно-необходимой и обогащающей

С точки зрения художественной цели, педаль можно разделить на две категории: педаль фактурно-необходимая и педаль обогащающая.

Фактурно-необходимой называется педаль подразумеваемая мысленно вписанная в текст та, без которой музыка теряет свой смысл. Это – «романтическая» педаль получившая свое полное развитие у Шопена и Листа. Пример: любое произведение этих композиторов. Вот и у Баха можно помочь себе педалью. Если у Баха не нужно употреблять педаль, то это не значит, что во всех полифонических произведениях, педаль не нужна.

О «чистой» и «грязной» педали

Часто акустически чистое звучание оказывается музыкально фальшивым, а музыкально верное, единственно допустимое, включает акустическую грязь. Нередко приходится встречаться и в редакциях и на практике с педалью, написанной или примененной по принципу «секундодробли». Сам интервал секунда ничего серьезного не представляет. В секунде, особенно малой, часто заключена сама соль гармонии, а также фортепианного звучания. Но секунда – секунде рознь. Дело не в акустическом признаке созвучия а в ее музыкальной роли, в ее логическом смысле.

При смене гармонии важно слухом проверять незасоренность звучания, а не ограничиваться движением ноги. Поднятие и опускание педального рычага не всегда гарантирует полное выключение предыдущего звучания. Педальные излишества – одно из следствий дурно воспитанного слуха. «Педаль существует для того, чтобы попить ногами хороший вкус»- говорил Бузони.

Элементарная гармоническая грязь возникает, когда при появлении новой гармонии ухо слышит предыдущую.

Однако на практике приходится включать в одну педаль чуждые гармонии звуки и даже играть гаммы на педали. Поглощение звуков рояля последующими – один из важнейших факторов фортепианной игры. Пример: Рахманинов «Музыкальный момент Ми минор». Гамма вниз на педали зачастую безобидна. Об этом следует помнить при гаммообразных пассажах в обоих направлениях. В медленном темпе грязь может получиться от смешения остаточных звучностей. В сравнительно быстром темпе остатки не успевают «ожить». Этим объясняется чередование на одной педали взаимно исключаящих друг друга звуков. Пример: Лист – Паганини «Этюд ми бемоль мажор».

О педальной и беспедальной звучностях

Педаль служит продлению звука, поэтому можно заменить недостающие пальцы, удержать звучание, когда руки вынуждены опустить клавиши. Она способствует легато, удерживает гармонию, расположенную на диапазон клавиатуры. В этом ее первичная функция. Значение педали и в красочном богатстве, мягкости звукоизвлечения. Педалью достигается и естественное затухание ряда звуков. В этом смысле удержание нот пальцами не равноценно удержанию их педалью. Рояль рожден с педалью «Душа рояля – это педаль» - говорил Рубинштейн. Противопоставление беспедального звучания педальному - сильное выразительное средство. Оно служит и звуковой и обрисовке ритма. Но контракт этот должен непременно быть продиктован художественной целью.

Ничем не оправданная смена педальной и беспедальной звучностей не так безобидна. Она создает звуковую пестроту. Противопоставление двух колоритов обогащает выразительность. Создание случайных беспедальных островов в одно колоритной музыке разрушает ее единство.

Особенно заметна, сухость беспедальной игры после длительного насыщенного звучания на педали. Между педальной насыщенностью и беспедальным сухим звучанием – бездна. И управлять этими двумя крайностями было бы трудно, если, бы не было связующего звена - неполной педали.

Пример: Лист – Паганини «Этюд Ми мажор».

О неполной педали

Под неполной педалью часто понимают /Мартисен, Шмидт/, быструю подмену педали при неполном ее снятии, т.е. запаздывающую. В этом случае Крейцер ее отрицает. Неполной педалью Голубовская называет – неполное нажатие. Нажатие может меняться – быть сначала полным, потом ослабляться, иначе, быть глубоким и более мелким.

Неполная педаль тем сильнее действует, чем выше звук. Когда на удержанной в басу гармонии «чуждые» ноты рискуют застрять на слуху, приходит на помощь неполная педаль, чтобы обогатить обертонами дрящееся звучание баса, а затем приподнять ее, когда нужна осторожность в соединении смежных звуков. При быстром движении педальной лапки неизбежно возникает гул. Возродить звук новое нажатие не может. Если хочется удержать бас до конца, можно после доминантных аккордов на разрешении чуть-чуть приподнять и опустить обратно педаль.

Неполная педаль –

1. Средство для удержания гармонического единства при рискованных соединениях.
2. Второе, не менее важное значение неполной педали: сохранение отчетливости при уничтожении сухости.
3. Третье преимущество неполной педали заключается в том, что соседство с беспедальным звучанием не создает неприятного контраста.

О времени нажатия педали

Подлинно красочная педаль – нажатая вместе с нотой и особенно до удара. Существует теория, по которой именно запаздывающая, вернее синкопированная педаль служит усилению и обогащению звука. Неопытный ученик часто меняет сразу после вступлении мелодии и разрушает всю звуковую подготовку.

О разделяющей педали

Основные виды разделяющей педали – ритмическая, динамическая, красочная, артикулятивная педаль. Под красочной, понимается педаль, подчеркивающая различие красок. Ее можно бы назвать инструментирующей.

Динамическая – роль педали часто совпадает с оркестрирующей и с ритмической. Ее целью является поддержка акцентов, динамических контрастов, нарастаний и спадов звучности.

Ритмическая – роль педали очень велика. Не только момент нажатия способствующий выделению опорного звука, т.е. тона, имеет значение, но особенно момент, снятия, разрывающий ткань, разделяющий опорные точки и этим подчеркивающий их значение. Именно момент снятия педали дает основную характеристику ритму.

Педаль помогает и артикуляции, рельефно отделяя легато от стакато, но существует не для того, чтобы акустически подменять естественную «рукотворность» мелодического дыхания.

Об осторожности при снятии педали

Очень рискованно снимать педаль одновременно с ударом по клавише. В громком пассаже, сыгранном на одной педали, снятие ее на последней ноте производит эффект подобный вылетанию пробки из бутылки.

В танцевальных ритмах педаль лучше снимать между моментами пульсации. Если смысл музыки требует слияние главного певучего изложения, нужно сохранять и единство звучания, а педаль снимать после удара.

В случаях легатного соединения двух аккордов, из которых второй более короткий, невозможно брать педаль особенно полную на первом и снимать на втором. Либо нужно первый аккорд брать без педали и употреблять ее лишь для соединения, либо педализировать оба аккорда, второй короче первого, либо запаздывать со снятием после второго аккорда. Нужно не забывать, что педализация опирается на художественные принципы, на объективную основу и исходить из этого.

Некоторые методические соображения

Обучать педализации нельзя. Можно воспитывать понимание музыки и педальное чутье. Для этого с самых первых шагов ребенок должен осознавать цель и результат управления педалью. Приучать ученика к владению педали нужно как можно раньше, на очень ранних ступенях. И начинать нужно с самых простых произведений и самого простого

применения педали.

Например: Майкапар «Свирель» 2 класс, Гурлитт «Этюд» фа мажор. Научить учению слышать, т. е. Управлять слухом можно на простом упражнении: взять гамму, пусть До мажор и заставить играть одним пальцем и добиваться ее связности и чистоты на запаздывающей педали, которая легко усваивается учениками. Прежде, чем приучать ученика к владению педали, нужно чтоб ученик усвоил некоторые правила.

1. Носок ноги должен прикрывать педаль до того, как кончается утолщение, а пятка постоянно должна быть на полу, т. е. При смене педали на всю ногу поднимать, а только носок вместе с педалью. Упор на пятке и нога, от педальной лапки не должна отрываться, чтоб избежать шлепка педали.

2. Следует хорошо усвоить, что не следует нажимать педаль до упора, и не следует поднимать ногу над педалью т.к. демпферы не касаются, и дальнейшее давление на педаль не имеет значения для звука и наоборот. Вредно, чтобы ученик зрительно усваивал педализацию, чтобы импульс ноги подчинен был зрительному приказу отдельно от музыки в целом. Всмотривание в педальную запись и автоматизация двигательного процесса надолго тормозит развитие управления педалью на слуху и смысле. Не заучивать, не переучивать педализацию нельзя. Ученик должен знать, для чего он педализирует, должен слухом и сознанием охватывать цель, чтобы осуществление ее постепенно становилось бессознательным.

3. Техническую работу проводить на педали нельзя, но выучить пьесу без педали, а потом прибавлять педализацию – нецелесообразно и не верно.

Ученику, который научился уже педалью /ученикам старших классов /, можно просто сказать – играй с педалью . Если, что часто происходит, он спросит: «а как?»- ответ как хочешь , как нравится . И потом уж объяснить в чем его ошибки, что неверно звучит и почему. Когда у него уж есть привычка педальной инициативы, можно заранее объяснить педализацию, т.е. направлять его внимание на ее цели, например на необходимость легато и пауз, необходимость удержанной гармонии, неполной педали и т.д. В более тонких и сложных случаях нужно вместе с учеником работать над педализацией быть его дополнительными ушами , подталкивать его воображение, помогать разбираться, что мешает его звуковому намерению.

Проверка в медленном темпе педализации в быстрой музыке невозможна, т.к. картина сочетаний начал и продолжений звука, меняется. Педаль как и динамика и ритмика, приобретает свой смысл лишь в движении.

Два слова о левой педали. Верное правило гласит: левую педаль вовсе не нужно применять при каждом пиано и пианиссимо, но только, когда требуется изменение тембра. Не все учащиеся знают, что главное очарование левой педали не в том только, что молоточек ударяет две струны, а не три, что звук тише, а в тон первая /из трех/, неударяемая струна /т.к. механизм передвигается слева направо/ звучит вместе с ударными струнами, не понуждаемая к этому ударом молоточка, а так как над ней поднимается глушитель /демпфер/ и она звучит исключительно из сочувствия к настроенным с нею в унисон струнам соседкам. Это самый «неударный» звук какой только возможен на фортепиано, и нельзя его не любить за эту особенность.

«Не пользоваться совершенно педалью – это исключение из правила, пользоваться ей постоянно разумно – это правило» - писал Рубинштейн в своей книге «Об искусстве фортепианной игры».

РАЗВИТИЕ ТЕХНИЧЕСКИХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ ФОРТЕПИАНО В МЛАДШИХ КЛАССАХ

Дюсембекова Сауле Омоновна,
преподаватель по классу фортепиано Детской школы искусств
г.Талдыкорган Алматинской области

Цель урока: овладение разными видами технических навыков в младших классах.

Задачи:

обучающая: научить ребенка владеть разными видами фортепианной техники в пределах изучаемых на данном этапе произведений.

Развивающая: сформировать и развить технические навыки игры на инструменте. Познакомить ученицу с наиболее интересными фактами из биографии композиторов, произведения которых она изучает.

Воспитывающая: воспитать культуру исполнения изучаемых произведений, терпение и настойчивость для преодоления трудностей. Воспитание чувства прекрасного.

Ход урока:

Организационный момент (объявление темы урока, посадка за инструментом, концентрация внимания (1 мин.).

Подготовительные упражнения к гаммам (1-10 мин.). продолжение работы над звуком, совершенствованием техники и беглости пальцев (5 мин.).

Гаммы: ре минор и фа минор. Работа над ровностью звука: подкладыванием первого пальца, Legato, аппликатурой (5 мин.).

Упражнения по Шарль Ганону:

а) «Рыбак»;

ә) «Танкист» (5мин.).

Краткая биография композитора.

Прежде чем начать работу над упражнением, я хотела бы познакомить тебя с краткой биографией композитора - правильнее Аннон Шарль Луи-годы жизни-1819-1900гг. Французский пианист, органист и педагог. Учился в Парижской консерватории у В.Берио. Преподавал игру на фортепиано в городе Булонь-сюр-Мер на севере Франции. Шарль Луи автор этюдов и пособий для фортепиано. Упражнения «Рыбак» и «Танкист» играют для крепости и активной подвижности пальцев.

Важнейшим условием для развития правильных игровых навыков являются плавные, незаторможенные движения всей руки при подъеме и опускании ее на клавиатуру: собранные, не растопыренные пальцы и отсутствие напряжения в мышцах кисти, ладони и пальцев. И только после всего играем в темпе с движением.

Эти упражнения требуют свободного «заброса» кисти для ведения мелодической линии и плавного перемещения позиции. Л. Шитте – этюд ля минор. Краткая биография композитора. Людвиг Шитте, правильнее Скютте (дат. LudvigSchytte; 28 апреля 1848, Орхус – 10 ноября 1909, Берлин) — датский композитор и пианист.

Получил профессиональное образование как фармацевт и лишь в возрасте 22 лет решил посвятить себя музыке. Учился в Копенгагене у Антона Реэ, Нильса Гаде и Эдмунда Нойперта, с 1884 года занимался в Веймаре под руководством Ференца Листа. В 1886-1907 годах жил и работал в Вене, преподавал в том числе в Клавирной школе Горака. Последние два года жизни провёл в Берлине, преподавал в Консерватории Штерна.

Работа над Legato, темп умеренный, ровность, плавность звука, гибкость кистей рук (10 мин.).

Этюд. Техническая задача – в аккордах добиваться одновременного звучания всех нот. Скачки и переносы рук. Работа над координацией рук (10 мин.). Работа над острым и коротким staccato.

Изучение педагогом индивидуальных данных учащихся очень важно учитывать внутренний слух, музыкальность, качество пианистического аппарата, пластичность руки и чуткость. Или можно выразиться так: физиологические особенности ребенка. Также

на мелодию влияют эмоциональные, стилевые жанровые моменты. Различные авторы, разных эпох. Знать, интересоваться биографией композиторов. Здесь задача педагога нравственная норма педагога. Раскрыть смысл музыкального произведения. Вывод: когда ребенок уже приобрел какое-то количество исполнительских навыков, мы, педагоги начинаем период, «обще музыкальных накоплений». На этом этапе главная задача педагога заложить у ребенка основы хорошего музыкального вкуса.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ РӨЛІ

**Есболова Ляззат Мухаметкалиевна,
Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Оқушылар сарайының
директоры**



Талдықорған қаласы «Оқушылар сарайы» 2016 жылдың қыркүйек айынан өз жұмысын бастады. Оқушылар сарайында қосымша білім берудің тиімділігі: балалардың бос уақытын қамтамасыз ету, алған білімдерін іс жүзінде іске асыру, жеткіншектердің тәрбиесі мен жалпы дамуының көрсеткіштерін жоғарылату.

Сарайда шығармашыл, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда 8 бағытта 45 түрлі үйірме жұмыс жүргізіледі. Әр оқу жылында ата-аналар мен балалардың сұраныстары бойынша жаңа үйірмелер ашылып, балалардың қызығушылықтары арта түсуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ІТ салаларын дамыту мәселелері Үкіметтің басты бақылауында болып, бүгінде оқушыларды осы салаға дайындау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сол себепті, бүгінгі таңда Ғылыми-техникалық бағытты дамыту және оны ІТ-технологияның әртүрлі салаларында кеңінен қолдану мақсатында «TECHNOPARK», ІТ-сынып, Fab

Lab, Коворкинг орталықтары ашылып, қазіргі заманғы ең озық технологиялық құрал жабықтармен жабдықталды. ІТ-сыныпта: Робототехника, Бағдарламалау, 3D модельдеу үйірмелері жұмыс жасайды және STEM Academia компаниясымен платформа базасында оқыту жүргізіледі. Қазіргі таңда жасанды интелекті жобалауға арналған бірден-бір бағдарлама – Arduino модулі. Бұл жобаның негізі – мамандандырылған тілде контроллер үшін код жазуға болатын базалық аппараттық модуль және бағдарлама, әрі ол бұл модульді қосуға және бағдарламалауға мүмкіндік береді. Оқушылар Arduino модульді бағдарламалауды үйреніп, роботтарға жататын қызықты және пайдалы электронды құрылғыларды құруда.

Сарайдың «Жас актер» үйірмесінің жетекшілері ҚР Халық әртісі Алмахан Кенжебекова мен Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Кендебай Темірбайұлы сахнаға жас жеткіншектерді дайындап, бірнеше рет поэтикалық қойылымдарды көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жүр. Жақында ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, Тұңғыш Президент күні мерекесіне және ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына, Ж.Жабаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған түрлі іс-шаралар,



тақырыптық көрмелер, концерттік бағдарламалар және Алматы облысының мәдениет және білім басқармасының қолдауымен І облыстық «Жас актер» Фестивалі өтті. 2 күнге созылған Фестивалде Академик, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оразалы Сабденнің «Абай Қазақстанның болашағы» поэтикалық қойылымы, Рақымжан Отарбаевтың «Нұр жауған ғұмыр» драмасы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбаевтың «Қыз жылаған «Қара орамал» поэтикалық қойылымдары көрсетіліп, қойылымға 150 бала қатысып, Үздік «Лауреат» атағын алып, дипломдармен марапатталды. Осы үйірмеде сахнаның сөз шеберлігін үйреніп, ұстазынан тәлім-тәрбие алған 5 шәкірті түрлі жоғарғы Өнер саласындағы оқу орындарында оқып жүр.



Жас өнерпаздардың эстетикалық талғаммен орындаушылық қабілетін дамытуда «Қуыршақ театры» үйірмесінің орны да ерекше. Үйірме оқушылары өздері сомдаған ертегілерін сарай сахнасында да, балабақшаларға қойып, көрермендерін риза етуде.

XXI ғасыр технологиялық ақпараттық заман болғандықтан «Жас қаламгер» мен «Жас ақын» үйірмелері жас таланттардың өнерін шыңдауға, шығармашылық қабілетін дамытуға баулып келеді. Осы үйірме жетекшілерінің басқаруымен 24 беттен тұратын түрлі - түсті «Бала әлемі» оқу- танымдық журналы 200-300 данамен жарыққа шығып, өз оқырмандарын

табуда. Онда балалардың шығармашылық төл туындылары жарияланып, сарайдың тыныс-тіршілігі таныстырылады.

Қазақ халқының дәстүрлі өнерін шет елге насихаттауда «Мұрагер» домбырашылар ансамблі мен Үлгілі хореографиялық «Солнышко» би ансамблінің жеткіншектері Халықаралық байқауларға бірнеше рет қатысып, алдыңғы жүлделі орындарға ие болды. «Солнышко» би ансамблі Испания мемлекеті Ллорет Де-Мар қаласындағы Халықаралық байқауда бас жүлдені иеленсе, «Мұрагер» домбырашылар ансамблі Чехия мемлекеті Прага қаласында жеңіске жетіп, бас жүлдені иеленіп, Санкт-Петербургте өткен супер финалға жолдамамен қатысып, 2 орынға ие болды.

Онлайн байқауларға да қатысқан үлгілі «Солнышко» хореографиялық би ансамблі Парижде өткен «Magnifique Paris International festival of arts» және Өзбекстан Республикасында өткен «Roze of the east» байқауларында бас жүлде, Стамбул қаласында өткен Халықаралық «ART FEST ISTANBUL 2021» байқауында 1-орынға ие болды.

V Республикалық «Жарық жұлдыз» байқауынан «Melody kids» бүлдіршіндері бас жүлде, Халықаралық «Премия Нового Формата 2020-2021» байқау-фестиваліне қатысқан Оқушылар сарайының «Melody kids» үйірмесінің жеткіншектері 1-ші орынға ие болды. «Унисон», «Веселая компания» үйірмелері талай мәрте Халықаралық, Республикалық байқауларда жүлдері орындарға ие болды. Эстетикалық бағыттағы үйірмелердің жеткіншектері «Көңілді бояулар», «Жас сәнгер», «Сән және дизайн», «Қыш өнері», «Мүсін өнері», «Қолөнер» үйірмелерінің оқушылары Халықаралық, Республикалық деңгейдегі байқауларға, көрмелерге қатысып, өнер туындылары үнемі



ерекшеліктерімен көзге түседі.

Туризм – спортпен, бос уақытпен және табиғатпен тілдесімен тікелей байланысты. Туризм әлемдік экономикада басты роль атқарады, соның ішінде Қазақстанның ішінде Туризм жақсы дамып келеді. Еліміздің Тәуелсіздік алуы туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихы және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз боп қаланды. Туризмнің тез және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық саласына және қоғамның әл-ауқатына күшті ықпалын назарға ала отырып Үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағдарламасында туризмді басым сала деп анықтады. Сондықтан Оқушылар сарайында балалардың Туризм бағытындағы үйірмелер спорттық дамуына үлкен назар аударылып отыр. Тау туризмі, Көп салалы туризм, спорттық және жаяу туризмі Жасөспірімдер арасында өткен ҚР кубогінің иегері болды. Туризм бойынша Қазақстан Республикасының чемпионатында 1 орынға ие болды.

Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу – алдымызда тұрған үлкен міндет. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасы аясында өз өлкелерінің тарихын терең білу мақсатында «Тарихи-өлкетану» бағытындағы үйірмелер туристік марафон бойынша облысымыздың ең әсем тарихи-мәдени орындарға: Ақын Сара мемориалдық музейіне, Алтын Емел ұлттық паркі мен Шоқан Уалихановтың музейіне және т.б бірнеше рет тарихи жерлерге жиі саяхат жасады.

«Шахмат» үйірмесінің жеткіншектері Туркия мемлекетінде өткен чемпионаттан 2-орынды иеленіп келді. Қазіргі таңда осы үйірмеге сұраныс артып, оқушылардың шахматқа деген қызығушылықтары артуда.

Аспан әлемімен жақынырақ танысу мақсатында оқушыларға кешкі уақытта Обсерватория мен Жұлдызды зал жұмыс жасайды. Қала мектептеріндегі оқушылармен алыс-жақын аудандарға үнемі экскурсиялық жұмыстар жиі жүргізіліп тұрады. Сонымен қатар жанды бұрышпен биология сыныбында гидропоника мен ерекше гүл тұқымдары өсірілуде және болашақта «Қысқы бақ», «Лимонариум» ашылу жоспарлануда.

Ата-аналардың да жылдан жылға жаңа үйірмелер ашуға сұранысы жоғары. Ұрпағымызды өнер өріне шығуға, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына, шығармашылық шыңға жетуіне ықпал етуде қосымша білім беру мекемелерінің атқарар рөлі зор.

ТҮСТЕР. ЖЫЛЫ ЖӘНЕ СУЫҚ ТҮСТЕР (СУРЕТ САЛУ САБАҒЫ)

Есенов Доскали Молдағалиевич,
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Исатай Исабаев атындағы өнер
мектебінің директоры

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушыларға түстер туралы жаңа мәліметтермен таныстыру, тақырып бойынша өз ойларын айта білуге үйрету.

Дамытушылық: оқушының өз бетінше жұмыс еріктілігін, өз күшіне сенімділігін қалыптастыру.

Тәрбиелік: оқушылардың көркем өнерді қабылдау сезімдерін дамыту, шығармашылыққа, сұлулықты сезіне білуге баулу.

Сабақтың әдісі: құю әдісі, топпен жұмыс.

Сабақтың типі: аралас

Сабақтың түрі: жаңа білімді меңгерту.

Сабақтың көрнекілігі: бояу түстері, қосымша мәліметтер.

Болжамдалған нәтиже: оқушылар өз беттерінше жаңа сабақты меңгере біледі, топпен, жұппен жұмыс жасай алады.

Сабақтың жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1.1 Оқушылармен амандасу, түгелдеу;

1.2 Сыныптың назарын саббаққа аудару;

1.3 Топтастыру (түстер бойынша).

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Сұрақ-жауап.

III. Жаңа сабақ:

Мәтінмен жұмыс (түстер туралы мәтін)

- жеке жұмыс

- жұппен жұмыс

- топпен жұмыс(плакатқа өз ойларын түсіру)

- топ басшылары өз жұмыстарын қорғайды.

IV. Жаңа сабақты бекіту:

Мұғалімнің тусіндірмесі.

Құю әдісі (боюлар жұмыс).

Түстерді қағаз бетінде құю арқылы салу әдісі.

V. Сабақты қортындылау және оқушыларды бағалау.

Бейне көрініс (қортындылау).

VII. Үйге тапсырма:

Сұрақ – жауап

1. Графика дегеніміз не?

2. Графика қалай орындалады?

3. Графика қай елдің сөзінен шыққан?

4. Графиканың түрлерін ата?

5. Гравюра дегеніміз не ?

6. Графиканың ең қарапайым түрі?

7. Графиканың ағашқа салынған түрін қалай атаймыз?

8. Гравюраның тасқа қашап салынған түрі қалай аталады?

9. Гравюраның линолеумге жасалған түрін линогравюра дейміз?

Жаңа сабақ.

Мәтінмен жұмыс.

Егер көктемде табиғаттағы алуан түсті өсімдіктерге зер сала қарасақ, жаңа өмір басталып тірішілік атауының бәрі оянып келе жатқан кезде бүршік атқан бұдыр пішіндердің, ашық та таза түстер реңдерін көре аламыз. Жасыл түстерден көк немесе сарғыш реңдерді, ал жеміс ағаштарынан сарғыш, қызыл. Күлгін сары бүршіктерді аңғарамыз. Әр түрлі көк жасыл түстер жиынтығы жалпы жасыл болып көрінгенмен зер сала қарағанда олай емес. Күзде табиғат түрлерімен өзгеріске енеді. Жазғы желмен бірге шайналған көк шөптер суық түсімен көптеген құбылмалы түстерге енеді. Сары жасыл түстен – сары қызғылтқа, қызыл сары түстен – күлгін түске дейін құбылады.

Түрлі түстер ерекшелігін жақсы білу үшін оны кескіндеме, сәндік өнерге пайдаланып суреттер салу керек. Күн сәулесінде түстердің барлық толқынының құрамы бар. Ақ түстер көп қырлы шыны призма арқылы өтіп, құрамды бөліктерге жайылады, бұл спектр деп атайды. Әр түстің өзінің қосымша түсі болады, мысалы қызыл түстің ортасынан диаметр сызығын қарама – қарсысына жасыл түс келіп түскен, ал оптикалық араласу кезінде олар ақ түске айналады, мұндай түстер қосымша түстер деп аталады. Сары түстің қосымша түсі – күлгін түс, көк түстің қосымшасы – қызыл сары, күлгін түске – сары, қызыл сары түске – көк түстер қосымша түс бола алады.

Түстік шеңберді екі бөлекке бөлуге болады. Оның бір жағына қызыл, сары, тоқ сары түстер орналастырады. Олар от пен ұқсас болып келеді. Ал екінші бөлігіне ашық көк, көкшіл жасыл, көк, сия көк түстер кіреді. Олар суық түстерге жатады. Себебі; олар мұз бен суды еске түсіреді.

IV. Сарамандық жұмыс.

Түстерді үрлеу әдісі:

1. Қағаз бетіне қылқаламның көмегімен бірнеше түрлі – түсті тамшылар түсіреміз.

2. Енді осы тамшыларды ауызға жақындатып, айналдыра үрлейміз.

3. Балалар тамшылардан пайда болған бейнелерді айналдыра қарап, өздерінің

қиялдарына байланысты неге ұқсайтынын айтады.

Түстерді қағаз бетінде құю әдісі.

Сары, қызыл, көк.

Ал енді балалар, біз осы түстерге байланысты бір әдісін пайдаланып сурет саламыз. Кәдімгі тақтайшаға керілген арнайы қағазға немесе кенепке, бетіне екі – үш бояуларды арластыра немесе кез келген сурет салып, оны қағаз бетіне құю арқылы сурет саламыз.

V. Жаңа сабақты бекіту:

Қызыл, сары, көк

Жылы және суық түстер

Негізгі түстер қосымша түстер

VI. Сабақты қортындылау және бағалау.

Бейнетаспа (қортындылау)

VII. Үйге тапсырма:

Құю әдісі бойынша сурет салып келу.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

**Жаңбырбаев Самат Қалижанұлы,
Алматы облысы, Текелі қаласы,
Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану
орталығының директоры**

*Туған жерден сұлу не бар?
Оның үстіне, ол шынында да сұлу болса!
Алатау мен Тянь-Шаньның асқарлары сілемдері
және биікте жатқан көкорай шалғындары,
Шарын шатқалының қайран қалдырар
арналары мен құлама сарқырамалары,
сонадайдан көз тартар Үстірттің тылсым кеңістігі,
інжу-маржан Балқаштың көгілдір айдыны,
жасыл желек жазира, самал желден жайқалған
ақ қайындары мен шыршалы ормандары,
өркеш-өркеш таулары мен айна көлдері,
толқындары тулаған қарт Каспийдің
шетсіз-шексіз шалқар айдыны тамсантпай қоярма!
Н.Ә. НАЗАРБАЕВ*

Туризм саласын дамытуға үлес қосу аясында, әрбір ауыл, аудан, облыстың тарихи-этнографиялық, демографиялық, салауаттық әлеуетінің көтерілуіне ықпал жасау және оларды түрлі шаралар арқылы жетістіктерін көрсету. Тәуелсіздік тұғырын бекітудегі мәңгі ел мұраты әрбір адамның жауапкершілігі мен адами болмысына тікелей байланысты. Ел дамуына да ықпалды күш - адам және оның әлеуеті. Уақыт ешкімді күтпейтінін ескерсек, бүгінгі мүмкіндікті пайдалана алмаған, ертеңгі несібесін қолынан шығарып алуы да ғажап емес. Сондықтан да жаһандану әлемінің заңдылығы да, заманауилығы да күн санап өзгеріске ұшырауда. Қазақ перзентінің әлемдік кеңістікте алатын еншісі мол, тек батыл да жігерлі еңбек арқылы несібесіне қол жеткізу.

Балалар туризмі – адамзат жинаған өмірлік тәжірибесін өскелең ұрпақтың санасына сіңірудің, құндылыққа бейімделуді қалыптастырудың, ұлттық адамгершілік қалпына келтірудің тиімді тәсілі болып табылады.

Туризм балалардың түрлі талпыныстарын қанағаттандыра алады. Онда әр бала өзіне сол қиындықты, оның ұмтылыстарына, мүмкіндіктеріне ықпал ететін жорықтардың түрін таңдайды. Ең бастысы - бала бойындағы қабілет пен икемділіктің ашылуы. Жорықта өз жерінің тамаша табиғаты мен жер қойнауы байлықтарымен танысып қана қоймай, осындай жорықта өзінің бойына да жігерлілік пен қайсарлық, табандылық пен төзімділік, достық пен өзара көмек көрсету қасиеттерін тәрбиелеп, қалыптастырады.

Туризм мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесінде жетекші орын алады. Білім беру мүмкіндіктерін жүзеге асыру қосымша білім беру педагогтарға байланысты. Туризм бойынша жұмыс еңбек пен ерік дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Жаяу жорықта турист кедергілерді жеңуді және аумақты бағдарлай білуді үйренеді.

Туған жер – әркімнің кіндік қаны тамған, бауырында еңбектеп, талпынып аяғына тұрып қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи қоныстанатын өлкесі. Бұл туған өлкенің табиғи байлығы, тарихи өткендігі туралы білімді алу, ең қызықты нысандармен, ерекше табиғи кешендермен танысу, балалармен бақылауларды ұйымдастыру және өткізу дағдыларын қалыптастыру, оларды кейінгі өңдеумен және талдаумен байланыстыру өлкетануды зерттеу және өлкетану бақылауларын жүзеге асыру оқыту мен тәрбиені бір процесте ұштастыруға ықпал етеді.

Текелі қаласының балалар мен жасөспірімдердің туристік және өлкетану орталығы 2015 жылы ашылып келесі бағыттар бойынша өз жұмысын атқаруда.

Атап айтқанда, туристік бағытта тау, жаяу туризм, велотуризм мен жас туристер сияқты үйірмелер бар. Осы бағыттағы оқушыларға әртүрлі қызықты және танымдық экскурсиялар, жорықтар мен экспедициялар ұйымдастырамыз.

Жорықтар түрлері: демалыс күндері, санатты және дәрежелі жорықтар. Жорықтардың қиындықтарына және баланың жасына қарай жорықтар ұйымдастырылады. Жорықтардың басты құндылығы - туған жеріңді білу және зерттеу. Жазда мезгіліне тұрақты және ауыспалы құрамға сабақ кестесі құрылады.

Өлкетану бағыты бойынша оқушылар ғылыми-зерттеушілік жұмыстарымен айналасады. Қалалық, облыстық және республикалық «Дарын» және КҒА байқаулары сондай-ақ Алматы қаласының Қазақ спорт және туризм Академиясы ұйымдастырған «Гүлдене бер, Қазақстан!» атты республикалық конкурсқа үнемі қатысып жүлделі орындарға иеленуде.

Спорттық бағытта жартасқа өрлемеу, спорттық бағдарлау мен туристік көпсайыс үйірмелері бар. Туристік көпсайыстан Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы атағына ие болдық. Алты жыл ішінде СШҰ (спорт шеберіне үміткер) спорттық дәрежесіне 20-ға жуық оқушы қол жеткізді. Ал, 2019 жылдың мамыр айында халықаралық жарыста шәкірттеріміз бірінші орынға иеленіп спорт шебері нормативін орындады.

Педагогикадағы кез-келген іс-әрекет сияқты, туризм бойынша балалармен жұмыстың да өзіндік мәні бар:

- бірінші балалар таза ауада кез-келген ауа-райында шұғылданады, бұл ағзаның шынығуына ықпал етеді және денсаулықты жақсартады. Баланың денесі табиғи жағдайларда шыңдалады, оның шыныққан шымыр болып өсуіне мүмкіндік береді.

- кіші Отанмен, жануарлар және өсімдіктер әлемінің ерекшеліктерімен танысу, оларға жыл мезгілдері туралы, табиғаттағы өзгерістер туралы, тірі табиғат және жансыз табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігі туралы жалпылама түсініктер қалыптасады.

Осылайша, балалар туризмі, балалармен жұмыс жасауда қозғалыс қызметінің құралы ретінде шыныққан шымыр және салауатты тұлғаны, берік отбасын, демек мызғымас мемлекетті құрудың тиімді құралы болып табылады.

Сайып келгенде, заманауи кезеңнің басты талабы-адамзат өркениетіне ұлттық тарихымызбен, заманға бейімделген ұлттық санамызбен, қазақы болмысымызбен кірігу. Басқаша айтқанда тұлпардың мәреге жетуі, оның бабына байланысты. Елдік-елі арқылы сыналады. Ал халықтың намыс пен жігер күш - «Мәңгілік Ел» идеясының ұлы істер дәуіріне жетелейді. «Мәңгілік Ел» - мәңгілік ел атану біздің-болашақ ұрпақтың қолында. Сондықтан жас ұрпақты білімді де білікті, қайратты да қажырлы етіп өсіруде туризмнің мүмкіндіктерін молынан пайдаланғанымыз абзал.

ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ТАСҚА СУРЕТ САЛУ «ПЕТРОГЛИФ» ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

Жанибекова Бакыт Бидахметовна,
Алматы облысы, Сарқан ауданы, Балалар шығармашылығы үйі
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Шеберлік сыныптың мақсаты: дәстүрлі емес сурет салудың (тасқа) әдістерімен таныстыру, осы дәстүрлі емес әдісті қолдана отырып, бейнелеу әрекеті саласында шығармашылық дағдыларды үйрету.

Міндеттері:

- бейнелеу өнерінің бір түрі, оқушылардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын дамыту құралы ретінде тасқа сурет салумен таныстыру;
- педагогтердің шығармашылық ойлауын, қиялын дамыту мақсатында шеберлік сыныбына қатысушылардың қарым-қатынасына жағдай жасау;
- іс-әрекеттер реттілігін, амалдарын, осы әдістемелердің бірлескен тәжірибесін тікелей және түсініктеме арқылы көрсету арқылы жұмыс тәжірибесін беру;
- педагогтердің коммуникативтік қасиеттерін дамыту.

Шеберлік сыныптың формасы:

- Презентация + практикалық жұмыс.

Көрнекілік материал: шеберлік сыныбының тақырыбы бойынша презентация.

Үлестірме материал:

- тегіс, домалақ тастар;
- гуашь, акрил бояулары;
- қылқаламдар;
- су ыдысымен;
- бояуларға арналған палитра;
- ылғалды майлықтар;
- қарапайым қарындаш, өшіргіш.

Шеберлік сыныптың барысы:

Теориялық-демонстрациялық бөлік. Презентация.

- Құрметті әріптестер! Бүгінгі біздің шеберлік сыныбымызға қош келдіңіздер! Өзін-өзі таныстыру. Шебер сыныпқа тек тәжірибемен алмасу, шығармашылық жұмыс жасау ғана емес бұл жерде біз бір-бірімізбен қарым-қатынас, жаңа нәрсені айта отырып, сонымен қатар кейбір мәселелерді талқылай аламыз. Осындай ынтымақтастығымызбен оқушыларымызды оқытып, тәрбиелеп, жаңа нәтижелерге жете аламыз.

Шеберлік сыныбының тақырыбы мен мақсатын хабарламай тұрып, тақырып бойынша сіздерге жұмбақ.

1. Жұмбақ.

Өртесен де ерімейді,
Не тот басып шірімейді,
Өн бойына су сіңбейді,
Ылғал тартып ірімейді. (Тас)

2. Өлең «Жағалауда».

«Ақ тас, қара тас,
Құлағымның суын аш!»—
Деп секеңдеп балалар,
Алақанын соғады.
Еңкейіп те,
Тағы олар
Құлақтарын қағады.
Шашын желге таратып,
Қызықтап көл суретін,

Қайрақ тасты жалатып,
Билетеді су бетін.
Жарыстырып құлашты,
Тас атуға тоймайды.
Қызықтырып су асты,
Қайта жалақ ойнайды.

Бұл шебер сыныптың мақсаты Дәстүрлі емес сурет салудың (тасқа) әдістерімен таныстыру, осы дәстүрлі емес әдісті қолдана отырып, бейнелеу әрекеті саласында шығармашылық дағдыларды үйрету.

Недіктен мен шебер сынып үшін осы тақырыпты таңдадым? Бұл әрекет ересектерге де, балаларға да жарамды. Көркем қызметтің бұл түрі үлкен қаржылық шығындарды және сурет салу техникасын ерекше меңгеруді қажет етпейді. Жас суретшіге тек қиял мен ынта қажет.

Менің ойымша, сіз бұл әдістемедегі тәжірибені балалармен жұмысыңызда сурет салудың дәстүрлі емес түрі ретінде сәтті пайдалана аласыз. Бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тамаша тәсілі, баланың сенсорлық дамуын арттыру, моторикасын, кеңістікті қабылдауын белсендіру, сөйлеуді, қиялды және ойлауды тікелей және жанама түрде ынталандыру.

Тасқа сурет салу әдісін «Петроглиф» дейді (латынша петро – тас және грекше глиф – жазу).

Тастар - біздің планетамыздағы ең үлкен табиғи энергия. Тастар әрқашан адамдардың өмірімен байланысты, тұрғын үйлерді салуға арналған материал, безендіру, сиқырлы символ ретінде. Тас кескіндеме өнерінің өте көне түрі. Ата-бабаларымыз ерте заманда да үңгірлердің еңіс қабырғалары мен жеке тастарға аңдар мен құстардың бейнесін салған. Мысалы, Шығыста және қазірде өз қолдарымен боялған тастарды бір-біріне беру өте қызықты дәстүр бар. Тастардың өзіндік «жаны» бар және «тастың жанымен» байланыс кескіндеме процесінің ең құнды бөлігі болып табылады деп есептеледі.

Мен тастарды бояуға қалай келдім? Сіз өзен немесе теңіз жағасында, табиғат аясында жүріп, өзіңізбен бірге алып кеткіңіз келетін тасты көресіз бе? Бұл менде жиі болады, маған ұнаған бірнеше тастарды өзіммен бірге аламын.

Топтық жұмыс: Қиыршық тасты алыңыз, оны зерттеңіз (топ мүшелері тасты манипуляциялайды) Қандай ол? (тегіс, түйіршікті, ұзартылған, сүйір, қиыршық, бұдырмақ тас, жұмыр тас).

Барлық тастар бояуға жарамайды. Қолыңызға тас алып, оның қалай көрінетінін қараңыз. Кейбір тастар тым өрескел және оларды бояу қиын, ал кейбір тастар бояуды губка сияқты сіңіреді. Жұмыс үшін тегіс тастарды таңдаңыз. Мұндай тастарға бояуды қолдану оңай.

Сонымен қатысушылар тастарға қарап, бірте-бірте бейнені көруге үйренеді. Фантазия өте әртүрлі болуы мүмкін. Кейде тасқа қарап, қандай сурет салуға болатынын көз алдыларына елестетеді.

Сергіту сәті. Сұрақ сіз тасыңызды қайдан алдыңыз. Қатысушылар тасты ұстап көзерін жұмып, елестетіп, өздерінің ойларымен елестетеді. (Қатысушылар жауабын тыңдаймыз).

Шығармашылық жұмыс.

Тапсырманы орындауға ыңғайлы болу үшін бүкіл шығармашылық процесті дәйекті кезеңдерге бөлген дұрыс:

1. Кескіндеме үшін материалды (тастарды) таңдау.
2. Сызбаның нобайын құрастыру.
3. Бояулар мен қылқаламдарды таңдау.
4. Суретті тасқа көшіру.
5. Үлгіні бекіту.

Суретті орындауға арналған құрал - жабдықтар:

- Қолайлы тастар жеңіл, тегіс, тегіс, жақсырақ дөңгелек немесе сопақ болып табылады. Шығармашылық жұмысқа әдеттегідей акриль және гуашь бояуларын қолданамыз. Акриль бояуы өрескел емес және жарқын, қанық түс әсерін береді.


Бұл бояудың тағы бір артықшылығы - ол тез кебеді және жылтыр жасайды. -Эскиз салуға

арналған қарындаштар. Ашық тастар үшін - қара қарындаш, қараңғы үшін - ақ.

- өнімдерді соңғы өңдеуге арналған мөлдір лак.
- Су.
- ПВА желім - праймерге арналған (егер тастар кеуекті болса).
- Бояуларды араластыруға арналған палитра.
- Бояу щеткаларын сүртуге арналған қағаз майлықтар.

Дәстүрлі емес кескіндеме техникасын үйренудің негізгі кезеңі «тасқа сурет салу».

Шығармашылық суретті орындау сәті



Енді сіз тасқа сурет салуды бастай аласыз. Негізі боялған. Егер кептіруден кейін бояу әлі де күңгірт болып көрінсе, екінші қабатты қолданыңыз. Әрбір бояу қабатын қолданғаннан кейін тасты 15-20 минут кептіруге қалдыру керек. Сурет салу аяқталғаннан кейін де солай жасалады.

Әрі қарай, бөлшектер қылқаламмен сызылады.

Кескіндемені бекіту үшін, сондай-ақ жылтыр жылтыр беру үшін тас лакпен қапталған. Мұны істеу үшін сіз акрилді де, жиһазды немесе паркет лактарын да пайдалана аласыз.

Мен шеберлік сабағының практикалық бөліміне дайындаған тастарда жәндіктердің бейнесін жасауды ұсынамын.

Практикалық бөлігі: Мұғалімдер тастарына жәндіктердің суретін салудың дәстүрлі емес техникасын орындау тәсілдерін меңгерту. Мұғалім қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, орындалған жұмыстың сапасын қадағалайды.

Сұрақ-жауаппен жұмыс.

Сурет салудың дәстүрлі емес қандай әдістері бар? (Сабынды көпіршіктермен сурет салу, граттаж, фроттаж, жіп графикасы, тұз, құм, кофемен сурет салу).

Қорытынды кезеңде шығармашылық жұмыстарды талқылау, алған білімдерін бекіту, сұрақтар, шеберлік сыныбына қатысушылардың ұсыныстары айтылады.

Әріптестер! Біздің шеберлік сыныбымыз өз мәресіне жетті. Кездесуіміздің соңында айтайын дегенім, осындай тамаша туындыларды қай жерде қолдануға болады? Боялған тастарды сурет немесе табиғат бұрышына орналастыру арқылы топ бөлмесін безендіруге болады. Сіз оларды математикада санау материалы ретінде пайдалана аласыз. Сондай-ақ, дидактикалық ойындарда тастарды пішіні, түсі бойынша салыстыра отырып қолдануға болады; рөлдік ойындарда, егер сіз оларды тағамға немесе жануарға, қуыршаққа, сондай-ақ театрлық іс-шараларға «айналсаңыз». Мұның бәрі бала мен мұғалімнің қиялына байланысты.

Құрметті әріптестер, назарларыңызға рахмет! Ынтымақтастығыңыз үшін рахмет! Барлық шығармашылық табыстар!

Шеберлік сыныбымыздың соңында «Тасқа сурет салу» жадынамасы шығарылады.



ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жаныбекова Райхан Жүнісқызы,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Жас Ұлан» оқушылар үйінің директоры



Бүгінгі таңда, мемлекет тарапынан жастар мен оқушылардың ғылыммен, зерттеу жұмыстарымен айналысуна көптеген мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Әсіресе мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы құндылықтары ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту, жас буынға ұлттық тәрбиемен, сапалы білім беруге қосымша білім беру педагогтарына үлкен міндет жүктелді.

Ол үшін осы жас буынды дайындайтын педагогтарымыздың кәсіби шеберлік біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету, әдістемелік құжаттаманы, ғылыми-әдістемелік әдебиетті, үздік әдістемелік әзірлемелерді жинақтау және жүйелеу, диагностика негізінде педагогикалық қызметті зерттеу және талдауымыз керек. Осы мақсатында Алматы облысы Жамбыл ауданы «Жас ұлан» оқушылар үйінде әдістемелік кеңесі - үйлестіру органы құрылған. Кеңеске әдістемелік бірлестіктер, жас педагог - тәлімгерлік және педагогикалық шеберлік мектебі кіреді. Одан күтілетін нәтиже: Педагогикалық тәжірибемен бөлісу және педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату. Биылғы оқу жылында мекемеде 42 педагог жұмыс жасайды.

Оқушылар үйі негізінен екі бағытта жұмыс жасайды. Бірінші бағыты - үйірме, клуб, секция жұмыстары. Онда 28 үйірмеге 1205 бала қамтылған. 8 үйірме ғылыми-зерттеу жұмысына бағытталған. Екінші бағыты - Аудандық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының үйлестіру орталығының жұмысы. Үйлестіру орталығына аудан мектептерінің 53 Ұланбасшылары, 53 атқарушы хатшылары – Үлкендер және балалар палатасы құрылымы бойынша жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылына арналған ұзақ мерзімді тәрбиелік 15 жоба, 33 көпшілік мәдени іс-шара жоспарланды. Өткен жылдан бастап. «Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысы қолға алынды. Ондағы мақсат білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, жауапкершілік, әлеуметтік құзыреттілік, дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы жастарды тәрбиелеу.

«Жас Ұлан» оқушылар үйінде кейінгі 3 жылда көптеген ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы 2018-2019 оқу жылында Туризм бағытын дамытуда тарихи және табиғи ескерткіштерге маршруттарымен саяхат жасау арқылы туған жер тағылымын жас ұрпақ бойына сіңіру, оқушыларды көшбасшылыққа қалыптастыра отырып мақсаты мен икеміне қарай мамандыққа баулу сонымен қатар, олардың функцияналдық сауаттылығын арттыру мақсатында «Туған еліңді таны» атты ірі жоба қолға алынған, биыл осы жоба негізінде Жамбыл ауданының тарихи-мәдени орындарының жол картасын жасау қолға алынды. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын атап өту жылында жас буындар арасында Абайды таны «Абай сыныбы» үйірмесі ашылды. 2020-2021 оқу жылында 7 ғылыми әдістемелік жоба қолға алынды.

1 жоба - Түрлі эксперименттер мен тәжірибелік шараларға қатысу арқылы әлеуметтену мен жеке тұлғаны дамыту мақсатында «Руханият» – заманауи құбылыс болып танылатын кемел тұлға даярлау жобасын жүзеге асыруда. Мектеп оқушыларының

мамандықтарды зерделеудегі шығармашылық ыңғайын белсендіру, бизнеске қызығушылығын арттыру және еңбекке баулу мақсатында қолған алынған «Үздік бизнес жобасы», «Робототехника ғылыми-техникалық байқауы» жобасы. 4 жоба – аудандық «Ғасыр үні» тақырыбында Жамбыл Жабаевтың шығармашылығының ерекшелігін зерделеп-зерттеу байқауы. «Жетісу жыр иірімдері» тақырыбында Мұқағали Мақатаевтың, Сүйінбай Аронұлының, Есенқұл Жақыпбековтың шығармашылығының ерекшелігін зерделеп-зерттеу байқаулары жарияланып отыр. Оларды жүзеге асыру тетіктері де қарастырылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудегі ең маңызды нәрсе проблеманы көре білу болып табылады. Қиындықтан шығу зерттеуге бағытталған жан-жақты ізденісті талап етеді. Яғни қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби шеберлігін дамытудағы ғылыми әдістемелік жұмыстары зерделене отырып жалғастырылады.

ӨНЕР - ӨМІРДІҢ КІЛТІ

**Жұмашева Гульназ Айтұғанқызы,
Алматы облысы, Кеген ауданы, Өнер мектебінің директоры**

*«Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді»
Мұхтар Әуезов*

Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылында 2015 жылы 250 орынды бала санымен Кеген балалар өнер мектебі ашылып, ата-аналар мен оқушылардың қуанышында шек жоқ.

Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Балалардың қосымша білім беру жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаның өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған.

Елбасымыздың астарлы саясатының арқасында еліміз күннен-күнге өркен жайып, жағдайлары жақсарып келеді. Оның бірден-бір дәлелі – аудан орталығында ашылған өнер мектебі.

Мектебімізде домбыра, баян, фортепиано, қобыз, дәстүрлі ән, эстрада-вокал, хореография, бейнелеу және мүсін, бейнелеу және графика, қолөнер және ағаштан бұйымдар жасау, қолөнер тігін және тоқыма, кесте, бисер, батик бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Халқымыздың ең ұлық, ең қасиетті аспабы – домбыра, домбырамен ойнатылатын күдіретті күй, домбыраға қосыла әуелете шырқалатын ән-қазақ өнерінің ел таңбасы десек те артық болмас. Домбырамен айтылатын халық әндері ғасырдан ғасырға, ауыздан ауызға тарап, бүгінгі күнге дейін жетті. Өнер саласындағы мамандардың парызы халықтың маржан өнерінің мәнін жоғалтпау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болып табылады. Атақты педагог – ғалым Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі де қызықты, шым – шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу, педагогикалық шеберлікпен кей педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» деп ұстаздық өнерге ерекше баға берген екен. Ал, «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, әннің терең мазмұнды мәні оятар», - деп Абай атамыз айтқандай, дәстүрлі ән сыныбында оқи отырып, ұлтымыздың ән жанрын өскелең ұрпақтың бойына дарыту, дамыту бағытында біраз жұмыстар жасадық.

«Қазақ халқы әнімен асқақ, күйімен құдыретті» - демекші, төл өнерімізді дамытып, ұрпақтарымыздың көкірек көзін ашып, келер ұрпаққа қаймағын бұзбаған күйде жеткізу - біздің парызымыз.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Өмір бойы білім алу-әрбір қазақстандықтың нық сеніміне айналуы тиіс». Қосымша білім беру – үздіксіз білім алудың маңызды қосалқы жүйесінің бірі болып табылады. Қосымша - кәсіби білім беру – білім алушылар мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқу үрдісі. Кеген ауылындағы балалар өнер мектебінде әр мамандық бойынша отыз жоғарғы білімді мұғалімдер жұмыс істейді. Мектебіміз - халық аспаптар, ән-би, сәндік қолданбалы өнер бөлімдері бойынша, 3 бағытта жұмыс жасайды. Жылдан жылға ата – аналардың сұранысы артып бала саны 567 оқушыға арта отырып, әр елді мекендерден бөлімшелер ашылып, оқушыларымыз білім алуда. Атап айтқанда Жалаңаш, Талды, Бөлексаз, Қарқара, Қарабұлақ, Тасашы ауылдарында балалардың салт-дәстүрге, өнерге деген құлшыныстарын арттырып тәрбиелеудеміз. Қолөнер, бейнелеу бөлімінің мұғалімдері тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерей тойына аудандық мәдениет үйінде өткен шараға көрме қойып, жиналған халық өз ризашылықтарын білдірді.

Сонымен қатар, мектебіміздің оқушылары халықаралық байқаулардан – 80, Республикалық байқаулардан - 176, облыстық байқаулардан – 158, аудандық байқаулардан – 82, аймақтық байқаулардан – 63 бала жүлделі орындарға ие болды. Мектебіміздің ұлағатты ұстаздар шәкірттерін тәрбиелеп жоғарыдан көрінді. Тәжікбаева Динара, Бөтеев Омар, Абуова Светлана, Абдрахманов Құрманғали, Қасымов Еркебұлан, Молдабаева Анара, Көбеген Шәкірт, Қарсыбекова Айгерім, Ашимбаев Мұхаметқали, Аширов Альберт, Асубаева Жанар, Байбукаева Айдана, Алимкулов Олжас, мақтау қағаздары мен алғыс хаттармен марапатталды.

Эстрада – вокал сыныбының педагогтері Мәжит Шәмші мен Қасымов Еркебұланнның оқушылары Өмірбекұлы Біржан мен Бердіхан Дидар қазіргі уақытта Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде, бейнелеу өнері мен мүсін сыныбының оқушысы Әріпжанов Ақжолтай – Алматы қаласындағы Таңсықбаев атындағы көркем сурет колледжіне оқуға түсіп, білімдерін шыңдауда. Биылғы оқу жылында қабылданған жас мамандарымыз «Жас келсе - іске» демекші Серғожа Ақбота, Беделхан Ораз, Добай Алтынай облыстық байқауларға оқушыларын қатыстырып өнер мектебімізге өз үлестерін қосуда.

Талдықорған қаласында өткен облыс әкімінің дәстүрлі «Жетісу жұлдыздары» байқауында эстрада-вокал, дәстүрлі ән сыныбының оқушылары Баратбек Абылай, Жақан Аян, Қанатқызы Айялар жоғары дәрежелі орындармен марапатталса, «Таңшолпан» би тобы ынталандыру алып, аудан мәртебесін арттырды. Дәстүрлі ән сыныбының оқушысы Омарқызы Жібек облыс орталығындағы гала концертте өнер көрсетті.

2018-2019 оқу жылында мектебіміздің алғашқы түлектері - бейнелеу өнері және мүсін, қолөнер, тоқыма сыныптары, 2020 жылы дәстүрлі ән, эстрала-вокал, домбыра сынып оқушылары мектебімізді бітіріп, қолдарына куәліктерін алды.

Кеген ауылындағы балалар өнер мектебін жоғарғы білімді маман – Жумашова Гүлназ Айтуғанқызы басқарады.

Ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрдің қаймағын бұзбай, қазіргі қоғаммен үндестірген қазақ халқы. Біздің халқымыз өнегелі әдет-ғұрпымен ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік қасиеттер осы жолмен дарыған.

ЗАМАНАУИ ӨНЕР МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР

Идырысова Мира Сейткуловна,

Алматы облысы білім басқармасының Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының көркем және эстетикалық шығармашылықты дамыту бөлімінің жетекшісі

Көбісі «Заманауи өнер» дегеніміз не? - деп сұрайды. Бұл күрделі болғанымен, заманауи өнер туралы кез-келген адам білуі керек, бұл қазіргі заманғы өнерден өзгеше. Айтуынша, қазіргі заманғы және қазіргі замандарда өнер әлемі өзінің жеке анықтамалары бар екенін білмегендіктен, ешкім де танымал болмауы керек. Кез-келген жағдайда, ағылшын тілінде «заманауи» және «заманауи» ерік-жігердің өзгеруіне мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы өнердің басты факторы: «Суретшілердің өздерінің ішкі көзқарастарына сенім артуға болатындығын, осы көріністерді өз жұмысында көрсетуін, нақты өмірді әлеуметтік проблемалар мен суреттер заманауи өмірдің көзі ретінде және эксперимент және мүмкіндігінше тез жаңашылдық.

Қазіргі заманауи өнерді насихаттау барысында біздің елімізде көптеген тың және ауқымды істер атқарылуда. Соның бірі Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің Орталық көрме залында «Біздің дәуір» атты көрменің ашылуы.

Көрмеде кескіндеме, графика, мүсін саласы бойынша 53 суретшінің 100-ге жуық туындысы қойылады. Көрме Нұр-Сұлтан, Ақтау, Орал, Қызылорда, Алматы қалаларының суретшілерінің шығармашылығымен таныстырады.

Аталмыш көрме Қазақстан Республикасының Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бүгінгі заманауи Қазақстан бейнелеу өнері қандай деңгейде, қандай жағдайда деген мақсатта ұйымдастырылып отыр.

Көрменің тақырыбына байланысты әрбір суретші креативті ойларын және өз шығармашылық қолтаңбасын таныту мақсатта мәнді де мағыналы туындыларын ұсынды. Сонымен қатар, суретшілер қатарына қосылған жаңа есімдерді жарыққа шығару мақсат етілген.

Жоғарыда айтылып кеткен өнер салалары бойынша суретшілер пейзаж, тұрмыстық, портреттік жанрдағы туындыларын реалистік, абстракциялық реализм, авангард, минимализм және тағы да басқа мәнерде композициялық және көркемдік идеяларын ортаға салды.

Уақыт пен кезеңнің қозғалысы жаңашыл жаңғырыққа толы екеніне бүгінде біздер куәміз. Кенеп, қағаз бетіндегі әрбір сызық, пластикалық форманың динамикалық үйлесім заманның толқыны десек, соның жаршысы – суретші. Сонымен қатар суретші – жаңалықтың, сонылықтың үлгісі. Ол – абсолюттік жаңалықты жасаушы десек қате болмас. Шығармашылықта әрбір суретші тұлғалық мәнерімен, креативті идеясымен заманауи қазақ бейнелеу өнерінің едәуір өркендеуіне әрдайым өз қолтаңбасымен келеді.

Осы көрмеде де өнердің әрбір саласындағы кәсіби суретшілер әртүрлі жанрда шеберліктері мен өзіндік қайталанбас туындыларымен ерекшеленді. Суретшілердің бірқатары өздерінің шығармашылық жұмыстарында дәстүрлер сабақтастығын сақтай отырып, қазақ халқының сан ғасырлық тарихы мен өзіндік мәдениетіне жүгінсе, кейбірі бүгінгі таңдағы экспрессиялық көзқарастан өз ойларын түйіндеп туындаса, ендібірі ұлттық философиялық және психологиялық ұғымда терең сыр шертті.

Суретшілердің әрбір буыны өнерге қайталанбас бір жеке көзқараспен үлесін қосады. Қазақстан өнері ұрпақтардың үзілмес байланысы мен өзінің болашаққа терезесінің ашық екенін көрсетіп, өз дамуының жаңа арнасына нық қадам басқанында туындылары арқылы жеткізді. Осындай заманауи өнерді дәріптейтін, өскелең ұрпаққа өнердің қыр-сырын толығымен ұғындыра білетін көрмелер саны елімізде арта түссе нұр үстіне нұр болар еді. Сондай-ақ, елімізде талдауды қажет ететін тағы бір тақырып ол – этномәдениет.

Этномәдени білім беру проблемалары егжей-тегжейлі талданған тұжырымдамаларға сүйене отырып, гуманизм, тұрмыстық дәстүрлер, ұлттық сана, ұлттық менталитет рухы, мораль тұжырымдамалары этикеттің жоғары стандарттары ретінде сипатталған. Әлемдік білім кеңістігінің даму тарихы, оның әр кезеңіндегі айқындалған тенденциялары халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білімге байланыстылығы мен жалпы білім саласының маңыздылығын дәлелдейді. Әрбір мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық және мәдени қатынасы білім саласының күйіне және оның прогрессивтік даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін педагогика ғылымы мен білімінің даму тарихы айқындайды.

Әр халықтың өзіне тән ұлттық құндылықтар болатыны аян. Қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарды жіпке тізер болсақ ең бірінші халық тұрар еді. Ұлттық идея қандай да бір халықтың, этностың немесе ұлттың өмір сүру мәнін айқындайды. Өз болашағын құрайтын кез-келген мемлекет немесе қоғам осы жағынан өз ұлттық идеясына сүйенуі қажет. Өз ұлттық идеясын мансұқ еткен қоғам құриды, міндетті түрде өз жолынан таяды. Сол себепті ол дұрыс бағыт алса, онда ұлт үшін шешуші, тарихи және жасампаз фактор болады.

Ұлттық идея халықты ұйыстыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Ұлттық идеяны жай ғана ойдан жасауға болмайды. Оның бөліктері ұлттың болмыс келбетін білдіретін ұлттық сана-сезімнің терең қатпарында жатыр, оның мағынасы философияда, тарихта, ғылымда, поэзияда, әдебиетте, музыкада, бейнелеу өнерінде, биде, халық тілінде. Тарих ұлттық идеясы мен идеологиясы бар мемлекеттің идеологияландырылмаған мемлекеттен анағұрлым күшті екендігін растайды.

Идея жетістік стратегиясы ретінде әсер етеді. Шығыс даналығы айтқандай: «егер қайда жүзеріңді білмесең, онда саған ешқандай ілеспе жел көмектесе алмайды». Осының бәрі айқын көрсеткендей, ұлттық идея ұлттық сана-сезімнің ерекше түрі бола отырып, қоғамның рухани өмірінің бөлігі ретінде мағына құрушы, этносқалыптастырушы, құнды бағыт беруші және қоғамдық ұйыстырушы қызметтерін атқарады.

Оның негізінде ұлттың руханилығы, өз халқының тарихи келбеті мен шығармашылық актісіне сүйіспеншілік, оның рухани қуатына сенім, оның рухани қабілеттілігі, халықтың өзіндік ерекше мәдениеті мен рухани міндетін, қоғамдық даму тереңдігі мен болашағын ұғынуы, тарихи жады мен болашақ бейнесінің бірлігі жатыр. Осыған байланысты отандық ғалымдардың ұлттық идеологиялар ұзақ өмір сүріп, ұлттар осы мұраттар үшін өз «мені» үшін күресетіндігі, мұңсыз ұлт пен оның тарихи өмірдегі болашағы туралы сөз қозғаудың мүмкін еместігі жөніндегі көзқарастары әбден орынды.

Тәуелсіз мемлекеттің ұлттық элитасы ұлттық көшбасшы төңірегіне біріге алады, халықтың әлеуетті күш-қуатын ұйыстырып, оны жасампаз жұмыстарға бағыттай алады. Қоғамда элита шартты түрде саяси, әскери, экономикалық, мәдени, технократтық және басқа элитаға бөлінеді. Алайда олардың барлығының ұлттық мемлекеттілікке қызмет етуге бірігуі тиіс екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Қазір дамыған елдерде біртұтас майданға біріккен интеллект пен саясат мемлекеттілік мүдделеріне қызмет етеді. Элитаның мемлекеттілік дамуын бәрінен жоғары қоятындығы бұл елдер жетістігінің кепілі болып табылады. Бұған ұлттық идеяның қалыптасуы, оны жүзеге асуға қызмет ету, жаңа жағдайлардағы қоғам дамуының жаңа идеялары мен тұжырымдамаларын алға шығару, бүкіл жеке тұлға мұраттары мен құндылықтары біріктірілген бейнені көрсету айқындалады.

Қорыта айтқанда, этномәдени дәстүрлер заманауи өнерді, ұлттық өркениетті, рухани қуатты қамтиды. Еліміздің этномәдени дәстүрін жаңғырту мақсатында заманауи өнерді дамыту қазіргі таңның басты мәселелерінің бірі десем артық болмайды.

Аннотация: Бүгінгі таңда этномәдени тұрғыда толыққанды дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік бет – бейнесі анықталған этнеос субъектісін қалыптастыру күн тәртібінде тұр. Мұның барлығы қазіргі таңда этномәдени білім берудің зәру тақырып екендігін айқындай түспек.

Аннотация: Сегодня на повестке дня формирование полноценного этнокультурного субъекта, адаптированного к мультикультурной среде, высоко творческого, подготовленного к жизни в условиях конкурентного рынка, со своей собственной идентичностью. Все это дает понять, что этнокультурное образование сегодня является необходимой темой.

Annotation: Today on the agenda is the formation of a full-fledged ethnocultural subject, adapted to a multicultural environment, highly creative, prepared for life in a competitive market, with its own identity. All this makes it clear that ethnocultural education is a necessary topic today.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Біздің Қазақстанның заманауи бейнелеу өнері атты көрмесі» Г.Қ.Жұбаниязова, 2017 ж.
2. М.Д.Есекешова, Ж.Т.Саймбетова «Этномәдени білім берудің ұлттық құндылықтарды» Астана 2017 ж.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ ПЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

**Калиев Марат Каменович,
Алматы облысы, Сарқан ауданы, Балалар шығармашылығы үйінің
директоры**

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» - деп, өз жолдауында елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, қазіргі қоғам білім саласына өте үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Білім беру жүйесін дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа әдістер қажет. Менеджмент пен инновацияны енгізу оқу-тәрбие үдерісін жүйелі түрде жобалауға, ұйымдастыруға, дамытуға, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ұжымды басқару – оқу-тәрбиелік мақсаттарға жетуге, білім мекемесінің дамуына бағытталған ерекше қызмет түрі. Қазіргі таңда «басқару» терминін «менеджмент» ұғымы ауыстыруда. Сондықтан білім беру мекемесінің басшылары «менеджментті», оның ғылыми негіздерін оқып-үйренулері қажет. Ол заман талабы. Көптеген басшылардың педагогикалық білімдері жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда басқаруды тиімді ұйымдастыруға жеткіліксіз.

«Менеджмент» ағылшын тілінен аударғанда басқару, меңгеру, ұйымдастыру дегенді білдіреді. Менеджмент – ұйымда жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсаттарға жетуді ұйымдастыра білу. Білім беру менеджментінің негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып тиімділігін арттыру. Менеджмент кешенінің құрамы келесі компоненттерден тұрады: стратегиялық менеджмент, кадрлық менеджмент, технологиялық процесстер мен операцияларды басқару, қаржылық менеджмент, материалдық-техникалық жабдықты басқару, жылжымайтын мүлікті басқару, инновациялық менеджмент, өнім сапасын немесе қызмет көрсетуді басқару. Коммерциялық емес салада, соның ішінде білім беру саласында, қолданылатын менеджменттің толық анықтамасын әйгілі америкалық теоретик П.Друкер берген еді. Оның айтуынша, заманауи менеджмент – адамдарды бірлескен әрекетті мақсат тұтатын, олардың әлсіз тұстарын жасырып, әрекеттерінің тиімділігін арттыратын спецификалық басқару түрі. Өйткені, адамдардың ортақ мақсатқа жету үшін жасаған әрекеттері мен құлшыныстары, басқарудың тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар сол қызметкерлердің өзіндік күш-жігеріне де байланысты.

Осы тұжырымды негізге ала отырып П.Друкер менеджменттің негізгі міндеттерін анықтайды:

1. Қызметкерлерді мекеменің ортақ мақсаттарына жұмылдыру. Өйтпеген жағдайда табысты ұжымды құру мүмкін емес.
2. Әр қызметкердің қажеттіліктерін дамыту және оны қанағаттандыру.
3. Адамдардың дамуын бір сәтке де тоқтатпау.

4. Мекеме қызметкерлерінің шеберлігі мен кәсіби дайындығы әр түрлі болуына байланысты және әр түрлі қызмет түрлерін атқаруына байланысты олардың өндірістік қызметтері олардың арасындағы коммуникация және жеке басының жауапкершілігі негізінде құрылуы тиіс.

5. Мекеменің жетістіктерін бағалау үшін әр түрлі құралдар мен критерийлер қолданылады.

Енді «педагогикалық менеджментке» келетін болсақ, білім беру үдерісіне қатысушылар бір-біріне диамтралдық қарама-қайшылықта болуына байланысты «педагогикалық менеджмент» бұл – оқу тәрбие үдерісін басқарудың «адамиорталықтандырылған» түрі. Ол басқарушылық шешімдерді қабылдау және орындау кезінде жүйелікті, демократиялық көзқарасты, алқалықты, икемділікті қажет етеді. «Педагогикалық менеджменттің» өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар. Менеджердің (басшының) білім саласына байланысты білуге тиісті басқарудың әр-түрлі үш құралы бар:

1. Басқару иерархиясын құрудың негізгі құралы-мотивация, жоспарлау, ұйымдастыру, қадағалау, ынталандыру арқылы қызметкерге жоғарыдан әсер ету.

2. Қоғамның, мекеменің мойындайтын басқару мәдениеті. Оның ішіне адами құндылықтар, әлеуметтік нормалар, мінез-құлық ерекшеліктері кіреді.

3. Өнімді алып-сатуға, сатушы мен сатып алушының қатынасының тепе-теңдігіне негізделген нарықтық қатынастар.

Педагогикалық менеджмент басшылар мен оқытушыларға мақсатқа жету жолында көптеген мүмкіндіктер береді:

- біріншіден, вертикальді-бұйрықтық басқару әдісінен корпоративті басқару стилі негізіндегі горизонтальді кәсіптік ынтымақтастыққа жол ашады;

- екіншіден, әр тұлғаға даму мүмкіндігін береді, басшылар мен оқытушылардың мотивациялары арқылы ұйымның ішкі ортасы дамиды;

- үшіншіден, білім беру үдерісіне қатысушыларға жағымды психологиялық-педагогикалық жағдай туғызады.

Педагогикалық менеджменттің өзіне ғана тән заңдылықтарының бірі-менеджер еңбегінің пәні, өнімі, құралы және нәтижесінің ерекшелігі:

- менеджер еңбегінің пәні - басқарылатын нысанның іс-әрекеті;

- еңбек өнімі-ақпарат;

- еңбек құралы-тіл, сөз;

- еңбек нәтижесі-білім алушылардың білім, тәрбие, даму деңгейі.

Оқу орнының педагогикалық жүйесі бірнеше жүйенің жиынтығы: оқу-тәрбие, материалдық-техникалық, ақпараттық қамтамасыз ету, өзін-өзі басқару, әкімшілік басқару. Менеджментте ұйымның ішкі ортасы деген түсінік бар. Ұйымның ішкі ортасы – мақсаттарға тиімді жету үшін құрылған бөлімдер. Білім беру ұйымының ішкі ортасы-әкімшілік, оқытушылар, білім алушылар, қаржылық бөлім, техникалық қызметкерлер, кітапхана, т.б. құрайды. Басқаруға ішкі ортаның әр құрылымы, яғни, басқару субъекттері қатысады: топ жетекшісі, бөлім меңгерушісі, тәрбиеші, оқытушы.

Менеджмент ғылымында басқару функцияларының бірнеше классификациялары бар: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау. Оқу орнының стратегиялық құжаттары - білім беру жоспарлары, бағдарламалары, әр құрылымның жылдық жұмыс жоспарлары. Оқу орны жұмысының тиімділігі жоспарлауға байланысты.

Мектеп қызметін басқару мектеп басшысының мәдениетіне, технологиялар мен құндылықтарды құру, меңгеру және алға жылжыту қабілеттеріне тікелей қатысты. Мектеп директорының басқару мәдениеті мынадай үдерістер барысында байқалады:

- оқу үдерісінің жүйелі бөлігі ретінде тәрбиелеу шаралары;

- оның тиімділігін анықтайтын факторларды табу;

- оқу жылында жоспарланған негізгі бағыттардың мазмұны мен түрлерін нақтылау;

- оқу жылында жүргізілген жұмыстардың, сабақтардың, тәрбиелік іс – шаралардың нәтижелерін талдау;

- кемшіліктер мен жетістіктердің негізгі себептерін анықтау;

- оқу жылында атқарылған кешенді жұмыстарды жетілдіру және қорытындылау.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары ерекше басқаруды қажет ететін көп салалы, көпфункционалды ұйым. Басқарудың тиімділігі басшының қандай

принциптерді қолдануына байланысты. Қосымша білімде ізгілендіру, демократияландыру және иерархиялық принциптердің маңызы зор.

Ізгілендіру принципі: оқу-тәрбие үдерісінде басшылар мен педагогтар назарын, мазмұнды қызмет түрлерін баланың тұлғасына бағыттауды болжайды.

Демократияландыру принципі: құқықтарды, өкілеттіктерді, жауапкершіліктерді басқару үдерісіне қатысушылардың барлығына тең бөлінуін болжайды.

Иерархиялық принцип: көпдеңгейлі басқару жүйесін құруды болжайды.

Қазіргі нарық заманында өркениетті елдердің озық тәжірибесі кеңінен пайдаланылуда. Басқарудың әлемдік менеджменті көп табыстарға негіз болады. Менеджменттің мағынасын неміс ғалымдары В.Зигерт пен Л.Ланг жақсы айтып берді. «Менеджмент белгілі міндеттерді орындау үшін адамгершілік, тиімділік және үнемділік жолдары арқылы адамдарды басқару» дейді олар. Бұл пікір адамгершілік алдыңғы кезекке қойылып отырғанын дәлелдейді. Бұл тектен-текке емес. Басқару ісінде адамдар арасындағы түсіністік, сыйластық, қиын сәтте қол ұшын созу ерекше рөл атқарады. Адамның бойында адамгершілік, азаматтық қасиеттер орын алған жағдайда ұжымдағы ахуал да орнықты болады. Тиімділік, үнемділік дегендер – өмірдің өзі қойып отырған талаптар. Үнемділік, әсіресе, дағдарыс жағдайында қажет.

Әлемдік өркениетте өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында бірқатар міндеттер мен бұлтартпас бағыттар тұр. Соның бірегейі – білім беру жүйесін жетілдіру. Білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білуге үйрету. Жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамытын және өзін-өзі ашып көрсете алатын болашақ маман тұлғасын қалыптастыру басымдылық болып табылады. Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

- Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу.

- Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру.

- Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- инновация туралы білімі;

- инновацияны жан-жақты меңгеру;

- инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру;

- инновацияны тәжірибеге ендіру;

- инновацияны практикада қолдану.

Осыған сәйкес қосымша білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды міндеттері бар:

1. Білім берудің мазмұны мен әдістерін жаңарту;

2. Педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда теориялық және практикалық инновациялық бағыттарды анықтау;

3. Оқу-тәрбие үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларын енгізу;

4. Кез-келген жағдайда өз бетімен оң шешім қабылдай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра білетін және оны тиімді жүзеге асыра білетін интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеу.

Қазіргі замандағы қосымша білім беру ұйымдарының дамуы, білім беру процессіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асады. Инновациялық қызмет негізгі төрт бағыт бойынша атқарылады.

1. Білім берудің мазмұнын, әдістерін, құрылымын жаңарту.

2. Оқытудың жаңа технологияларын, авторлық бағдарламаларды қолдану.

3. Әдістемелік жұмысты жаңаша ұйымдастыру.

4. Басқаруды жетілдіру.

Бүгінгі таңда қосымша білім беру саласы өзінің негізгі әлеуметтік-педагогикалық функциясын жүзеге асыруы үшін мазмұнды жаңартудың түбегейлі жаңа жолдарын іздеу қажет. Бағдарламалардың біріктірілген, кешенді, модульдік түрлерін қолдану өте тиімді.

Заманауи авторлық бағдарламаларды құрудың негізгі принциптері:

1. Ұлттық, адами құндылықтарға негізделген гуманитарлық мазмұнға сүйену.
2. Оқушының әлемді бүтіндей және эмоционалды-бейнелі түрде қабылдауын қалыптастыру.
3. Оқушының жас ерекшелігіне байланысты, оларға маңызды проблемалар мен тақырыптарды таңдау.
4. Оқушының рухани-адамгершілік қасиеттерін, танымдық, әлеуметтік, шығармашылық белсенділігін дамыту.
5. Міндетті түрде негізгі білімнің мазмұнына сүйену. Оның тарихи-мәдени компонентін қолдану.
6. Сабақ және сабақтан тыс қызметтің бірлігін, тұтастығын жүзеге асыру.

Жаңа заманғы қосымша білім берудің авторлық бағдарламаларының әр-түрлі күрделілік деңгейлері болуы керек және әр деңгейлі балалармен, топтармен жұмыс істеу үшін педагог оңтайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндігі болуы керек. Бағдарламалар нақты педагогикалық міндеттерді ескере отырып, кеңейтуге мүмкіндік беретін ашық типтік болуы қажет. Бұл бағдарламалардың негізгі ерекшелігі-қолданудағы мазмұндылық, вариативтілік, икемділік. Осы бағдарламалар белгілі өңірдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігін, әр оқушының мүмкіндіктері мен қызығушылығын ескере отырып құрылуы тиіс.

Жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;
- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;
- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай болуы қажет.

БАЛАЛАРҒА ӨНЕР МЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ДИЗАЙН ЖӘНЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Кашакбаева Асель Меделкановна,

Алматы облысы білім басқармасының Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының көркем және эстетикалық шығармашылықты дамыту бөлімінің аға әдіскері

Білім саласында болып жатқан инновациялық өзгерістер орта білім беру жүйесіне үлкен талаптарды міндеттейді. Бұл білім беру жүйесінің жаңа модельге шығармашылықпен көшуімен тығыз байланысты. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жету жолында белгіленген стратегиялық міндеттер, білім беру іс-әрекетінің приоритеттерін түбегейлі өзгерту мен дағдыларды дамыту ағымына бағыттауды ұйғарады.

Қазақстандағы көркемдік білім берудің дамуы мен қалыптасуын сөз еткенде, біздің өткен тарихымызға көз салмай кете алмаймыз. Өнер халықпен бірге жасап, бірге өмір сүреді. Өнердің дамуы, халықтың тарихымен, қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Сол сияқты қазақ халқы да ерте кезден өз ұрпағын өнерге баулып, баланың көркемдік тәрбиесіне дер кезінде назар аударған. Қазақтың көркемдік білім беру саласында жас ұрпақтарды көркем өнерге баулуда халық шеберлерінің еңбегі зор. Олар өзінің меңгерген шеберлігін, ұрпақтарына үйрете отырып, мұра ретінде қалдырып отырған. Білім беру

кеңістігінде болып жатқан үдерістер педагогикалық процестің түбегейлі өзгеруіне ие болды. Бұл өзгерістер өнер мен білім беру мазмұны, оқытудың әдістері мен оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың жаңа жүйесін құрды.

Оқушылардың шығармашылық әрекеттерін ұйымдастырудың принциптері мен заңдылықтары педагогикалық процестің мазмұнында жүзеге асады. Мектеп бағдарламасында көркем еңбек пәні кіріктірілген пән болып табылады. Жаңа интерпретивті білім саласы мен меңгеру оқушылардың жалпы өнер мен білім, дағдыны игеруіне зор мүмкіндік береді, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзіндік, кәсіптік білімінің айқындалуын, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді. Сәндік-қолданбалы қолөнер оқушылардың көркем эстетикалық талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпақтың дәстүрлі қолөнерді, халқымыздың рухани бай мұраларын терең түсініп, бойларына сіңіру, оны бағалай білуге тәрбиелейді. Қазіргі жаңа технологиялар мен жетістіктер заманында педагог жаңартылған жалпы орта білім беру стандартының әдістемесі мен мазмұнын қабылдауға, білім беру үдерісін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуге дайын болуы керек.

Бүгінде өнер мен білім берудегі басты мәселе – өнер мен білімге екі тұрғыдан әсер ететін цифрлық революция - еңбек нарығы және ішкі қайта құрылымдау.

Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы сонау сақ дәуірінен бастау алғаны тарихта таңба басқандай анық. Сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар, өру, тоқу түрлері т.б. мәселелер оқушылардың өнерге деген көзқарасы мен дүниетанымын ұлғайтады. Ұлттық өнерімізді өнер мен білім беру терндтерінің тоғысындағы дизайнмен көркем шығармашылықтың алатын орны ерекше. Өнердің қырсырымен танысу, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін ашады. Мұғалім сабақта оқушылардың еңбекке деген ынтасын, икемділігі мен іскерлік, шеберлігін қалыптастырудың әдістерін, технологияларын үйретеді. Еңбек етудің аалғышарттары отбасында қалыптасуы қажет. Ал баланың бойындағы әртүрлі қабілеттерді мұғалім ашады. Шығармашылық жұмыс жасауда, кезінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін қолданды. Қазақтың ұлттық мәдениеті қолөнер арқылы бізге жеткен. Адамзат дамуының қайсысында болмасын, қоғаммен бірге дамыған қолөнер арқылы әр дәуірге өзінің өшпес ізін қалдырған. Қолөнер дүниежүзінің барлық халқына тән. Ол-халық қазынасы, ғасырдан ғасырға жеткен мол мұрасы. Осыған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына байланысты қолөнердің өзіндік орны, ерекшелігі, этикалық, эстетикалық талғамына байланысты. Халық өміріне өшпес із қалдырып отырған.

«Көркем еңбек» пәні оқушыларға қолөнер бұйымдарын жасата отырып, әсемдікке, сәуірлікке, талшпен басстап, талғаммен аяқтауға тәрбиелейді, оған мүмкіндік береді. Ұлы Абай атамның 33 қара сөзінде «Қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Өзінің қолөнеріне алдау қоспай сатқан- қазақтың төресі сол»-деген. Өнер мен білім ұштасқанда, көркем еңбек пәні оқушылардың бойындағы асыл қасиеттерді, яғни еңбексүйгіштік, рухани-адамгершілік, төзімділік, ұлтжандылық, ізденімпаздық, іскерлікті қалыптастырады. Аталған еңбек арқылы қоғамға пайдалы қолөнер бұйымдарының саналуан түрлерін өз шығармашылықтарын шындай отырып, өз қолдарымен жасап, оны өмір қажеттілігіне қолдануға бейімделеді. Ол жеке тұлғаның шығармашылық идеясын шындап дамытады, жеке кәсіпті дамытуға ықпал етеді.

«Көркем еңбек» пәні қолдың моторикасын дамытады. Сонымен қатар психологиялық процестерді, қиял, елестету, ойлау т.б. дамиды. Оқушы белгілі бір заттың бейнесін жасау үшін, шығарманы оқып, ой елегінен өткізіп, образ жасайды, соны эскиздеп қағаз бетіне бейнелейді. Өз қиялына берілген бала жаңа дизайн туындыларын жасауға талпынады. Заманауи білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін педагогикалық білім берудің қазіргі өнер мен білім берудің терндтерінің тоғысқаны көркем шығармашылықтарын дамытуға жол ашуда. «Көркем еңбек» пәні арқылы оқушылар қазақ халқының дәстүрлі тоқыма өнері, қазақ кілемдер, көне және қазіргі кілемдер туралы, дизайн және технология, сәннің заманауи стильді бағыттары жөнінде білімдерін ұштайды. Қарапайым геометриялық формадағы киімдер, қазіргі кездегі киімдер мен аксессуарлар өндірісін біле алады. Интерьер мен экстерьердегі ландшафт

элементтерін терең меңгере алады. Игерген білік-дағдыларын интерьерді мейрамға дайындау барысына пайдалана алады.

Қазақтың болмысын аша білетін заманауи үлгідегі қазақы брендті қалыптастыру қажет. Ол шығармашылық ізденісті, бас қатырып ойлануды, талмай, аянбай еңбектенуді, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға деген жанкешті ұмтылысты талап етеді. Біздің ел қазір рухани жаңғырамыз деп әлемге жар салады, жаңғыру ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртудан басталса керек. Әлемдік мәдениет кеңістігіне төл құндылықтары арқылы бойлап енген ұлт қана өзіндік сипатын сақтап қала алады. Сақтап қана қоймайды, ұлттық канонды қалыптастырады.

Ұлттық қолөнерімізді қазіргі заманауи үй интерьерін дамытып, кәсіп ашуға дейін жеткізуге болады.

Қазақ халқының шығармашылық өнерінің көптеген элементтері этностың қалыптасуы мен дамуында өте ерекше маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезеңде қоғамда рухани дамыту мен тиімділігінің мәдени негізі болып саналады. Қазақ халқының мәдени мұрасының ең маңызды бөлігін қазақ халқының шығармашылық болмысы мен эстетикалық талғамын көрсететін сәндік- қолданбалы өнері құрайды. Өнердің ең үздік жәдігерін ғылыми түрде түйсіну – қазақтың өнерінің әлемдік байлығына лайықты үлесін қосатын ұлттық өнер шығармашылық даналығын таныта алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Көркем еңбек» оқулығы «Келешек-2030», 2019 ж.
2. Адамақұлов Н.М. Қолөнер бұйымдарын жобалау негіздері, Алматы 2007 ж.
3. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. Астана. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 ж., 58 б.

ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ ДМШ

**Кизайбекова Бахыт Абильмажановна,
и.о. директора Детской музыкальной школы
г. Талдықорган Алматинской области.**

Модернизация образования предполагает обязательное внедрение здоровьесберегающих технологий в учебный процесс. В системе общего образования вопрос о сохранении здоровья школьников разработан достаточно полно и носит систематический характер. Возможности дополнительного образования в этой сфере изучены в меньшей степени, хотя музыкальные школы могут быть отнесены к здоровьесберегающим педагогическим системам. Дополнительное образование детей дает возможность каждому ребенку удовлетворить свои индивидуальные познавательные, эстетические, творческие запросы, способствует снятию психологического барьера, формированию культуры здоровья. Но здесь стоит задуматься, что дает ребенку обучение в музыкальной школе с точки зрения здоровьесбережения? О плюсах и минусах занятий в ДМШ или в других учреждениях дополнительного образования можно говорить бесконечно. Главным аргументом «против» занятий музыкой стать дополнительная нагрузка: ведь ребенок должен проводить часть свободного времени за инструментом, в то время как его сверстники бегают на свежем воздухе. Дополнительные проблемы получают и сами родители: ребенка надо отвести на занятия, проконтролировать выполнение домашних заданий. Но польза от занятий музыкой неизмеримо выше всех забот. У ребенка совершенствуется физическое развитие – развивается чувство ритма и музыкальный слух, тренируется мелкая моторика и координация движений, вырабатывается сила воли, усидчивость воспитывается сценическая выдержка, развивается внимание и память. Ему нужно дома самостоятельно заниматься музыкой, вовремя успевать к началу занятий,

следить за расписанием и учиться организовывать свой день так, чтобы все успеть. Но самое главное – общение в кругу близких по интересам друзей снимет усталость после школьных уроков, приобщит ребенка к духовному наследию прошлого, познакомит с сокровищами мировой культуры, что благотворно скажется на его здоровье.

Педагоги ДМШ обычно следят за соблюдением режима школьных занятий: строят урок с учетом работоспособности детей, чередуют различные виды деятельности, выполняют гигиенические требования, создают благоприятный эмоциональный настрой. Тем не менее, нужно напомнить об основных моментах учебного процесса – это рационально организованный урок, использование активных форм и методов обучения. Число видов учебной деятельности, используемых учителем, является важной составной урока. К ним относятся следующие виды учебной работы: словесный, наглядный, аудиовизуальный, самостоятельная работа. Нормой считается использование 4-7 видов работы за урок, но не менее трех.

Однообразие урока способствует утомлению школьников. Следует учитывать продолжительность и чередование различных видов учебной деятельности. Нормой продолжительности одного вида работы считается 7-10 минут. Если в течение урока по сольфеджио используется один вид деятельности или 30-35 минут на уроке по специальности занимает работа по нотам, то это приведет к снижению уровня восприятия материала учеником. Необходимо чередовать различные виды слуховой, двигательной и творческой деятельности, где игра гамм и арпеджио сменяется разбором нового нотного материал, повторением уже выученных пьес, который ученик знает наизусть, сочинением и подбором знакомых мелодий и т.д. Работоспособность у детей связана с биоритмами и имеет два основных пика. Первый подъем приходится на 9-11 часов, второй - на 16-18 часов. Неодинакова умственная способность учащихся и в разные дни учебной недели. Из опыта работы можно с уверенностью сказать, что после выходных в понедельник не следует проводить академических концертов, зачетов и экзаменов. Учебная нагрузка в течение недели должна быть распределена таким образом, что наибольший объем приходится на вторник и среду. Контрольные и проверочные работы по теоретическим дисциплинам лучше проводить в середине учебной недели.

При планировании урока необходимо учитывать следующие моменты:

- плотность урока, т.е. количество времени, затраченного учеником, непосредственно на учебную работу.

Рекомендуемые показатели колеблются в диапазоне от 60% до 80%;

- момент наступления утомления и снижения активности учащегося, (норма – не ранее чем за 5-10 минут до окончания урока);

- темп и особенности окончания урока. Желательно, чтобы завершение урока было спокойным; Учащийся имел возможность задать вопрос, учитель мог записать задание в дневник, сделать акценты на наиболее важных деталях в домашней работе, доброжелательно попрощаться с учеником. Недопустима задержка учащихся в классе после звонка на перемену, если в музыкальной школе введена звонковая система занятий. Именно этот момент часто нарушается в нашей практике, когда именно перемену педагог использует для записи задания или для доигрывания произведений.

Благоприятный психологический климат на уроке также служит одним из показателей успешности его проведения: заряд позитивных эмоций полученный учеником на уроке, создает атмосферу творчества и взаимопонимания. И наоборот: наличие стрессов, постоянное напряжение, отрицательные эмоции с обеих сторон свидетельствует о преобладании на уроке тенденций, губительно сказывающихся на здоровье ученика. О личности педагога, каким он должен быть, написано много трактатов, но не последнее место в этом ряду занимает проявления доброжелательности учителя.

Особое внимание следует уделить системе выставления оценок на урок, академических концертах и экзаменах, различных контрольных прослушиваниях, без учета которой можно получить отрицательное влияние на здоровье ребенка и успешность обучения в ДМШ.

За последнее годы в этом отношении наметились определенные сдвиги, так как изменился контингент обучающихся, возросла занятость детей в школе. На уроке педагог всегда находит возможность поощрить ученика за прилежание, отметить улучшение или недоработки домашних занятий. Оценки выставляются с учетом индивидуальных способностей учащихся. Хороший результат дает обсуждение оценки за урок совместно с учеником, чтобы он понимал, к какому результату должен стремиться. Показателем эффективности проведенного занятия можно считать состояние и вид ученика, выходящего с урока: спокойное, деловое, утомленное, растерянное или взвинченное.

Стиль общения и здоровье педагога. О двух составляющих процесса обучения – учитель и ученик. Анализ психического здоровья педагогов показывает, что для формирования здоровья детей необходимо создать условия педагогам, чтобы они не только знаниями, но и собственным примером показывали ученикам путь к здоровью. При позитивном стиле общения педагог выслушивает учеников, приглашает участвовать в обсуждении, в его речи больше положительных оценок исполнения (хорошо, отлично, прекрасно и т. д), лицо выражает радость и удовлетворение. У педагогов с таким стилем общения преобладают позитивные реакции, меньше категорических суждений.

Они чаще используют разнообразные интересные технологии обучения, дети на уроке у них более активны и свободны. Конечно, задачу сохранения здоровья детей не под силу решить одному педагогу, даже самому замечательному. Но если педагог в процессе обучения будет выполнять рекомендации медиков, психологов, использовать новаторские достижения в педагогике, сотрудничать с родителями, тогда реализация здоровьесберегающей образовательной модели будет эффективна и выигрывают, в конечном счете, наши дети, наше будущее.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

**Ким Жанна Викторовна,
Алматы облысы, Талдықорған қаласы,
Балалар өнер мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары**



2020 жылғы наурыз айында еліміздегі және бүкіл әлемдегі күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазақстандағы барлық оқушылар қашықтан оқытуға көшті. Қосымша білім беру ұйымдарының қосымша білім беру педагогтері мен білім алушылары жаңа шындыққа бейімделуге және жедел қарқынмен жаңа бағдарламалар әзірлеуге, балаларды оқытуға жаңа технологияларды игеруге және енгізуге мәжбүр болды.

Қашықтан білім беру – бұл қашықтықтан оқыту әдісі. Бүгінгі таңда уақыт бізге, педагогтер мен оқушыларға қосымша білім беру аясында өз жағдайларын талап етеді, олар үшін белсенді, күндізгі қарым – қатынас әдістері мен күндізгі жұмыс түрлері өзін-өзі көрсетуге жақын, барлық жұмысты онлайн режимінде Интернет-технологиялар арқылы құруға тура келеді. Егер қашықтан оқыту технологиясы туралы айтатын болсақ, онда бұл қосымша білім беру жүйесіндегі перспективалардың бірі. Ол білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық мәдениетін қалыптастыру міндеттерін шешуге, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту оқушылардың жұмысын дербес етті. Оқушыларға жүктеме

едәуір артты, өйткені материалдың көп бөлігін өз бетінше оқу керек. Бұл жағдайда біз, мұғалімдер, сабақты оқушының өзі тапсырмаларды шешіп, сабақтың мақсатына жете алатындай етіп құруымыз керек. Егер оқушыға қиындықтар туындап жатса, оған проблеманы шешудің жолын ұсыну қажет. Оқушының тапсырманы дұрыс түсінгеніне көз жеткізу үшін кері байланыс алу өте маңызды.

Қашықтан оқытудың артықшылықтары:

- Географиялық шектеулердің болмауы;
- Қолжетімділік, ашықтық және икемділік оқу бағдарламаларына қатысушылардың

өзара іс-қимылы;

- Оқытудың жеке кестесі;

- Уақыт пен материалдық шығындарды үнемдеу;

- Әлемдік орындаушылардың концерттерін онлайн көру мүмкіндігі;

- Кез-келген сәттен бастап бейне және аудио қосымшаларда музыка тыңдау

мүмкіндігі;

- Кез-келген күнде әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндігі;

- Көлемі мен мазмұны жағынан әртүрлі ақпарат алу мүмкіндігі.

Қашықтан білім берудің кемшіліктері:

- педагогтің оқушымен тығыз қарым-қатынасының жеткіліксіздігі;

- қашықтан оқыту сапасының жабдықтың техникалық жабдықталуына қатты

тәуелділігі;

- көрнекі-тактильді әдістің болмауы;

- ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне тиісті назар аударудың болмауы;

- жоғары еңбек сыйымдылығы;

- бірқатар жеке психологиялық жағдайлардың қажеттілігі;

- оқушының практикалық білімі мен дағдыларының болмауы.

Интернеттегі сабақты дамытуға арналған жалпы ұсыныстар:

* ZOOM немесе Whatsapp қосымшаларын қолдану;

* Сабақты өткізу уақытын 30 минуттан асырмау;

* Нақты мақсаттар қоя білу, сабақтың нәтижелілігін анықтау;

* Онлайн-сабаққа жаңа материалмен (веб-ресурсқа сілтеме, оқыту видеосы және т.

б.) танысуға озық тапсырма беру.);

* Теориялық материал қысқаша (Сығылған) түрде ұсыну, негізгі мәнін анықтау;

* Сабақ барысында және үйде өз бетінше жұмыс істеу үшін әр түрлі тапсырмалар

ұсыну;

* Чат, электрондық пошта арқылы сұрақтар/жауаптар арқылы кейінге қалдырылған

кері байланыс блогы қолдану.

Жұмыс орнын ұйымдастыру.

* Сәтті онлайн сабақ алу үшін үйде оқушы мен оқытушының жұмыс кеңістігін ұйымдастыру қажет: Мұғалім оқушының жұмысты қалай орындайтынын көре алатындай етіп камера мен микрофон немесе смартфон орнатыңыз. Баланың және мұғалімнің қолдары, аяқтары, денесінің жағдайы көрінуі керек;

* Барлық артық заттарды, ойыншықтарды, гаджеттерді көзден таса қалдыру;

* Үй жануарларының бөлмеге кіруін шектеңіз;

* Сабаққа қажетті барлық заттарды дайындаңыз (оқушының да, мұғалімнің де ноталары, қарындаш, өшіргіш, дәптер немесе күнделік);

* Сабақ алдында бөлмені желдетіп, бір стақан су дайындаңыз;

Интернеттегі оқыту ешқашан дәстүрлі музыкалық оқытуды алмастырмайтынын, педагог пен оқушы арасындағы тірі қарым-қатынастың орнын толтырмайтынын түсінеміз, бірақосылайша, қосымша білім берумектептерінің мұғалімдері негізгі мақсаттары – қашықтан білім берумен қатар, білім беру жүйесінде басты міндетін жүйелі түрде кез-келген педагогикалық құзыреттілікті бұзбай білім беру бағдарламасын жүзеге асыра алады.

ҚАЗАҚ БИ ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ТЕХНИКАСЫ

Койшибаева Гульмира Кайратовна,
Алматы облысы, Көксу ауданы, Өнер мектебінің хореография
сыныбы бойынша қосымша білім беру педагогі

Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық нақышын айқындайтын би өрнектерін үйрету.

Дамытушылық: есте сақтау қабілетін арттыру, шығармашылығын дамыту.

Тәрбиелік: Би өнерінің сырларын ұғынуға, сұлулыққа, әдепті болуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас.

Қолданылатын көрнекі құралдар: музыкалық құрал (буфер) ноутбук, флешка, слайд.


Сабақтың құрылымы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Сәлемдесу.
3. Денені қыздыруға арналған жаттығулар.
4. Өткен сабақтағы үй тапсырмасын сұрау.
5. Би түрлерімен таныстыру.
6. Жаңа қимыл-қозғалыстарды үйрету.
7. Қорытындылау.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды зал ортасына шақыру.

2. Сәлемдесу рәсімі. Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Бүгінгі Хореография бөлімінің ашық сабағына қош келдіңіздер, бүгін біздің сабағымыз «Қазақ биіне арналған. Біз әр түрлі қазақ биімен таныспыз, мысалы: Қамажай, Киіз басу, Домбыра, Аққу, Айжанқыз, Қара жорға т. б.



Денені қыздыруға арналған жаттығулар. Басқа арналған жаттығулар, басты оңға, солға, алдыға, артқа ию арқылы мойын бұлшық еттерін созу.

Басты айландыру иық, шынтақ, білезікті артқа алдыға, артқа айналдыру арқылы жаттығу жасап, иық қол бұлшық еттерін қыздыру.

Белге арналған жаттығулар.

Тізе аяқ басына арналған жаттығулар, секіру жаттығулары.

Өткен сабақ, үй тапсырмасын бекіту. Қол қалыптары бойынша 1ші, 2 ші, 3ші қалыпта жасап көрсету және жалғастыру.

1. Білезік қимылы – білезіктің әдемілігін білдіреді.

2. Сырға қимылы – сырғаның әдемілігін көрсету.

3. Ұялу қимылы – ұялу сезімін білдіреді.

4. Жалын қимылы – қолды майыстыру арқылы осы би қимылдарынан этюд құрастырып,

билеу.
Сұрақ жауап арқылы үй тапсырмасын бекіту.



Жаңа сабақ: «Қазақ биінің орындалу техникасы».

Би – ежелден келе жатқан өнер түрі. Би өнері адам өмірінде ерекше орын алады. Бұл балалардың дұрыс, әрі әдемі қозғалуына, іс-әрекеттердің этикалық мазмұнына жауап береді. Дененің бұлшық еттерін шынықтырып баланың денсаулығына әсер етеді. Би өнері адамды тәрбиелеу жұмысында да маңызды. Әр ұлттың ерекшелігіне техникасына орай, би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұндары да әр түрлі болып келеді. Салыстыру: Кавказ биі, Орыс биі техникасы.

Қазақ биі – негізінен қол, бас, мойын, көз, иық секілді түрлі дене мүшелерінің қимылдарымен биленеді. Қазақ биінің алғашқы ірге тасын қалаған – Шара Жиенқұлова. Ол – туған халқының мол мәдени мұрасын болашаққа ұсынып кеткен ұлы ұстаз. Ш.Жиенқұлова күнделікті тіршіліктегі қимыл-қозғалыстарды би қимылдарына айналдырған. Осы қимылдарды қазіргі таңға дейін қолданып келеміз. Қазақ биі-халықтың тұрмыс-салтының айнасы.

Би қимылдары:

- Ирек қимылы - қазақтың қол өнері үлгісінен туындалған.
- Толқын қимылы- теңіз толқынының қимылын көрсетеді.
- Құс қанат қимылы- құстың ұшуын көрсетеді.
- Ұршық қимылы- жүн иіру қимылын көрсетеді.
- Осы қимылдармен байланыстыра кіші этюд құрастыру.
- Осы қол элементтері қыздың нәзіктігін бейнелейді.
- Қазақ биінің қимылы әуені де, өте әсем, ырғақ техникасы жігерлі, мазмұны бай болып келеді.



Сабақтың қорытындылау:

1. Қандай қазақ билерімен танысып өттіңіздер?
2. Қазақ биінде қандай би қимылдарын қолдануға болады?
3. Қазақ биінің ірге тасын алғашқы болып кім қалады?
4. Қазіргі кезде қандай қазақ билері көп биленеді?
5. Қандай қазақ би түрі сіздерге ұнады ?

ДИНАДАН ЖЕТКЕН КҮЙ-КҮМБІР

Копжанова Асия Уалиханқызы,
Алматы облысы, Іле ауданы, №1 Балалар музыка мектебінің домбыра
сыныбының қосымша білім беру педагогі



2021 жылғы 23 қараша айында №1 Балалар музыка мектебіміздің кітапханашысы Даумұратова Светлана Кеңесбайқызы халық аспаптар бөлімінің оқушылары мен ұстаздарына «Динадан жетке күй- күмбірі» атты Дина Нұрпейісованың 160- жылдығына орай ашық сабақ өткізді.

Ашық сабақтың мақсаты Дина Нұрпейісованың өмірбаянымен дара жолын, шебер орындаушылық өнерін, бізге жеткен күйлері мен тарихын ашып Светлана Кеңесбайқызы таныстырып өтті.

«Қазақ халқымыздың қаны мен жанында күй ойнаған ұлтымыз тума таланттарға кеңде емес. Сондай дарын иелерінің бірі – қазақ өнерінде өзінің өшпес ізін қалдырған күйші, композитор Дина Нұрпейісованың туғанына биыл 160 жыл толып отыр.

Дина Нұрпейісова Бөкей ордасы, Нарынның Бекетай құмы жерінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Кеңе еркесін домбыра үнімен әлдилесе, анасы Жәниха қызын бесік жырымен тербеткен. Дүние дидарын ашқан сәттен бастап домбыра үніне құлақ құрышын қандырып өскен дарынды Дина бес жасында әкесінің домбырада тартқан күй саздарын пернелерге дұрыс түсіруге әуестене бастайды. Қызының бұл қабілетін аңғарған әкесі де риза көңілмен бар білгенін қызының бойына сіңіруге күш салады. Тоғыз жасында әкесінен үйренген әндер мен күйлерді меңгеріп, домбырада еркін ойнай бастаған Динаны айналасындағылар

«домбырашы қыз» деп атап кетеді.

«Құрманғазы жақын ағайын болатын, өзі де біздің үйге келіп жүргенде талай рет күйлерін де тыңдағам. Бірде әкем Құрманғазыдан менің домбыра тартқанымды өз көзімен көріп, егер өнерім көңілінен шықса, қолұшын беруін өтінді, ұстаз болуын қалады», – дейді бір естелігінде Дина Нұрпейісова.

Сол сәттен бастап Динаның өнердегі алғашқы тұсауын кесіп, ұстаздық еткен Құрманғазы кездескен сайын шәкіртінің домбыра тартысына мән береді. Ол үнемі: «Домбыраны қолыңа алғанда, оны тартпас бұрын ең алдымен құлақ күйін келтіріп, әбден баптап ал, тек осындай дайындықтан соң ғана домбыра тартуға кіріс», – деп домбыраның қыр-сырын үйрете бастайды. Ұстазының сөзін ұстаным етіп алған Дина тек Құрманғазының күйлерін тартумен шектелмей, есімдерін ел білетін күйшілер Дәулеткерейдің, Соқыр Есжанның, Әлікей, Баламайсаңдай көрнекті халық композиторларының шығармаларын да нақышына келтіріп орындайды.» - деп мектебіміздің ұстазы Копжанова Асия Уалиханқызының орындауында Динаның «Сегізінші март», «Науай» күйін тамашаладық.

Светлана Кеңесбайқызы ары қарай баяндамасын жалғастырды - «Дина Кенжеқызы 1880 жылы 19 жасында тұрмысқа шығады. Ұзатылу тойында ұстазы Құрманғазы өзінің жан серігіне айналған домбырасын шәкірті Динаға тарту етеді. Ұстазы шәкіртіне «енді өзің де күй шығарсаң болады» деп батасын береді. Динаның тырнақалды шығарған күйлерінің қатарына «Бұлбұл», «Байжұма», «Жігер» күйлерін жатқызуға болады.



Ашаршылық жылдары Динаның отбасы Каспий теңізі жағалауына көшіп, Астрахан облысы Марфин ауданы Козлово ауылында тұрақтайды. 1937 жылы Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен домбырашы Смағұл Көшекбаев Динаны Алматыға алып кетеді. Сол жылдың күзінде Алматы қаласында ұлт дарындары бас қосқан екінші республикалық жиында Дина өзінің «Бұлбұл», Құрманғазының «Төремұрат» пен «Қайран шешем» атты күйлерін шебер орындағаны үшін ең алғашқы сыйлығын алады.

Дина Нұрпейісованың домбырада орындаушылық өнеріне қайран қалған композитор Ахмет Жұбанов: «Дина ұзын да сүйріктей саусақтарымен домбыра пернесінде, сағағында небір алшақ пернелер аралықтарын ешбір мүлтіксіз алады. Симфония сазындай сиқырлы әуен 62 тамырыңды бойлата, шымырлата, буырқана небір әсерге түсіреді» деп күйшінің өнеріне тәнті болған екен.

Осыдан кейін Дина Қазақ филармониясына жұмысқа алынып, оған «Еңбек сіңірген өнер қайраткері» атағы берілді. Осы жылы ол Жамбыл Жабаевпен танысады. Ол 1939 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ұлттық аспапта орындаушылар байқауында бірінші орынды иеленеді. 1944 жылы 83 жастағы Дина Ташкентте өткен Орта Азия республикалары музыкасының 3-ші онкүндігінде өнер көрсетіп, сол жылы ол «Қазақ ССР-інің халық әртісі» атағын алады.

Қазақтың күйші қызы Дина халық алдына соңғы рет 1952 жылы 91 жасында шықты. Ал 1955 жылдың 31 қаңтарында күйші Алматы қаласында дүниеден өтті. Бүгінде күйші атында музыкалық мектептер мен көшелер бар. Атырауда Д.Нұрпейісова атындағы облыстық қазақ халық аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Қорытынды сөзінде балаларды шақырып Динаның күйлері мен кітаптарын көрсетіп шықты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Антология. Қазақ музыкасы 1 том. Көне музыкалық фольклор - Алматы, 2005 ж., 516 бет .

2. Айтқали Жайымов/Сәрсенбай Бүркітов, Біләл Ысқақов/ «Домбыра үйрену мектебі» Өнер, 1992 ж., 240 бет.
3. Құрманғазы. Жинақ «Ұлы күйшінің өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер, естеліктер, жаңа деректер, мақалалар».
4. Құрманғазы күйлері/Құрастырған, түсініктерін жазған Қ.Ахмедияров/ Алматы -2005ж., 192 бет.

ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫНА – 45 ЖЫЛ

Алматы облысы, Көксу ауданы, «Өнер мектебінің» ұжымы

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп айтқандай, міне, 2021 жылы 10 желтоқсан күні өнер мектебі үшін ерекше күн болды. Оның себебі - Көксу ауданындағы өнер ордасына 45 жыл! Уақыт зымырап өтіп жатса да, мектеп өзгеріссіз өнердің нәрін себуде. Өнер мектебі – шынымен көпшілік үшін жүректеріне жақын тартып тұратын қасиетті шаңырақ. Мектеп негізі қаланғалы көптеген оқиғалар болды. Сол оқиғалардың кейбіреуі ұмытылса да, көбі халықтың жадында сақталып, тарихқа айналды. Сол тарихты жасаған адамдар да жадымызда. Өзінің 45 жылдық тарихында Көксу ауданының өнер мектебі талай ізгілікті істердің куәсі болып, бүгінде өз шәкірттеріне өнер мен тәрбиенің алтын ордасы қызметін атқарып келеді.

Әуелі әлқиссаны әріден бастасақ, 1976 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданында музыка мектебі ашылды. Музыкалық білім беретін мектептің ашылуы – Киров кентінің тұрғындары үшін тарихи күн болып саналды. Ең алғаш мектеп тізгінін қолға алған Никиткова Тайсия Яковлевна басқарған жылы 50 оқушы музыка мектебінің табалдырығын аттап, 6 мұғалім дәріс беруге кіріседі. Мектеп ғимараты қазіргі «Тентек» станциясының жанындағы, шағын үй болатын. Алғашында мектепке 50-ге жуық бала қабылданады.



Олар аккордеон, бейнелеу өнері, баян мен фортепиано бөлімінде оқыды.

Бастапқыда қиыншылықтар да аз кездеспеді. Музыкалық аспаптар жетіспеді. Материалдық база да толық емес. Сонда да өнер ұжымы алған мақсатынан тайған жоқ. 1983 жылы музыка мектебіне Алтыншаш Сағиденқызы басшылыққа келеді. Жұмыс одан әрі жаңдана түседі. Өнерлі ұстаздардың қатары толығады. Жас жет-кіншектердің музыкалық және эстетикалық дамуы қалыптаса бастайды. Мазмұнды кештер



ұйымдастырылады. Сол кезде қызмет атқарған: Л.В.Пашкова, В.И.Полищук, В.Ш.Каримов, Л.Р.Макажанова, Ф.А.Куценко, В.И.Макеева, И.В.Потапова, В.В.Семеняко, М.В.Вагабов, А.К.Ибрагимов, Б.Д.Кушибаева, О.С.Герлейн, Т.Б.Татаринцева, Т.Б.Дорн, И.Н.Кравцева, С.В.Верещагина, С.З.Қойшыбаев, Т.Н.Звонцова, Е.Мамеков, С.Н.Исмаилова, И.В.Форманюк, И.Т.Сычова, А.Әміржанова, Б.Д.Алпысбаева, Г.М.Тулақбаева сынды музыкант педагогтердің еңбегі еш ұмытылмайды.

Олар жоқтан бар жасап, балалардың өнерін өрге сүйреді. 1981 жылы Музыка мектебі өзінің алғашқы 5 түлегін ұядан ұшырып шығарды. Әр жылдары музыка мектебінде білім алып, өнер саласында жетістікке жеткен түлектердің ішінде бүгінгі күні Ресей Федерациясының

еңбегі сіңген өнер қайраткері, баян аспабының шебері С.А.Мартынюк Славян қорының «Сюрприз» ансамблінің жетекшісі, Ресей Федерациясының әншісі Вокалды аспаптық топ құрған (Игорек) лақап атымен танылған Игорь Анатольевич Сорокин. Осылайша, музыка мектебінің екінші директоры Алтыншаш Сағиденқызы Кеңестік кезеңнен Тәуелсіздікке дейінгі аралықта оқу процесін жолға қойып, қалыптасқан ілім ордасына айналдырады.

Одан әрі, Қасымжанова Әлия Максимқызы директорлық қызметті абы-ройлы атқарып, өзінің білім және оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Зейнел Гулия және Қайролданова Саулет Жамбылқызымен бірге музыкалық білім көрсеткіші мен ұстаз әлеуетінің кәсіби біліктілігін арттыруға барын салуда.

2014 жылы бұрынғы орталық дәріхана ғимараты сатып алынып, оны күрделі жөндеуден өткізіп 430 орынға арналған музыка мектебіне пайдалануға беріледі. Бұлда болса, мемлекет қамқорылығының ай-қын көрінісі. Адами капиталдың сапасын арттыру бағытындағы жасалған ілкімді инвестиция.

Бүгінгі таңда музыка мектебінде 640 оқушыға 52 педагог дәріс беруде. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік белсенді жеке, дара баланы қалыптастыру және балалардың шығармашылығын нығайту мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда.

2013 және 2016 жылдары қатарынан Алматы облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Қосымша білім берудің үздік мекемесі» байқауында 1 орын иеленіп, облыста «Қосымша білім берудің үздік мекемесі» атанды.

Мектеп оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық, байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. 2020-2021 оқу жылында Бас жүлде – 35 орын, I орын – 53 орын, II орын – 31 орын, III орын – 12 орын иеленіп Көксу ауданының мерейін асыруда. Атап айтатын болсақ: Ресей Федерациясының Сочи, Санкт-Петербург, Москва қалаларында, Біріккен Араб Әмірлігі, Дубай қаласында, Франция мемлекеті, Париж қаласында, Түркия мемлекетінде жүлделі орындар иеленіп СУПЕР ФИНАЛҒА жолдама алып, ГАЛА концерттерде өз өнерлерін көрсетті.



Қосымша білім беру саласында кәсіби байқауларға қатысып, озық іс-тәжірбесімен бөлісіп, қажырлы еңбек етіп жүрген көптеген педагогтерді атауға болады. Айта кететіні, Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауында педагогтердің әлеуметтік әлеуетін арттыруға нақты тапсырмалар жүктейді. Ал, ағымдағы жылдың қазан айында жариялаған дәстүрлі Жолдауындағы «Педагог мәртебесі туралы» заңы қолданысқа енгізіліп, өз жемісін беруде. Бұл ұстаздар қауымы үшін үлкен қуанышты жаңалық болды. Осы бағытта кәсіби біліктілігін арттырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде барын салуда. Нақтырақ айтсақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК бағдарламасы бойынша оқытылады. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, мұғалім абыройын асқақтатып, түрлі халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық өнер бәйгелерінде оза шауып, жүлдеге ілінген жеңімпаздар жетерлік. Әрине, бәрін тізбектеп отырсақ, басылым бетіне толық қамтылмайтыны түсінікті.

2014 жылы Түркия мемлекеті Анталья қаласында өткен «Art Olympia» Халықаралық байқауда дәстүрлі ән номинациясы бойынша Дәделжан Мақпал жүлделі бірінші орын иегері атанды, жетекшісі Тулақбаева Гульнафист Мерзетбекқызы.

2016 жылы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен «Невская капель» Халықаралық байқауда Дәделжан Мақпал дәстүрлі ән номинациясы бойынша бірінші орын иегері атанды, жетекшісі Тулақбаева Гульнафист Мерзетбекқызы.

2018 жылғы 26-29 наурыз күндері Франция мемлекеті Париж қаласында өткен «Париж, я люблю тебя!» атты фестиваль-байқауға фортепиано, вокал, хореография, домбыра,

дәстүрлі ән номинациялары бойынша халықаралық байқауға оқушылар жолдама ұтып алды. Олар: Қадылбек Дана, Женисова Нұрай, Қасымхан Нұрай, Табысбекқызы Елжан, Жарқын Баян, Кеңшілік Айым аталған оқушылар облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпаздары.

Біріккен Араб Әмірлігі Дубай қаласында 2018 жылдың мамыр айының 13-18 аралығында өткен «БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМІ – ПЛАНЕТА МИРА – WORLD OF PEACE» Халықаралық форумның, өнер фестиваліне сурет номинациясы бойынша - Төлєнова Асель және Тойшыбекова Сабина «БАС ЖҮЛДЕ» иегерлері атанды. Жетекшісі: Ақтаева Айгерім Абзалбекқызы. Арнайы дипломдармен және жетекшісі медальмен марапатталды.

Ресей Федерациясының Сочи қаласында 2018 жылдың 15 маусым-01шілде аралығында өткен Халықаралақ фестиваль байқауға домбыра номинациясы бойынша Мұхамади Тарлан II орын. Жетекшісі: Темирова Қаламқас. Фортепиано номинациясы бойынша Датқа Мағжан I орын, Қадылбек Дана II орын, Төлепбергенова Амина I орын. Жетекшілері: Қасымжанова Алия, Обласова Наталья. Вокал номинациясы бойынша Ақылбек Алан I орын және Қасымхан Нұрай I орын иеленді. Жетекшілері: Молдағалиева Динара және Қабылбеков Бахадыр.

2019 жылдың 28 мамыр мен 3 маусым аралығында Ресей Федерациясының Сочи қаласында өткен «Салют Талантов» шығармашылық орталығының ұйымдастырумен 40-шы Халықаралық «НА ТВОРЧЕСКОМ ОЛИМПЕ» байқауында домбыра номинациясы бойынша бірінші орын алған Тұрсынәлі Елдос және Серік Жәнібек, жетекшілері: Жоддыбаева Света, Халидолда Жанбота, сурет номинациясы бойынша Төлєнова Асель сурет бөлімінің ішінен үш түрлі номинациялардан «Сәндік қолданбалы өнер», «Қолөнер», «Ең үздік орындаушы» бірінші орындарға ие болды, жетекшісі Зейнел Гулия, фортепиано номинациясы бойынша үшінші орын алған Турекулова Алия, жетекшісі: Обласова Наталья.



2019 жылдың қазан айында «Салют талантов» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен IX Суперфинал «ARTCONMUSIC» Халықаралық суперфиналға мектебіміздің оқушылары Ресей Федерациясы Санкт – Петербург қаласына жолдама ұтып алып, оқушыларымыз қатысып, жүлделі орындарға ие болып келді. Олар: Тұрсынәлі Елдос, Ахмет Амира домбыра номинациясы бойынша бірінші орындарға ие болды. Жетекшілері: Темирова Қ.Н; Халидолда Ж. Ахмет Амира Суперфиналдың гала концертіне қатысып 10 топтыққа қатысып, «Ең үздік аспапта орындаушы» номинациясын жеңіп алды.

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұрасы. Үшінші мыңжылдықта жастар қандай болуы керек? деген сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Әрине, мектеп педагогтері де осы міндетті атқаруда орасан зор үлес қосуда. Алуан түрлі кештер, тақырыптық сынып сағаттары, лекция-концерттер, кездесулер, қалалық, республикалық, халықаралық көлемдегі түрлі байқаулардағы жоғары нәтижелер, мерекелік концерттер, тыңдаулар педагогтердің үлкен шеберлік пен кәсібилік және шығармашылығының жемісі. Сонымен бірге мектеп ұжымының алға қойған негізгі міндеттері оқушылардың музыкалық қабілеттері ести білу, есте сақтау, ырғақтық сезімдерімен қатар, танымдық, талғамдық қасиеттерін, музыкалық ойлау, елестету, эмоционалды түсіну сезімдерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын дамыту, жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу, рухани байлығын, ұлттық музыка деген сүйіспеншілігін арттыру күннен күнге өз нәтижесіне жетуде.

Қырық бес жылдық кезеңде қаншама мұғалімдер осы мектепте оқушыларды музыкалық білім нәрімен өнерге сусындатып, білімді ұрпақ тәрбиеледі. Педагогтердің елге еткен еңбегі қашанда зор. Ең бастысы – бағыт-бағдар айқын, жолдары жарқын. Осы бағыттан айнымаса отыз озық елдің қатарына енуіне өнер мектептің түлектері де сүбелі үлесін қосары сөзсіз.

ДАРА ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МУЗЫКА МЕН ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ

**Кулкеева Ұлбала Әбдіманатовна,
Алматы облысы, Іле ауданы, Жетіген ауылы,
№ 2 Балалар музыка мектебі директорының міндетін атқарушы**

Кез келген мемлекеттің болашағы бүгінгі жас ұрпақ екені белгілі қағида. Біз қадам басқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісімен өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, Отанымыздың барлық жағына дамуына зор үлес қоса алатын азамат тәрбиелеуді талап етіп отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауындағы негізгі міндет – елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау «парасатты экономикалық» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылымының, практиканың жетістіктері негізде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасап, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген міндеттер көзделген. Яғни қазіргі білім берудің стратегиялық мақсаты – өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге қабілетті, барлық істе сауатты жеке тұлғаны тәрбиелеу. Қай қоғамда да істің тетігін мамандар шешетін сияқты, жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру ұстаздарға байланысты. Сондықтан ұстаздардың алдына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Өз ісін жанындай сүйетін, іскер, жаңаға жаны құмар, үздіксіз іздену үстіндегі мұғалім ғана оқушыға сапалы білім бере алады. Педагог оқушыға дайын білімді бергеннен гөрі оқушыны белсенділікке, іздемпаздыққа тәрбиелей отырып, оны өздігінен білім алуға, шығармашылыққа жетелей білуі керек. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген педагог - ғалым Ж. Аймауытов «Мұғалімнің айналысатыны үнемі қозғалып, өзгеріп өсетін, өркендейтін тірі адамдар болғандық, біркелкі әдіспен табан аумап шектеліп қалуға болмайды. Сабак беру үйреншікті жәй шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер. Оқыту – білім беру әдісінің қатып-сеніп қалған догмасы емес, үнемі творчестволық ізденуден тұратын іс-әрекет» екенін орынды атап өткен. Ал Ахмет Байтұрсынов «Бала білімді, тәрбиені өз бетімен алуы керек. Ал мұғалімнің қызыметі-балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру» - деп жазды.

Барша ұстаздар қауымына ХХІ ғасыр талабына сай азамат тәрбиелеудегі жауапкершілік жүктелгені анық. Баланы ұлттық рухта, ұлттық өнер мен салт-дәстүр, ұлттық мәдениет аясында тәрбиелеуде музыка пәнінің алатын орны ерекше. «Елді алдымен ері таныстырады, одан кейін өнері мен салты таныстырады» - деген халық даналығы бекер айтылмаған болса керек. Өйткені мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгенін, өнерсіз қоғамның, рухани байлықтың молаюы мүмкін емес екендігі белгілі. Бүгінгі таңда, мектепте жас ұрпаққа көркемдік білім мен тәрбие беру жүйесінде көркем әдебиет, музыка өнері, бейнелеу өнері, ұлттық қолөнер сияқты эстетикалық мәндегі пәндер арқылы оның ішінде, халықтық дәстүрлі өнерін игерте отырып, оқушының бойындағы әсемдікті қабылдау, сезіну, өнер шығармаларын әсемдік заңдылықтарына сәйкес бағалай білу қабілеттерін, көркемдік талғам деңгейінде қалыптастыру қажеттілігі маңызды мәселенің бірі. Музыкалық тәрбие өмірдегі, табиғат пен өнердің әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге қабілетті адамды пәрменді түрде қалыптастырудың нысаналы жүйесі. Әл-Фараби өзінің «Музыка туралы үлкен трактатында» музыка ғылымының мәселелерін зерттейді (музыкалық дыбыстардың құрылысынан музыка мен поэзияның байланысына дейін). Музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Музыканың әр түрлі жанрын жетілдіруде пайда болатын адам дарындылығының дәрежелерін талдайды.

Әлеуметтік өмірдің шындығына тән кереметтілік тұрмыстық құбылыстардың шындығын көрсете білуде екенін дәлелдейді. Қазақстан мәдениетінің бірінші өзіне тән

ерекшілігі халықтың қолданбалы өнерде, той-думандарда, қолөнер кәсіпшілігіне және т.б. өз көрінісін тапты. Музыкалық тәрбие – эстетикалық тәрбие көзі. Музыка – адамның өмір бойы серігі. Музыканы жат көретін адамдарда бола қоймас, ол әркімге де керек дүние. Музыка тіліне әрбір тыңдаушы қанығады. Мектеп оқушыларына музыкалы-эстетикалық тәрбие беруде, сонымен қатар олардың музыкалық қаблетін арттыруда ән айту мен оны ұйымдастыру жұмысын дұрыс жолға қоя білу аса маңызды.

Әл-Фараби бабамыз музыканың адам психологиясына әсері жөнінде - «Музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен ләззатқа бөлейді, одан соң құмарлықты оятады, қиялға жетелейді», - деп пікір айтқан. Ал ұлы грек ойшылы Платон: «Музыка-адам жан дүниесін еріксіз еліктіріп, тұрмыс-тіршіліктің қандайда болсын мұң-заласын ұмыттыратын қасиетті күш», -деп, ой түйіндеген. Халқымыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай музыкалық фольклоры бар. Атап айтар болсақ: тарихи әуендер, эпикалық жырлар, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық әндер т.б. Міне, осы фольклорымызбен-ақ ұлттық-тәрбиемізді, болмысымызды қалыптастыратын тәлім-тәрбие беріп отырған тарихи шындық. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсат-рухани жан дүниесі биік, жеке тұлға қалыптастыру. Ал тұлғаны музыкаға тәрбиелеу дегеніміз-ол баланың бойында белгілі бір қызығушылықты ояту, қажетті құндылық бағдарын, соның ішінде пайдалы іс-әрекеттерді қалыптастыру, дарындылық көзін ашу деген сөз.

Қорыта келе, сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде, музыка өнері арқылы музыкалық мәдениеттілікке баулу, музыкалық жалпы білімдерін қалыптастыру мен тәрбиелеу, қазіргі музыкалық білім беру саласының өзекті бағыты болып табылады.

ФОРМИРОВАНИЕ МУЗЫКАЛЬНО-КОМПЬЮТЕРНЫХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ПРОЦЕССЕ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**Кусаинова Аида Азатовна,
методист научно-практического центра физической культуры,
спорта, начальной военной подготовки и дополнительного
образования г.Талдықорган Алматинской области**

Исследования ученых показывают, что в последние годы число казахстанских школьников старших классов и студентов, читающих книги в свободное время, неуклонно падает (с 36% в 2016 г. до 16% в 2019 г.). В то же время стремительно возрастает просмотр телепрограмм - с 49% в 2016 г. до 83% в 2019 г. Факты свидетельствуют, что происходит переориентация молодежной аудитории с печатного текста на аудиовизуальный, который является основой создаваемой человеком виртуальной реальности. Неоднозначное влияние виртуальности на человека определяет педагогический поиск подходящих средств, для содействия позитивным контактам молодого поколения с аудиовизуальной программой.

Многие из перечисленных выше трудностей и недостатков можно преодолеть с помощью использования потенциальных возможностей аудиовизуальных программ, помогающих развитию критического мышления, эстетического сознания, творческой индивидуальности в условиях модернизации образовательной системы нашей страны.

В определенном виде деятельности, например, в музыкальном искусстве, специализированный компьютер является не только помощником, но в некоторых случаях также консультантом и учителем. Универсальные возможности музыкального компьютера позволяют использовать его как в профессиональной сфере композитора, звукорежиссера, аранжировщика, так и в области музыкального образования.

Формирование системы знаний в области компьютерных и цифровых технологий, овладение базовыми теоретическими и практическими навыками при работе с

компьютером с использованием специальных музыкальных программ и применением цифровых, музыкально-компьютерных технологий в музыкальном образовании остаются актуальными.

По мнению ученых, все это требует, с одной стороны, подготовки будущих учителей музыки, владеющих современными мультимедийными технологиями. С другой стороны, необходимо подготовить специалистов в области компьютерной музыки, владеющих основами общей музыкальной подготовки и обладающих знаниями в области звукового программирования, синтеза звука, аудиотехники, звуко-тембрового программирования, музыкального и творческого моделирования процессов и профессиональное владение студийными технологиями звукозаписи и компьютерными программами.

Обучение в студии компьютерной музыки рассматривается как новая предметная область в современной музыке и образовательном пространстве в эпоху цифровых технологий. Методика включает разделы, характеризующие музыкальный компьютер как новый инструмент музыкально-педагогической деятельности, специфику музыкальной и творческой деятельности на основе различных компьютерных программ, принципов и методов обучения. Использование музыкального компьютера в образовательной деятельности рассматривается с точки зрения педагогики, психологии, музыковедения, культурологии, философии, акустики, информатики и информационных технологий в музыке. Реализация данной концепции в системе музыкального образования позволит значительно увеличить количество учащихся, вовлеченных в активные формы продуктивного музыкального творчества.

Сегодня открываются широкие возможности для творческого поиска будущих учителей музыки. Перечислим лишь некоторые из возможностей музыкальных и компьютерных технологий (МСТ): запись, редактирование, печать партитур и их дальнейшее использование с помощью звуковых карт или внешних синтезаторов, подключенных, в частности, с помощью интерфейса MIDI; оцифровка звуков, шумов разного рода, их последующая обработка и преобразование с помощью программ-секвенсоров; гармонизация и аранжировка финальной мелодии с использованием выбранных музыкальных стилей и возможность редактировать их до тех пор, пока не будут изобретены их собственные стили, формы, структуры [1].

Несколько возможностей компьютерных музыкальных программ позволяют использовать их в области музыкального образования. Мы рассматриваем обучение компьютерной музыкальной студии как новую предметную область в современной музыке и в образовательном пространстве.

Внедрение «фонограммы - минус» как сопутствующего звена в музыкальном образовательном процессе, с соответствующим вектором работы может дать положительные результаты – наблюдается рост интереса студентов к музыкальной тематике, что в первую очередь вызвано, погружением в процесс воспроизведения музыки. Сопровождающая фонограмма, так называемая «фонограмма - минус», заставляет их чувствовать себя в концертном зале в качестве участников оркестра или ансамбля, что приводит к формированию музыкального вкуса и раскрытию творческих ресурсов.

С помощью музыки и компьютерных программ обучающиеся смогут самостоятельно, дома, в сопровождении качественного в плане исполнения аккомпанемента исполнить свои партии, а затем уверенно выступить на сцене как с «фонограммой - минус», так и под живое сопровождение.

В век современных технологий, когда практически у каждого, независимо от возраста и рода занятий, есть смартфон, планшет, ноутбук и другие мобильные устройства, с помощью которых можно легко проигрывать аудиозапись, внедрение «фонограммы - минус» в учебный процесс становится не таким трудным. Фонограмму можно записать на специальный USB-носитель, MP3-плеер или другое мобильное устройство, чтобы студент мог безопасно заниматься на инструменте дома.

Воспроизведение музыки под аккомпанемент «минус» может выполнять следующие задачи:

- использовать в практических целях знания и навыки, полученные во время занятий;
- улучшение музыкального вкуса;

- развитие музыкального слуха и чувства ритма;
- работа исполнению дисциплины;
- повысить уровень внимания;
- уважение к ясности и точности в области ритма, темпа, ударов, динамики и т.д.;
- формирование чувства ответственности за исполнение, что приводит к лучшему обучению собственному участию в работе.

По мнению многих преподавателей, работающих в музыкальной сфере, «проигрывание под фонограммы» значительно расширяет музыкальный кругозор учащихся, развивает умение слышать и слушать записанный аккомпанемент. Этот вид деятельности вовлекает их в активную форму музицирования. Вы должны играть со звуковой дорожкой на протяжении всего периода обучения. Мы согласны с заверениями учителей музыки, потому что исполнение сольных партий под «фонограмму - минус» способствует развитию всего спектра компетенций: чувства ритма, темпа, развития музыкальных способностей, исполнительской чувствительности, эмоциональности и т.д.

В современном образовательном процессе такая форма исполнения музыкального произведения в виде фонограммы все больше привлекает внимание преподавателей и учащихся. Фонограмма в формате «плюс» может использоваться как демонстрации образца исполнения сольной партии, а «минус один» может активно вводиться преподавателем во время учебных занятий при работе над произведением.

По мнению исследователя Ю. Бодрикова, фонограмма являет собой «запись музыкального произведения (целиком или только аккомпанемент), содержащуюся на аналоговом или цифровом носителе, которая может быть воспроизведена на различных устройствах и использована для решения различных задач музыкального обучения» [2]. Компьютерные технологии в музыкальных студиях используют цифровые музыкальные программы такие, как Sonar, Cubase, Ableton Live, Logic Studio, FL Studio и др. Эти программы не только включают функции записи и воспроизведения данных, но также содержат различные инструменты синтеза, которые можно пополнять, обработка и создание эффектов музыкального материала. Все цифровые музыкальные программы имеют различные технологии записи. Научными практиками выявлены различные категории, классы, типы, виды музыкальных программ, классификация которых может производиться по нескольким параметрам: по функциям в образовательном процессе, по функциям в процессе музыкального творчества, по функциям в развитии музыкальных способностей человека, по принадлежности к той или иной музыкально-цифровой технологии. Все это дает инструмент для детального анализа и выявления отличий интерфейсов, рассмотрения основных и дополнительных функций [3]. Есть основания полагать, что такой анализ должен привести к выявлению инвариантов, раскрытию сущностной модели того или иного продукта, что в целом приводит к повышению эффективности музыкальной и творческой практики студентов.

В процессе практической деятельности можно использовать современные методы и инновационные технологии обучения: структурно-типологический метод, методы структурного моделирования, сравнительный анализ.

Анализ содержания веб-сайтов вузов показывает, что некоторые из них уже предлагают возможность получения музыкального образования дистанционно. Эти факты позволяют говорить о наличии в вузах условий для полной или частичной реализации модели информационно-образовательной среды.

Имеющийся у вас духовный и интеллектуальный базис – это отправная точка для развития. Ваши внутренние духовные ценности идут как в качестве зарядного устройства, и все это вас дисциплинирует, настраивает, направляет по жизни, в том, чтобы вы были созидательно активны. С учетом интернета и телевидения люди вообще стали ленивыми. Даже сама наука говорит то, что когда вы сидите в компьютере, телефоне, смотрите телевизор, хотите вы этого или нет, вы мощно тратите свою энергию. А для того, чтобы добиваться чего-то в учебе, в любом труде, в жизни нужна энергия. А если человек сидит перед телевизором, телефоном, монитором, смотрит всякие развлекательные шоу-программы, ваша энергия поглощается. И в итоге вы за день энергию тратите в никуда. А на выполнение на самом деле важных, ценных дел, учеба, развитие, творчество, личностный рост у вас не остается сил. Лень – это очень плохое качество. Безответственность – плохое качество. Ко всему относитесь ответственно!

Когда, на кого-нибудь из вас возлагается какая-нибудь ответственность, когда из-за собственной лени человек подумает и скажет, что это кто-то другой должен сделать, и когда, вы так мыслите, что кто-то другой сделает, а не я, то вы уже эту перспективу разрушаете. Если каждый из вас будет брать на себя ответственность, это будет громадным достижением. Всему этому есть альтернатива, это такие классические занятия, как: музыка, спорт, танцы, вышивание, вязание, рукоделие, рисование, все эти занятия формируют у вас прекрасные навыки, и если вы полностью всем и вся будете вовлечены в какую-нибудь творческую деятельность, то вы действительно получите удовольствие и счастье от простых вещей, и у вас не будет такой необходимости и желания залезть в социальные сети. Также, советую делать такую информационную подпитку, читая умные книги, заряжающие хорошей позитивной энергией, настраивающие мозг на широкий и глубокий анализ в контексте вашего личностного роста и развития. Поэтому, ребята, следите за тем, чем вы заполняете свой мир. Какая информация поступает к вам из внешнего мира. Ведь вы все обладаете разумом. Поэтому, продолжайте заниматься творчеством! Сохраняйте свои истинные ценности! Как сказал французский писатель и философ Мишель де Монтень «Судьба нам не приносит нам ни зла, ни добра, она поставляет лишь сырую материю того и другого, а также зерно, способное оплодотворить эту материю».

Ваша базовая цель – это учеба. А учеба – это многоступенчатый процесс интеллектуального и духовного роста и развития. Поэтому, ребята, учитесь, развивайтесь, стремитесь, достигайте! Взрослейте красиво, будьте умными и проникательными. Смотрите глубоко в себя, ухаживайте за своим внутренним миром, любите его, дарите себе время, украшайте как внутреннюю, так и внешнюю свою составляющую. До свидания, до новых встреч!

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІМЕН ҚОБЫЗ АСПАБЫНДА Ойнау ТЕХНИКАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Отызбекова Маржангуль Бейсенбековна,
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Исатай Исабаев атындағы өнер
мектебінің қобыз сыныбы бойынша қосымша білім беру педагогі



«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», - деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе – білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру. Қосымша білім беру педагогы ең алдымен тиісті бейін бойынша музыкалық педагогикалық білімі болуымен бірге педагог бүкіл жұмыс кезеңінде жетілдіріліп, кәсіби түрде өсуі тиіс. Ол үшін педагог шебер музыканттардың шеберлік сыныптарына қатысуы, орта және жоғары оқу орындарының ашық онлайн сабақтарына қатысуы тиіс. Тиісті мамандық бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуі

қажет. Сондай-ақ, педагог әдістемелік отырыстарға белсенді және пассивті отырыстарға қатысып, өскелең ұрпақты оқыту процесін жақсарту бойынша өз іс-тәжірибемізді бөлісуге және әріптестермен жұмыс істеу тәжірибесімен бөлісуге тиіс, өйткені біз бірге ортақ іс жасаймыз, болашақ қоғамның лайықты мүшелерін тәрбиелейміз.

Педагог әр түрлі деңгейдегі байқауларға, фестивальдарға міндетті түрде қатыса отырып, білім алушыға да өзін көрсетуге де мүмкіндік береді. Қосымша білім беру педагогтері жан-жақты дамуы барысында музыка әдебиетпен, тарихпен өзара байланысты, сонымен қатар математика және тіл бойынша білімдері шындалып, дене дайындығы да маңызды болып есептеледі. Қосымша білім беру мекемелеріндегі мұғалімнің басты міндеті балаларға деген махаббатты болып, эстетикалық тәрбие беру. Бұл өскелең ұрпақты оқытып-үйретуге жетелейді. Оқытушы балаға өткен тақырыпқа сәйкес және жаңа тақырыппен байланыс сабақ өткізуі тиіс. Оқушыға жаңа тақырыпты тани алмаса оған мейірбандық танытып оқу процесін шыдамдылықпен түсіндіру жұмысын жүргізу қажет. Оқытушы жаңа технологияны пайдалана отырып оқушыға жақсы бағамен көтермелеп, жұмысын көрсету қажет. Оқытушы оқушыларымен ашық сабақ, концерттік бағдарламалар өткізе отырып, балалармен бірге сахнаға шығып, жүру мәдениетін қалыптастырып белсенділік таныту керек. Ата-аналармен жақсы қарым-қатынаста болса, сол кезде баламенде тіл табысып оқу процесі жақсы жетістіктерге жетеді. Оқытушы дарынды баланы оқыту үшін үлкен деңгейге көтеру мақсатында өз уақытын аямау қажет.

Балаға өз деңгейіне сәйкес келетін репертуар беру керек деп санаймын. Осындай мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру барысындағы қобыз аспабында оқушылардың аспапта ойнау шеберлігін арттырудың әдіс тәсілдеріне келсек, прима – қобыз – төрт сым ішек тағылатын, көлемі жағынан қобыздар тобындағы ең көне аспап. Ноталары скрипка кілтінде жазылып, еш өзгеріссіз сол қалпында ойналады. Квинта арқылы құлақ күйі келтіріледі. Дыбыс көлемі кіші октаваның соль дыбысына дейінгі аралықта болады. Прима – қобыз үнге бай, техникалық мүмкіндігі мол, оркестірдің бетке ұстар аспабы болып саналады. Оған көбінесе негізгі әуенді жүргізу жүктеледі. Штрихтың түр-түрін қолдану арқылы оның әр түрлі дыбыс бояуын пайдаланумен қатар түрлі регистрдегі фигуралар

мен пассаждарды ойнауға болады. Сонымен бірге прима – қобызда әр түрлі мелизмдер – трельдер мен дыбыстық әшекейлерді ойнау, жылдам екпінде музыканың өзінде де көп қиындықтар тудырмайды. Гамма ойнау аспап үйренуде үлкен маңызы бар жаттығу жұмысына жатады. Гамманы асықпай, жай ойнап, дыбыстың әдемілігін, тазалығына, бір дыбыстан екінші дыбысқа, бір позициядан екінші позицияға көшкенде дыбысты ойнаған сайын таза алу жағына көп көңіл бөлген жөн. Гамманы біраз ойнап меңгергеннен кейін, оны түрлі штрихтармен, әр түрлі екпінде ойнап, оң қол мен сол қолдың қимыл үйлесімін, саусақ жылдамдығын машықтаңдыра беру керек. Қобыз адамның нәзік сезімін, қуаныш-қайғысын, ой-қиялын музыка тілімен өте дәл, әдемі суреттейтін үнге аса бай, аса құнды аспап. Ойнауы қиын, қолына алған адамның еркіне тез көне қоймайтын күрделі аспап. Қобыз ішегі саусақтың сыртымен яғни тырнақтың көбесімен басылады.

Ішекті теріс басып, тырнақпен ойнайтын тәсіл қазіргі заманда ешбір музыка аспабында жоқ, бұл қобыздың өзіне ғана тән ерекшелік. Сондықтан да бұл аспапты игеру музыкалық қабілеті күшті, үлкен дарын иелерінің ғана қолынан келеді. Қобыз сабағында педагог пен оқушының байланысы, сабақ беру әдістемесі педагогикалық амал-тәсіл жүйесінен тұрады. Соның көмегімен ұстаз оқушыға өзінің білімін жеткізеді. Бұл тәсілдер – ұстаздардың көптеген ұрпақ тегі тәжірибесі негізінде дүниеге келген. Осындай тәжірибелердің негізінде қобызда ойнаудың да қиындығы – сол мен оң қолдың бір мезгілде әр түрлі қимыл-әрекеттер жасауы керектігінде, дыбыс әдемі шығуы, тырнақ көбесін дұрыс қолдана білуге байланысты екендігі анықталады. Жүргізілген сан қилы тәжірибелердің нәтижесі – сол және оң қолды біршама уақыт бөлек қоюды оқыту керектігін түсіндіреді. Оң қолды бөлек қою ысқышпен жаттықтырылады. Музыкалық қабілетіне қарамай-ақ оқушыға да алғашқы табиғи қалпын сақтай отырып, еркін ойнау үшін қолын дұрыс қоя білуді үйретуге болады. Тіпті дауыс қою, отырып – тұру, мимика бет-әлбет қимылы сияқты ұсақ-түйектердің өзі ұстаздың беделін құрайды. Ұстаз әуелі қобызды баланың екі тізесі аралығына қойып үйретіп, содан кейін барып, баланың бос қолын қажетті бағытпен сүйемелдеп қобызға жеткізіп, оны дұрыс ұстауды үйретеді, бірте-бірте дағыландырады. Бәрімізге белгілі, қобызда ойнауды үйренудің алғашқы кезеңі негізінен алғанда, шәкірт үшін қызығы аз, зеріктіретін үдеріс. Сондықтан алғашқы сабақтардан бастап қобызға баланың қолдарын дұрыс қоюдан басқа, музыка саласындағы басқа дағдыларды да таныстыра отыру керек. Мысалы ән айту, ойнайтын шығармаларын іріктіру, ноталық сауатын ашу.

Жаңа дағдыға қадам жасау шәкірттің ынтасын оятып қызықтырып отырады. Бір мезгілде екі шәкіртті үйрету де жақсы нәтиже береді. Бір шәкіртке қандай да бір жаңа тәсілді көрсете отырып, екіншісіне зер салуды, зейін салуды, зейін қоя тыңдауды тапсырады. Кезектесіп көрсетіп қайтатауды, ойнап беруді талап етеді. Осылайша екеуінің арасында шығармашылық сайыс көрініс табады. Ұстаз өзінің қатысуымен біріне екіншісінің қобызды дұрыс не бұрыс ұстағанын тексеруді, ал байқалған оқулықты түзетуге тапсырады. Қобызда ойнау үшін орындаушы бүкіл денесін емін-еркін бос ұстауы және есту қабілеттілігі мен зейінін топтастыруы қажет. Денені тырыстырып отыру ойынға кері әсер етеді. Ойнаушының дұрыс отырысы шеберліктің негізі болып табылады. Орындықта отыруы мығым және табиғи болуы керек. Орындықтың шетіне отырып, арқаны тік ұстау керек. Қобыз шанағын екі тізесінің арасына, аз ғана солдан оңға қарай қисайтыңқырап, ысқыш тартатын оң қолының емін-еркін қозғалуына ыңғайлы етіп отырады. Қобыз шанағын орнықтылық үшін екі тізе арасына қойып, қысып ұстайды. Бірақ шанақ өте кіші болғандықтан оны тіземен қысып отырып ойнау қолайсыз. Міне сондықтан да шанақтың түбіне арнайы қысқыш орнату қажет. Шанақ түбіне қысқыш орнатылғаннан кейін қобызшы емін-еркін отырып, аспапты көсілте ойнауына мүмкіндік туады. Қобыздың басы иектің сол жақ астына тіреледі, сөйтіп аспап тамақ пен тізе арасына орнықты, жылжып қозғалмайтын болып орналасуы қажет. Қобыздың тірегі орнықсыз болып, ойнаған кезде қалай болса солай қимылдап тұрса онда, әрине, аспапта ойнап үйрену қиынға түсері сөзсіз. Міне, сондықтан қобыз баланың бойына, қолының ұзын-қысқалығына лайықталып берілуі керек. Жас баланы өз бойына лайықсыз аспапта ойнап үйретуге болмайды. Ал, орындығы қобызшының аяғы жерге толық тиіп тұратындай болуы керек. Ондай орындық болмаса, аяқ астына аласа орындық немесе тиянақтап тақтай қойып отырғызу керек.

Қобыз аспап мамандығы бойынша арнайы сыныптың негізгі мақсаттары:

- Концерттік орындаушы;
- оркестр әртісін даярлау.

Сондай-ақ, машықтану тәжірибесіне баулу, нотаны бірден жүргізіп ойнауға, орындаушылықтың практикалық және теориялық салаларын игеруге жәрдем беру оқытушының еншісінде Соған орай оқытушы іздену жұмыстарымен айналысып қана қоймай, эмоциялық-эстетикалық рухани қарым – қатынасты реттей білуі қажет. Яғни, өз қызметінде компетентті болу өте маңызды. Оқытушыға қойылатын басты талаптар:

- оқыту, білім беру үдерісін жобалау;
- сабақтың құрылу жүйесін қадағалау;
- өзінің ұйымдастырушылық, іздену қызметіне талдау жасау;
- оқушылардың үлгерімдік деңгейін қорытындылау;
- оқыту – репертуарлық бағдарламасын құрастыру;
- методологиялық зерттеме, әдістемелік негіздерге көңіл бөлу;
- оқушымен рухани-шығармашылық деңгейде қарым-қатынас жасай білу;
- оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге баулу.

Пәннің оқу үдерісіндегі маңызды рөлі оқытушыға, яғни, ұстазға байланысты болып келеді. Өйткені, оқытушының өзіндік стилі, эстетикалық-дүниетанымдық ұстанымы мен талғамы, оқыту әдістері мен заңдылықтары және басқа салалардан хабары жоғары, аспапты үйретуде кездесетін оқушының сұрағына толық жауап бере алатындай білімді де сауатты болуы шарт. Сондай-ақ, оның міндетіне оқушының орындаушылық ізденісін, шығармашылық талғамын қалыптастыра отырып, тәжірибе жинақтауға бағыт-бағдар беру; ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан дәстүрді, қазіргі заманғы өнер үрдісімен сабақтастыра отырып мамандықтың түрлі салалары; оқытушы, ансамбль және оркестр мүшесі, музыкалық шеберлігі мен деңгейі биік жеке орындаушы қобызшылар дайындау; ол үшін оқушының музыкалық қабілетін, орындаушылық деңгейін, өз бетімен жұмыс істеуге баулу жатады. «Мамандық» пәні «Ансамбль», «Оркестрлік класс» және теориялық циклынан «Сольфеджто», «Музыка әдебиеті» пәндерімен де тығыз байланысты.

Пәнді оқыту барысындағы оқытушының негізгі міндеттері: жаңа пьесалармен танысып, оқып орындау; өткен шығармаларды қайталау; жаңа шығармаларды өз бетімен шығару; гамма, жаттығу, этюдтермен жұмыстану, яғни оқу-жәрдемелік материалдармен жұмыстану; қазақтың халық аспаптарының шығу тарихымен таныстыру; қазақ халық аспаптары оркестрінің дүниеге келуімен, әр кезеңдегі жетілдіріп отыру тәжірибесімен таныстыру; қазақтың халық аспаптарында орындаудың жеке және ансамбльдік дамуының тарихи кезеңдері; танымал аса көрнекті орындаушы-музыканттардың орындаушылық стилі мен қағидаларын меңгеру. «Мамандық» пәнін өткен оқушы төмендегідей талаптарды білуі шарт: қобыз аспабында ойнаудың алғашқы және негізгі міндеті – аппликатура мен штрихпен жұмыс жасау шеберліктерін білу; дыбыс шығарудың тәсілдерін меңгеру; шағын және ірі көлемді шығармалармен жұмыс жасай білу; өз бетімен жұмыс жасай ала білу; ансамбль, оркестрде орындаушы ретінде жұмыс жасай білу ерекшеліктерін меңгеру; дәстүрлі орындау өнерінің шығу тарихы мен даму кезеңін меңгере білу; танымал аса көрнекті орындаушы-музыканттардың орындаушылық стилі мен қағидаларын меңгере отырып оны талдай білу, солардың үлгілерімен жұмыс істей білу; қобыз репертуарларының кезеңімен таныс болу.

Қобыз тартуды үйрету әдістері Музыка мектептерінің қобыз сыныбына оқушылар қабылдауда ең алдымен қойылатын талап – баланың дарынын, музыкаға деген ынтасын, есту қабілетін бұрын тыңдап көрмеген жаңа әуенді есте сақтап, дәл жеткізіп қайталап беру, оның ырғағын сезіне білу мүмкіндіктерін жете тексеру. Баланың дене құрлысына, әсіресе саусақтарымен қол буындарының қимылдау ерекшеліктеріне де назар аудару қажет. Арнаулы мамандық (қобыз) бойынша сабақ беретін оқытушы ұстаз алғашқы сабақтарда әр оқушының мінез-құлық ерекшеліктерін бақылап, олардың ынтасын, белсенділігін арттырып, ой-қиялын ұштап отыруы тиіс. Ол үшін өнерге байланысты әр түрлі тақырыпта, әсіресе қазақтың ұлттық музыка өнері жайында тартымды мағлұматтар беріп, таныстырған жөн.

Халық музыка аспаптар жөнінде кеңірек тоқталып, олардың сыртқы құрлысы,

дыбыс ерекшеліктері мен тартып, ойнау тәсілдерін де көрсетуге болады. Ысқыштың ұзына бойының барлық тұсымен бір дыбыс шығару үшін мынаны ескерген жөн: ішекті ысқыштың түбімен тартқанда қолды көтеріңкіреп оның салмағын жеңілдетеді, ұшымен ойнағанда ысқыштың таяғын сұқ саусақпен аздап басу қажет. Ішекке ысқыштың қылы толық тимейтіндей етіп, таяқты қобыздың мойнына қарай аз ғана қисайтып ұстайды. Аспаптан әдемі таза дыбыс шығара білу орындаушыға керекті музыкалық шығарманы әсем де көркем ойнаудың негізгі шарттарының бірі.

Музыкалық шығарманы мәнерлі орындау үшін ең жоғары сапалы дыбыс шығаруды меңгеруі керек, ол музыканың мәнерлік негізі болып табылады. Көркемдік сапалы, толыққанды дыбыс деп – таза, еш шуылсыз, жұмсақ, толық, сазды, түр-түске бай дыбысты айтады. Мәлдір, таза сазды дыбыс шығару үшін ысқышты тиекке қатар (параллельно), ішектің бір нүктесінде ғана жүргізіп ойнау қажет. Әдемі дыбыс алу өнері музыканттың көп жылдық еңбегі арқасында қалыптасады және музыкалық есту қабілетінің, шеберлік ширақтығының, аспаптан дыбыс шығарудың тәсілдерін меңгерудің, сондай-ақ оқушының аспапқа икемделе білу қасиеті – сапалы дыбыс шығару үшін талап етіледі. Сол қол саусақтарын ішек басуға жаттықтыру, қобыз ойнауды үйренудегі басты, күрделі жұмыстардың бірі. Өйткені барлық позицияда сол қол саусақтарының ішек басуға икемді, оңтайлы болуы, позициядан позицияға жұмсақ жеңіл көшуі болашақта аспапты жақсы меңгерудің бірден-бір жолы.

Әр аспаптың табиғатына байланысты сол қол саусақтарымен дыбыс шығару тәсілі қалыптасады. Ол аспаптың үлкендігіне, ішектің санына, аспаптың бұрауына, дыбыс шығару әдісіне байланысты болады. Қобызда ойнағанда сол қол саусақтарын ішекке жеңіл қоя салмай салмақпен, жігермен басу қажет. Жаттығулар ойнағанда саусақты өте жоғары көтеріп алмай және саусақпен ішекті соқпай ойнау керек. Қобызда ойнай бастағанда бас бармақты күш салып қобыздың мойнына жабыстырып алу дұрыс емес. Бас бармақтың әр уақытта емін-еркін қозғалуы қобызда шебер ойнау мүмкіндігін арттырады. Ішекті басып дыбыс шығаруда буынмен және сол қолдың барлық салмағымен белгілі дәрежеде күш жұмсалады. Бұл жағдайда еске сақтайтын негізгі міндет ішектің аспапқа керілгендегі қаттылығын, одан шығатын дыбыстың мөлшерін дұрыс сезініп, соған лайықтап салмақ түсіріп, күш жұмсалуы керек.

Қысқаша айтқанда, қобызда ойнағанда сол қолдың негізгі екі міндеті бар: бірінші, таза дыбыс шығару, екінші, тербеу арқылы жоғарғы сапалы, әндеткен, әсем, жұмсақ құлаққа жағымды дыбыс шығару. Динамика (гр: *dinamikos* — күшейту) – дыбыс күшін азайту немесе арттыру дәрежесі. Шығарманың мазмұны мен табиғи болмысы, орындаушылық ерекшеліктері мен дыбысты күшейту немесе азайту дәрежесі динамика белгілері арқылы көрсетіледі. «Біздің болашағымыз – келешек ұрпақтың қолында, келешек ұрпақтың тағдыры – мұғалімнің қолында» деп Елбасымыз айтқандай, біздің болашағымыз – осы өскелең ұрпақ қолында. Осы ұрпаққа білім мен тәрбие беруде қосымша білім беру мекемелерінің алатын орны ерекше. Осындай мекемелер көбейіп, рухани жаңғыру идеясын іске асыру барысында дарынды жастарды нақты жолға салып, уақыт жылдамдығын тиімді пайдаланса жастарымыз биік белестерге шығып, алдыңғы қатардан көрінері сөзсіз.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Раева Бахытгул Абдыкадырқызы,
Алматы облысы, Райымбек ауданы,
Қарасаз ауылындағы өнер мектебінің директоры



Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі-бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі. Олардың Отан сүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамгершілік қадір қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру-үлкен қажеттілік екендігін елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы үнемі еске салады.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндетінің ерекше аталуы біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдейді. Оның үстіне қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және

атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен руханилық мәселелерімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі біздің мәселеміздің өзектілігін арттыра түседі. Өйткені, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық сатысында зерттеу нысаны болып отырғаны баршаға белгілі. Рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары бар. Бүгінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, қосымша білім беру оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді.

Рухани тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді

сіндіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Осы мақсатта Қарасаз өнер мектебіндегі оқушылардың адамгершілік сана-сезімін оятып, жағымды мінез-құлқын қалыптастыруда «Музыка», «Сәндік қолданбалы өнер», «Көркемсурет» бөлімдері, яғни үш бағыт бойынша жұмыс жасаймыз.

Қосымша білім беру орындары баланың ақыл-ой деңгейінің дамуында, мүдделерін қанағаттандыруда, кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетінің артуында, жасөспірімдерді тәрбиелеуде үлкен орын алады.

Балалар мектептен тыс білім беру орындарын өздері еркін таңдайды. Қосымша білім беру орындары балалардың отбасында, басқа орындарда олардың тәлім-тәрбиесін алдарына қойған мақсаттарына сәйкестендіре, жаңа әдістерді пайдалана отырып тереңдете түсуі қажет.

Қосымша білім беру орындарында үш түрлі мақсат көзделеді. Олар:

- Үйрету;
- Шығармашылық өсулеріне жағдай жасау;
- Өз мүмкіндігін дұрыс пайдалануына көмектесу.

Мектептегі оқу үрдісі қосымша білім беру ұйымдарынан мынадай негізгі екі категориялармен, атап айтқанда «үйренуші топ» және «тәрбие жұмысының формалары мен әдістері» бойынша ерекшеленеді. Оған негіз мектепте оқушылар бір жастағы балалар бір сыныпқа топтасса, қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде «балалар өз ерік қалауында белгілі бір үйренуші топқа» шоғырланады.

Қосымша білім беру ұйымдарының өз алдына қойған міндеттері бар, олар:

- Білім берудің балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша дамыту бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
- жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін дамыту;
- азаматтық пен елжандылыққа, өз отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Жанұядағы тәрбие талапқа сай жүргізілмесе, онда тәрбие сыңар жақ болуы ғажап емес. Сондықтан да мектептен тыс мекемедегі білім беру үрдісінің мазмұны қосымша білім беру ұйымының педагогтары, балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының мақсаты мен міндеттерін және мазмұны мен әдістерін анықтау арқылы жүзеге асады.

Педагог, оқушы, ата-аналар арасындағы келісімді ықпал ғана бала тәрбиесін ойлаған жерден шығармақ.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

- Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отырудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

- педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым-қатынас жасауы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланыста болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

- балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе бірінғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

- балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандырады;

- білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйретеді;
- балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйретеді;
- өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді;
- жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйретеді;
- баланың дамуы мен дербес сана-сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Қорыта айтқанда, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогына сенеді. Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс. Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге ат салысу, оған аса мән беру – қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс.

ВЫШИВКА УКРАШЕНИЙ ИЗ БУСИН

Староверова Дина Валентиновна,
педагог дополнительного образования Центра детского творчества
г. Текели Алматинской области

Цель: создание украшения «брошь» для повседневной носки.

Задачи:

Образовательные: ознакомление с особенностями работы обработки фетра для основы, канители для обретения контуров; овладения техникой вышивки бусинами.

Развивающие: развитие творческого воображения, способностей и навыков в работе при создании броши; интерес к украшениям ручной работы; развитие мелкой моторики рук; развитие эстетического вкуса.

Воспитывающие: воспитывать у учащихся аккуратность и внимательность, научить усидчивости, умению слушать и слышать; обучение последственности работы.

Оборудование к уроку: Фетр, канитель, моно нить, бусины различного диаметра, бисер, иголка, кожа для обработки, булавки, пайетки.

Ход урока:

Организационный момент 2-3 мин. (проверка готовности к уроку, отсутствующие учащиеся).

Актуализация знаний и умений учащихся. Мотивация к учебной деятельности. 8-10мин.

Педагог ставит задачу:

Сегодня мы начнем урок с просмотров аналоговых работ. Обратите внимание на выставочный материал и ответьте на такой вопрос: «Ребята, что объединяет все эти изделия?» (ответы)

Совершенно верно. Это все изделия «украшения ручной работы».

А если вас спросят: «Ребята, а что такое для вас украшения ручной работы?» Как вы

сможете объяснить это? (ответы)

А какие еще виды украшений ручной работы вы знаете? (ответы)

А сейчас, для вас новое задание: у вас на столах лежат картинки. Ваша задача – распределить картинки по группам и рассказать о каждом виде украшения ручной работы.

Этап проверки понимания урока. 5-10 мин.

Педагог: Что объединяют все виды украшений? (Все виды украшений объединяют использованные материалы и принадлежность к украшению. Фраза «ручная работа» означает, что вещи сделаны исключительно ручным трудом.

Есть поговорка: «Рукам работа – душе праздник». Как вы понимаете эти слова?

После ознакомления с видами украшений, я считаю, что у нас с вами появилось желание сотворить что-то своими руками. И сегодня у нас с вами такая возможность появилась.

Этап практической работы (25-30 мин.)

Изготовление эскиза броши.

Самостоятельное воспроизведение новых знаний и практических умений.

Ход выполнения изделия:

Из представленных украшений, выбрать брошь для себя.

На фетр переносим рисунок броши, обшиваем канителью, и можно начинать обшивать бусинами.

На завершающем этапе работы обрабатываем заднюю часть броши кожей.

Самостоятельная работа. (выполняют работу под музыку)

Рефлексия учебной деятельности.

Ученики оценивают собственную работу на уроке.

Презентация готовых изделий – броши.

Выставка работ. (защита своей работы учениками, выставление оценок)

Заключительный этап.

Огромное вам спасибо за занятие, вы прекрасные мастера. Я, считаю, что мы отлично справились с заданием.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОБЫЗШЫ ҮҚЫЛАС КҮІЛЕРІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУ

**Танибергенова Айымжан Карипжанқызы,
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Сағабүйен балалар саз мектебі
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары**



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлттық кеңестің отырысындағы сөзінде «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс». Мұның ар жағында қоғамдық сананың қалыптасуы, ұрпақ тәрбиесі секілді үлкен міндеттер жатыр. [1,33б] Республикалық қобызшылар байқауы өтеді. Қобызшыларды түрлі мәдени шараларға шақырып жатады. Оқу орындары қобызшылар дайындап жатыр. Дегенмен әріге үңіліп, тереңірек зерттеуді қолға алып жатқандар жоқтың қасы. Әлкей Марғұлан былай деп жазып кетіпті: «Қорқытпен байланысты қазақтың күй-аңыздары – мәдениет мұрасының ең күрделі түрінің бірі. Бірақ олардың терең сырларының көбі әліашылмаған». Қорқыт пен қобыз – егіз ұғым. Қобыздың көп құпиясына үңілуге Әлкей Марғұлан заманында мүмкіндік болмаған болса, ал қазір ол мүмкіндікті пайдалануға асықпай отырмыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты білім мен тәрбие

беру жүйесінде де мол өзгерістер туындап отыр. «2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырамдамасы ұсынылып «Мәдени мұра» бағдарламасы талқыланып жатқан тұста мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі тәрбиеге жаңа көз қараспен карау қажеттілігі туындады.

Сондықтан да ХХІ ғасырдың басына жаһандану мен ұлттық тенденциялардың бірлігімен күресі, үйлесімі мен текетіресі елдің, ұлттық жеке адамның адамгершілік қасиет сапаларын, ар-намысын жаңа қырынан саралауды талап етіп отыр. Әрбір тарихи кезең халық санасында белгілі бір із қалдырып, олардың тағдырына елеулі ықпал етіп отырған. Осыған орай, халқымызда «Заманына қарай адамы»-деген асыл сөз бар. Қоғамның дамуы адамның мінез-құлқына сана-сезіммен ойлау өрісіне, өзін-өзі танып білуге баулиды. Сонымен қобыз – таң қаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап.

Қобыз екі шекті 40-қа тарта аттың ұзын қылы керілген ысқышы бар аспап. Қылқобыз аталуы дағасыдан болар. Қобыз үнінің төмендеп қайта жоғарылап дыбыс шығаруы – шектеріне саусақтың ұшын ғана тигізіп, сәл ғана басып шертіп, керілген қылды ысқышпен үйкеп ысқылап тарту арқылы ысқышты аспапқа «іліп қойғандай» етіп көлденең ұстап ысқылап сүйкеп-сүйкеп көсеп-көсеп жібергенде флажолетті обертонды қою-қошқыл сазды мұңлы болып шығады. Біреулер оны құс даусына ұқсатады: «Оның дауысы аспаптың шегін аттың жалынан керілген қылдан тартылған еспе ысқышпен үйкелегенде аққудың үніне ұқсас дауыс шығады» - дейді (П. Паллас). Енді біреулер қобыз үнін адам даусына ұқсатады (Б. Сарыбаев) ащы, зарлы, өксікті үн шығарады деген де пікірайтады (И. Гмелин). Қобыз дәстүрі қазақ аспаптық музыка мәдениетінде ерекше орын алады. Мыңдаған жылдар бойы халық қобыз аспабын киелі аспап деп санаған.

Оны құдіретті күшке балаған.

Қобыз дәстүрі шаман дінінің және осы дін өкілдері бақсылардың пайда болу процесімен тығыз байланысты болып қобыз аспабы бақсының зікір салу күнде тілдесіп отыратын негізгі құрамына айналды. Қобыз аспабының тарихы тек қана бақсылық дәстүрмен тек келмейді. Ол бақсы дәстүрімен қатар жыраулар шығармашылығынан үлкен орын алады. Ұрыс алдында қолына қобыз алып аруақтарын шақырып жауынгерлерді жебеп отырған. Ұрыстың ақырын болжаған. Бірқатар қобыз күйлеріне қасқырдың ұлуы, аққудың саңқылы, мылтықтың дыбысы, аттың шабысы сияқты түрлі дыбыстарға еліктеу тән. Солардың арасынан Ықыластың шығармалары және біраз халық күйшілері жазылып алынды.

Қазіргі қобызда орындалып жүрген күйлер үлкен қобыз дәстүрінің бір ғана бөлшегі жұрнағы екені сөзсіз. Бізге жеткен қобыз күйлері халқымыздың дәстүрлі мәдениетімізбен тарихи тағдырымыздың топырласып жатыр. Қобыз шығармашылығының тағы бір тобы – эпикалық тақырыпқа арналған күйлер. Бұл күйлер шағын-шағын бірнеше бөлімнен тұрады. Қазіргі өміріміздегі сапырылысып қайнаған дәстүрлі мәдениетіміздің бұл тарихына әсерін тигізген. Осы бір үлкен өнердің соңғы буын өкілдері қобызды үрім бұтағына табысетіп, көздерінің қарашығындай сақтайды. Ұмытыла бастаған өнерді зерттеп, оның бар қасиет тағдырын халыққа жеткізе білу, сыр-сипатын көрсету өскелең ұрпақ үшін үйкеліс ырғақты парыз болып табылады. Қобыздың саз аспабы ретінде тағдыры тайғақ, жолы тар, қиын-қыстау болды. Бұл аспап қазақ халқының тарихи-этникалық мәдениетінің көне көзі, рухани қазына мүлкі, эпостық және аспаптық музыкалық өнерін күні бүгінге дейін сақтап жеткізуші ұлттық мұра бола тұра, ол өзіне деген кертартпаескілікті көзқарастан арылмай ақталмай-ақ қойды.

«Әу бастан-ақ қобыз бақсының, бақсылық жасаудың құралы деген пікір қалыптасқан болатын. Сондай бір түсінбеушіліктің кесірінен қобыз жаңа заман көшінеілесалмай ескіліктің қалдығы саналып жоғалып, жойылып кетудің алдында қалды деген» - А. Затаевич. Осының салдарынан ХХ ғ. басында қобыз аспабына арналып шығармалар жазылмай сиреп ұмытыла бастады. «Әкеден балаға мұра» болып келе жатқан қасиетті өнеріміз, ұлттық салт-санамыз, отбасылық қобызшылық дәстүріміз үзіліп қалды. Классикалық қобыз музыкасының аты аңызғаайналған ең соңғы хас шебері ХІХ ғ. ортасында дүниеге келген Ықылас Дүкенұлы. Ықыластың аталары қобыз қасиетімен сиқырлы үніне мейліншесенген. Ықыластың әкесі Дүкен бойындағы бар өнерін ұлына дарытуға тырысты. Бірақ Ықылас бақсылығы дәстүрлі кумай, күйшілік өнердің жолына түсті. Ықыласоны халықтың қуанышы мен сүйініші қайғысы мен күйініші болатын аспапқаайналды. Ықыласшығармашылығыаспапты музыкалық желіден қалыптасқан

дәстүрмен тағдырмен таласқан «Шыңырау» мен «Жезкиік» күйлеріел бірлігіне құрмет «Қамбар» мен «Қазақ» эпикалық дәстүрімен сабақтасып жатыр. «Кертолғау» мен «Қоңыр» аспаптық музыкада қалыптасқан осы аттас жанрларда шығарылды. «Ерден» мен «Аруақтың» күйіқалықтау дәстүріндегі күйлері болып табылады. Ықылас шығармаларындағы күй ритмдерімен сазын ортақтығы оның шығармашылығының стильдік біртұтастығын көрсетеді. Ықылас жаңа қобыздың мүмкіндіктерін аша түсті. Аспаптық ойнау тәсілдерін айтарлықтай дамытты. «Делде Коркут» кітабын зерттеген оның көп ғасырларішінде үздіксіз айтылып келе жатқан көрнектісөздерін қазақпен түркімен арасынан айқындап шыққан елеулі ғалымдар жоғарғыда көрсетілген қыл қобыз - ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын, күрделіаспап. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екіішектісімен бірге - үш, төрт ішектілер және «нар қобыз», «жез қобыз» деп аталатын түрлері де бар. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек. Ерте заманда қобызды тек бақсы-балгерлер ғана ұстаған. Халық аңызында қобыздың пайда болуы Қорқыт атаесімімен тығыз байланысты екені дейтылады. Халықтың ән-күйін, жыр-толғауын, терме желдірмесін тағы басқа өлеңдерін қарастыру. Онда тұрмыс-салт өлеңдеріне білім тарихи оқиғаадамға заман ағымына байланысты құбылыстардаам арасындағы қарым-қатынас тәрбие этикет мәселесі таным көрініс табады және көрініс тауып қана қоймай, сол ән-күй, жыр-толғау, терме, желдірмелер ананы ардақтап, үлкенді құрметтеп, әдептілікті сүйеге, адамгершілікке, парасаттылыққа, кішіпейілділікке, ізгілікке, батылдыққа, ерлікке, жігерлі болуға қуанышқа-қуаныш, қағыға-қайғыра білуге тәрбиелейді.

Дүкенұлы Ықыластың туып өскен жері Жезқазған облысының Жанарқа ауданы, қобызшының әкесі Дүкенде, оның әкесі Алтын да қобызшы адамдар. Қобызшы атамыздың күйлері: «Аққу», «Асан Қайғы», «Жезкиік» және тағы басқа. Ықылас 1843 жылы жетіатасынан қобызшылар әулетіатанған Дүкен қобызшының от басында дүниеге келеді. Ықыластың әкесі Дүкен оның әкелері де және балалары Түсіпбек, Ақынбай қазаққа белгілі қобызшы болған адамдар. Жасы 15-ке келген Ықылас қобызды толық меңгереді. Әкесінен үйренген халық күйлерін, Қорқыттың күйлерін нақышына келтіріп орындайды. Ұшқан құс, жүгірген аң, аққан су, соққан жел осының бәрі Ықыластың сезімін оятып енді қобызғаарнап күйлер шығара бастайды.Ықылас өнерін әрі қарай дамытқан шәкірттерінен Түсіпбек, Әбікей, Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаев Ықылас өнерін біздің заманымызға өзгертпей жеткізіп қобызды өзінен кейінгі ұрпаққа үйретіп кетті. Ықылас «Жез киік» Ықыластың орындаушылық және куйшілік шеберлігі шыңдалған шағында шығарған күйінің бірі – «Жез киік». «Жез киік» - даланың ерке, сұлу аңы.

Ол туралы халық аузында нешеалуан аңыз да, ертегі де көп. Жез киік алтындай жалтылдап, күнге шағылысқан көркінің арқасында мергеннің көзін тайдырып, үнеміоқтан аман қалады екен. Кейін мергендероны киелі жануарсанап, айтпайтын болған. Міне, осы сұлу аңға Ықылас «Жез киік» атты күй арнаған.Ықылас дарынының кемелденген шағында дүниеге келген шығармасының бірі – «Қазан» күйі. Бұл күйді қобызшы қобызшы көбіне «Қазан сүргісі» немесе «Қазан жорығы» деп тартқан екен. Татарлардың Қазан қаласын жау шапқыншылықпен басып алады. Сонда қазақтың Шора деген батыры қол жинап, Қазанды азат етпекші болады. Ауыл ақсақалдары, қадірменді қариялар батырға: «Батыреке, алған бетіңізден қайтыңыз, ол жақта күн райы өте қолайсыз көрінеді. Орал тауларын қар басып қалыпты, күнде үскірік боран болады екен. Босқасуыққа ұрынасыздар», - деп тоқтау айтады. Күйде ми дыбысынан соль дыбысына дейінгі аралық глиссандо және флажолетамен орындалады. Мұндағы флажолеталармен әсерленген жерлер құстың шыдамсызданғанын, балапандардың шырылдағанын көзгеелестетеді. Ықылас «Айрауықтың ащы күйі» бұл әуелде Тайлақ деген батырдың сыбызғыда тартқан күйі екен. Күйдің шығу тарихы былайшасыр шертеді. Тайлақ батырлығыменқатар шебер сыбызғышы болған адам екен. Батырдың қартайған шағында жау бір үйір жылқысын айдап әкетеді. Тайлақтың Секер және Барақ атты егіз ұлы малды қайтармақ болып жаудың артынан қуады. Шайқаста Барақ жау қолынан каза табады.

Ата-бабаларымыз музыканың құдіретті күшін ежелден сезген, оны жақсы жағына пайдалана білген. Әсіресе, қобыздың қасиетіерекше - оның үніадамның ішкі әлеміне,

туа бітті дыбысына өте жақын. Қобыз үніадамның қанын тазартады, адам бойындағы өмірге деген құштарлықты оятады. Ата-бабаларымыз осыны жақсы түсінген. Бірақ беріде бақсыларды жексұрын, құбыжық етіп көрсетуге тырысқан саясат қобызды бізден барыншаалыстатып, оның құдіретті күшін тек аңыз, ертегіретінде қабылдайтын болдық. Өйткені қобыз - қазақ рухының жебеушісі. Тереңірек үңіліп, ой жіберіп қараған адам түсінереді: қобыздың тағдыры - қазақтың тағдыры. 1993 жыл, қазан айы, Сарысу жерінде қазақ өнерінің жарық жұлдызы қобыз аспабының пірі - ұлы композитор Ықылас Дүкенұлының 150 жылдық тойын үкімет қаулысымен бүкіл ел болып тойлады. Сол кездегі Жамбыл облысының әкімі Өмірбек Байгелді, Сарысу ауданының әкімі Әбдіманап Көпбергенов, қазақ өнері, әдебиеті және мәдениетінің көрнекті қайраткерлері Әбіш Кекілбаев, Асанәлі Әшімов, Илья Жақанов Ықыласатындағы музейдің директоры Избасар Балтағұлов Ықыластың тарихтағы алатын орны, өнері, қобызы, оның ұлы ұстаздары мен избасарлары, шығарған күйлерінің құдіреті туралы тереңнен ой қозғап, сөз сөйледі.


Алматы қаласындағы аспаптар мұражайы Ықылас атымен аталатын болды. Аудан орталығындағы музыка мектебіне, «Шығанақ» кеңшарына Ықылас есімі берілді. Осының бәрі – біріншіден, халқымыздың ірі тұлғасы алдында бас иіп, ұлы бабаға жасалған ұрпақ парызы десек, екіншіден, егемен ел болып өшкеніміз тұтанып жатқандағы халқымыздың еңсесі көтеріліп, болашаққа деген үміттің артқандағы еліміздің қуанышы еді.

ДОМБЫРА АСПАБЫН ҮЙРЕТУДЕГІ БАСТАПҚЫ ҚАДАМДАР


Темирова Қаламқас Нуртаевна,
Алматы облысы, Көксу ауданы, Өнер мектебінің домбыра сыныбы
бойынша қосымша білім беру педагогі

Сабақ жоспары

Сабақтың тақырыбы	Домбыра аспабын үйретудегі бастапқы қадамдар
Сабақтың мақсаты	Оқушыға домбыра аспабын үйретудегі бастапқы қадамдарын түсіндіре отырып орындаушының аспапта отырысын, екі қолдың қойылымының дұрыс қалыптасуын және музыкалық сауаттылықтың маңыздылығын түсіндіру.
Дамытушылығы	1. Оқушы жасына, қабілетіне қарай аспапты меңгере біледі. 2. Есте сақтау қабілеті және ырғақтық сезімі дамиды. 3. Жаттығуларды орындау арқылы техникалық орындаушылық шеберлігі дамиды. 4. Аспапқа және музыкаға деген қызығушылығы артады.
Пәнаралық байланыс	Топтық және пән аралық байланыс: 1. Музыка 2. Педагогика 3. Психология 4. Математика 5. Дене шынықтыру

Сабақтың көрнекілігі	Слайдтар Домбыра Оқулықтар Ноталар	
Сабақ әдіс-тәсілдер:	Аспапта ойнау әдіс-тәсілдерін нота жаттау сауаттылығын дәстүрлі және ойын түрінде жеткізу, үйрету.	
Сабақ барысы	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>1. Сәлемдесу</p> <p>II. Домбыра аспабын таныстыру және оның құрылысы</p> <p>1. Аспапты дұрыс ұстап отыру әдісі</p> <p>2. Оң қолдың ұстануы және алма кезек қағыс үйрету</p> <p>3. Сол қолдың ұстануы және саусақтарды пернеге басып ойнауға арналған жаттығулар</p> <p>III. Сергіту сәті</p> <p>1. Дене мүшелеріне жаттығулар жасату</p> <p>IV. Нота сауаттылығы</p> <p>1. I-II- октава</p> <p>Жаңа тақырып. Халық әні туралы түсінік. Қазақ халық әні «Еркем-ай». Санап талдау.</p> <p>V. Сұрақ – жауап топпен жұмыс</p> <p>VI. Қорытындылау Үй тапсырмасы</p>	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері:		
	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу.</p> <p>2. Үй тапсырмасын тексеру Ақтілек ең бірінші өткен сабақтан бастап қайталап есімізге түсірейік. Оқушы алғаш сабаққа келгенде домбыра аспабын ойнау білмейді. Біз бірінші аспаппен таныстырамыз. Аспаптың құрылысы: басы, екі құлағы, кіші тиек, мойыны, 19-перне, екі ішегі, шанағы, бет қақпағы, қақпақ қорғаны</p>	


	<p>дыбыс шығарғыш ойық, үлкен тиек, түйме. Таныстырып болған соң, оқушыны жас ерекшелігіне, дене бітіміне қарай ыңғайлы орындыққа отырғызамыз. Қойылым дегеніміз не? Музыка аспабын тарту кезіндегі, орындаушының бүкіл денесінің бітімі, қолдарымен саусақтарының дұрыс қалыптасып, орналасуын айтамыз. Домбыра ұстап отырған кезде екі иық төменне жоғары көтерілмей, бір деңгейде бос тұрғаны дұрыс. Егер аспапты дұрыс ұстап отыруын қадағаламасақ: мойын, арқа, бел омыртқасының қисаюы, иық қолдарының ауруы, оқушының денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін.</p>	
	<p>Оң қол қойылымы. Домбыра тартып үйрену әуелі ашық ішектегі ашық резоль ішегінде қағыс тартып үйретеміз. Қағыс дегеніміз не? Қолдың қимылымен дыбыс шығару тәсілін айтамыз. Оң қолдың білезік буынын сәл иіп, саусақтарды шашыратпай жинақтап, саусақпен төмен, бас бармақпен жоғары қағамыз. Бұл қағысты алма-кезек қағысы дейді. Перне басып ойнау. Оқушы қағысты біраз жаттықаннан кейін, сол қол саусақтарымен перне басып үйренеді. Сол қол саусақтарын домбыра мойнына бас бармақпен саусақтарды шашыратпай, перне үстіне қаз қатар әдемілеп орналастырамыз. 1-ші саусақты ля пернесіне басып төмен- жоғары қағыс тартамыз.</p>	

	<p>Қалған саусақтарды ш а ш ы р а т п а й қойылымдылық қалпын сақтап ойнаймыз. Саусақтарды кезегімен пернеден пернеге ауысарда сәл босатып, ішекті бойлай сырғыта жылжыту қажет. Осы жаттығуды соңғы пернедегі ре нотасына дейін ойнатамыз, және кері қарай бастапқы ля нотасына келеміз.</p>  <p>Қолдың әрлі берлі қозғалысы кезінде иық, шынтақ буындарын жоғары не төмен көтермей білезік буынын бүкпей, алақанды домбыра мойнына тигізбей ұстағаны жөн. Осы жаттығу техниканың өсуінің бірден бір жолы боп табылады. Мектепке табиғи дарынды, сабақ үлгерімі бірдей екі оқушы болмайды. Сондықтан да оқушыны жүйелі түрде, оқытып үйрету үшін, олардың жас айырмашылықтарымен қатар, өзіндік ерекшеліктерінде ескере отырған дұрыс. Аспапқа қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты дәстүрлі және ойын түрінде өткіземін. Домбыра аспабын үйретумен қатар, нота сауаттылығын бірге алып жүремін.</p>	
--	--	--

Нота дегеніміз не?
Оқушыға түсінікті болу үшін,
мен музыканың әрпі деймін.
Музыкада 7 нота бар. Ол
до,ре,ми,фа,соль,ля,си,до.




Ноталар 5 сызықта нота
желісінде жазылады.



Домбыраның мойындағы
ноталар I октаваның ре
нотасымен III октаваның
ре нотасы аралығында
жазылады.

Оқушы нотаны бір жеті
жаттаса ойын түрінде сол
сабақта жаттап алады.

Нота жаттау әдістері: I
октаваның ноталарын
сызықтағыны және
сызықтардың ортасындағы
орналасқан ноталарды
бөлек-бөлек жазып аламыз.



Ол сызықтағы: ми, соль, си, ортадағы: фа-ля, до 1-сызықтың астында до қосымша сызықтар, ре сызығы жоқ деп жатталады. Бірінші сызықтың астында до қосымша сызықта, ре сызығы жоқ деп жатталады. Оқушыға бірнеше рет қайталатып айттырамыз. Ойын түрінде:

1). 5-сызықтағы орналасқан ноталарды алақанымызды ашып, 5 саусаққа түсіріп жазып көрсетем. Кішкентай саусақты - 1ші сызық деп аламыз. Саусақтағы ноталар: ми, соль, си, ре, фа. Саусақтың ортасындағы: фа, ля, до, ми.

2). 2-ші ойын түрі: ноталарға адамдардың есімін қою арқылы үйретемін, және қай сызықта тұрады деп сұраймын. Мысалы: фа-Фархад, ля-Ляззат, до-Досжан, ре-Ренат, ми-Мира т.т. Бұл ойын түрінде қызықты және тез жаттап алады.



Келесі сабақтарда оқушыға нота түрлері, ұзақтығы, саналуы, өлшемі үйретіле береді.

